




Аумалы-төкпелі жағдайдағы орнықты даму

«Қазхром» ТҰК» АҚ
2022 ЖЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП



«Қазхром» ТҰК» АҚ – бұл бірегей ресурс базасы бар және әлемдегі ең ірі жоғары көміртекті феррохром өндірушілердің бірі әрі интеграцияланған компания.

БІЗДІҢ ПАЙЫМЫМЫЗ

Табиғи ресурстар саласындағы халықаралық, орнықты, әлеуметтік жауапты және тиімді компания.

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ

Өзіміз атқаратын істе үздік болу.

Өзіміз айналысатын істе үздік болу.

Құндылықтарымызға адалдықты сақтай отырып, әлеммен бірге даму.

Жер мен адамзаттың потенциалын ұқыпты игере отырып, бізге сенім артқандардың гүлденуін қамтамасыз ету.

Толымды ақпарат
www.kazchrome.com
сайтында

НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

4,829 мың тонна
Хром кенін өндіру

1,708 мың тонна
Ферроқорытпа өндірісі

1,489 мың тонна
Ферроқорытпаларды сату көлемі

КҮРДЕЛІ ШЫҒЫНДАР

670 млрд теңге
EBITDA

1,289 млрд теңге
Түсім

154 млрд теңге
Күрделі шығындар

ОРНЫҚТЫ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

4,528 мың тонна
CO₂ шығарындылары

12,226 ГВт.сағ
Энергия тұтыну

24 млн м³
Су тұтыну

03 Шолу

05 Басшылықтың үндеуі

05 Директорлар кеңесі
Төрағасының үндеуі
07 Президенттің үндеуі

09 Компания туралы

11 Жалпы сипаттама
13 Стейкхолдерлердің ауқымды ортасына құндылық құру
15 Бизнес-модель
16 Қызмет нәтижелері

17 Нарыққа шолу

19 Макроэкономикалық жағдай
21 Сұраныс пен ұсыныс нарығына шолу, Феррохром бағасы

23 Стратегияға шолу

25 Оңтайландыру және өсім бастамалары

27 Операциялық нәтижелерге шолу

29 Өнім, өткізім, маркетинг және тұтынушылар
31 Резервтер мен ресурстар

35 Қаржылық шолу

37 Қаржылық шолу
37 Пайда немесе залал туралы есеп
39 Ағымдағы борыштық міндеттемелер

41 Тәуекелдерді басқару

43 Тәуекелдерді басқару жүйесі
43 Негізгі тәуекелдер және оларды басқару

49 Орнықты дамуға шолу

53 Денсаулық және өндіріс қауіпсіздігі
59 Персоналды басқару
67 Экология саласындағы тиімді басқару
77 Жергілікті қоғамдастықтарды дамыту және олардың әл-ауқаты
81 Әдеп және комплаенс

85 Әдеп және комплаенс

87 Акционерлік капитал және акционерлер
87 Еншілес және тәуелді компаниялар
89 Басқару органдарының құрылымы
93 Негізгі басшылар командасы
98 Деректердің анықтығы туралы мәлімдеме

99 Қаржылық есептілік

101 Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі
111 Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс
112 Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп
113 Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп
114 Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп
115 Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер

149 Қосымшалар

149 1-қосымша: Компанияның ұйымдық құрылымы
150 2-қосымша: Глоссарий

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі



33

2022 жылы бүкіл Қазхром ұжымының тиімді жұмысы ең күрделі міндеттерді ойдағыдай атқарып, сыртқы, ең алдымен, геосаяси жағдайдың өзгеруіне икемделуге мүмкіндік берді.



Құрметті әріптестер мен серіктестер!

2022 жылы бүкіл Қазхром ұжымының тиімді жұмысы ең күрделі міндеттерді ойдағыдай атқарып, сыртқы, ең алдымен, геосаяси жағдайдың өзгеруіне икемделуге мүмкіндік берді. Жедел қабылданған басқарушылық шешімдер шығындарды барынша азайтуға, шикізат жеткізілімдерін қайта қарауға, логистикалық тізбектерді қайта бөлуге мүмкіндік берді, бұл кәсіпорындардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге және даму бағытын жалғастыруға мүмкіндік берді. Қазхром Еуропа, Жапония, АҚШ және әлемнің басқа да елдеріне сенімді ферроқорытпа өндірушінің көпжылдық мәртебесін тағы бір мәрте растады.

Біз Қазақстандағы сала көшбасшысының позициясын сақтап қалып, кез келген ішкі және сыртқы өзгерістерге дайын, барынша икемді өнеркәсіптік компания болуды жалғастырып келеміз. Тиімділік, жылдамдық және өсу бағытын жалғастыра отырып, ERG (оның құрамына Қазхром кіреді) бизнес-процестерді оңтайландыруға және басқарушылық ұтқырлықты арттыруға бағытталған Компанияның ауқымды трансформациясын қолға алып жатыр.

Бұл ретте біз үшін негізгі басымдық қызметкерлеріміздің қауіпсіздігі мен денсаулығы болып табылады. 2022 жыл «Қауіпсіздік жылы» аясында өтті. Біз өнеркәсіп алаңдарында жарақаттануды мүлдем болдырмауға ұмтылып, өндірістік

қауіпсіздік мәдениетін жетілдіруді жалғастырып келеміз. Өкінішке қарай, алдымызға қойған міндеттерді толық орындай алмадық – өндірісте Ақсу ферроқорытпа зауытындағы әріптесіміз бен Дөң ТКБК мердігер ұйымының бір қызметкерінен айырылып қалдық. Біз осы қайғылы оқиғаларды бастан кешірген адамдардың барлығына шын жүректен көңіл айтамыз. Бұл әрқайсымыз үшін ауыр қаза және сабақ болды. Сондай-ақ, біз 2023 жылды да «Қауіпсіздік жылы» деп жарияладық.

2022 жылы Қазхром 1,708 мың тонна ферроқорытпа өндірді, бұл 2021 жылғы деңгейден жоғары. Көптеген сын-қатерлерге қарамастан, Компания бүкіл Топ үшін стратегиялық жобаларды іске асыруды жалғастарды. Олар Компанияның алдағы онжылдықтарда табысты дамуының кепілі болады. Дөң ТКБК «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» атындағы шахтасының екінші кезегінен кеннің алғашқы тонналарын өндіру – тарихи оқиға болды. 2022 жылы Ақтөбе ферроқорытпа зауытының металлургтері төртінші балқыту цехының пештерін жобадан жоғары қуатқа шығара алды, соның арқасында болашақта феррохром өндірісінің өсу әлеуеті айқындалды.

Компанияның стратегиялық мақсаттарының бірі – экологиялық қауіпсіздік саласында мойындалған көшбасшылыққа қол жеткізу болып табылады. Бүгінде ESG факторлары Қазхром стратегиясына берік

интеграцияланды. 2022 жылы Компания парниктік газ шығарындыларын қысқарту қамында ауқымды бастамаларды іске асырды және төмен көміртекті даму моделіне көшу бағытында жұмыс істеуді жалғастырып келеді. Бұл бағыттың дұрыстығы тағы бір мәрте әлемдік деңгейде расталды. 2022 жылы «Қазхром» ТҰК» АҚ EcoVadis бағалауы бойынша мүмкін болатын 100 балдан 75 балл жинап, орнықты даму саласындағы ең жоғары марапат – EcoVadis платина медаліне ие болды. Бұл мүмкін болатын ең жоғары марапат, бұл Қазхромның ESG саласында ең жоғары EcoVadis рейтингі бар қара металлургия кәсіпорындарының 1%-ына кіретінін білдіреді.

2022 жылы тағы да беріктігіміз сыналды. Ол Қазхром командасының кез келген ең күрделі міндеттерді атқара алатынын және тіпті ең қиын экономикалық жағдайларда ферроқорытпа саласының көшбасшысы болып қала беретінін көрсетті. Осы орайда, қызметкерлеріміз бен серіктестерімізге ортақ іске жоғары дәрежеде ат салысып, қосып жатқан үлестері үшін алғыс білдіремін.

**Серік Кәрімжанұлы
Шахажанов**
«Қазхром» ТҰК» АҚ
Директорлар кеңесінің
төрағасы

Президенттің үндеуі

Құрметті серіктестер, әріптестер, достар!

2022 жылы өнеркәсіп секторындағы көптеген компаниялар сияқты Қазхром бұрын-соңды болмаған экономикалық және әлеуметтік сын-қатерлерге тап болды.

Пандемиядан кейінгі құндылықтарды қайта қарастыру, Қазақстандағы қаңтар оқиғасы және әлемдегі жағдайдың шиеленісуіне байланысты жаңа сын-қатерлер жедел шешімдер қабылдауды талап етті.

Қолда бар тәжірибенің, жоғары кәсіби біліктілік және әрбір қызметкеріміздің ортақ іске жеке үлесінің арқасында біз бөлімшелеріміздің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ете алдық.

Сонымен бірге, қиындықтарға қарамастан, 2022 жыл біз үшін өте маңызды болды. Біз стратегиялық жобалар мен бастамалар бойынша жұмысты жалғастырдық, олар кәсіпорындарымыздың болашағы, қызметкерлердің әл-ауқаты, ал кей жерлерде тұтас қалалардың тіршілігіне негіз болды.



Жаһандық экономика дамуының баяулауынан, жоғары инфляциядан, шикізат материалдары бағасының өсуінен туындаған қиындықтарға қарамастан, 2022 жылы Қазхром жоғары операциялық көрсеткіштер мен қаржылық нәтижелерге жетті. Жыл қорытындысы бойынша Компанияның түсімі – 21.7%-ға, ал пайда 11.8%-ға ұлғайды. 2021 жылмен салыстырғанда инвестициялар көлемі 24.9%-ға өсті.

Мәселен, Дөң ТКБК «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» атындағы шахтасының екінші кезегінен кеннің алғашқы тонналарын өндіру жайында. Бұл терең деңгейжиектерді игеру тәсілін толық өзгертетін заманауи шахта. Біз ферроқорытпа өндірісінің жаңа мүмкіндіктеріне аштық.

Біз Дөң ТКБК-де шламдарды қайта өңдейтін байыту фабрикасын салу жұмысын аяқтап жатырмыз, ол кәсіпорында қордаланған қалдықтарды азайтуға мүмкіндік береді. Бірегей технология болып табылатын ферроқорытпа газының қалдықтарында электр станциясын жобалау жұмысы жүріп жатыр.

Жаһандық экономика дамуының баяулауынан, жоғары инфляциядан, шикізат материалдары бағасының өсуінен туындаған қиындықтарға қарамастан, 2022 жылы Қазхром жоғары операциялық көрсеткіштер мен қаржылық нәтижелерге жетті. Жыл қорытындысы бойынша Компанияның түсімі – 21.7%-ға, ал пайда 11.8%-ға ұлғайды. 2021 жылмен салыстырғанда инвестициялар көлемі 24.9%-ға өсті.

Бұл көрсеткіштерге 20 мыңға жуық қызметкеріміздің ортақ іске адалдығы мен ортақ мақсаттарға деген бейілділігінің арқасында қол жеткізе алдық. Күн сайын Қазхром металлургтері мен шахтерлерінің ондаған бастамалары біздің жалпы тиімділігімізді арттырып, ең шалғай учаскелерде өзінің ERG Way өндірістік жүйесін сәтті өрістете отырып жүзеге асырылып келеді.

Қазхромда ERG Way-ді дамытудың қарқыны жақсы, ұқыпты өндірістің негізін қалаушылар да мұны атап өтті. 2022 жылы Toyota Production System өндірістік жүйесінің сарапшылары филиалдарымыздың бірі – Ақтөбе ферроқорытпа зауытына аудит жүргізген. Мұндай зерттеу Қазақстанда алғаш рет жүргізілді. Аудиттің нәтижелері бойынша кәсіпорын 2.11 бағасын алды. Салыстырмалы түрде жапондық болат құю кәсіпорындары үшін бұл көрсеткіштің мәні әдетте, 1.8-ден 2.00-ге дейінгі межеде. Сарапшылардың айтуынша, екі жыл бұрын өндірістік жүйені енгізе бастаған кәсіпорын үшін бұл – өте жоғары көрсеткіш. Бұл деңгейді ұстап қалуды жалғастыратынымызға сенімдімін.

Ең маңызды инвестициялар – бұл біздің қызметкерлерімізге, олардың отбасыларына, туған қалаларына салынған инвестициялар екеніне сенімдіміз. «Адам өмірі мен денсаулығынан маңызды ештеңе жоқ» басымдығына сүйене отырып, компания апатсыз өндірістік қызметін қамтамасыз ету үшін өз жауапкершілігін барынша толық сезінеді.

2022 жылы қызметкерімізбен және мердігерімізбен болған қайғылы жағдай барлығымызға ауыр тиді. Кез келген оқиғаның алдын алуға болатынына сенімдіміз. Сол себепті қауіпсіздік мәселелері күнделікті операциялардан бастап стратегиялық мақсаттарды жоспарлау мен іске асыруға дейінгі барлық процестерімізге терең интеграцияланды.

ERG-дің экологиялық стратегиясы шеңберінде Қазхром қоршаған ортаға әсерін төмендетуге бағытталған ауқымды жобаларды тұрақты негізде іске асырады. Бұл өндіріс қалдықтарын қайта пайдалануға арналған жобалар, жаңа аса қуатты газ тазартқыштарды орнатуға баса назар аудара отырып, пештерді кешенді жаңғырту. Кәсіпорындарды көміртексіздендіру жөніндегі бағдарлама шеңберінде және ESG қағидаттарына сәйкес 2022 жылы ERG-дің алғашқы «Хромтау» жел электр станциясын жобалау басталды. Сонымен қатар, компания пластикті пайдалануды азайтуға бағытталған «Жасыл мектеп» және «Пакет, кет!» жобаларын іске асыра отырып, қазақстандық жас буын арасында экоойлауды қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды қолға алып жатыр. Компания қаңғыбас жануарларды тегін стерилизациялауды қаржыландырады, сондай-ақ Компанияда қалдықтарды бөлек жинау жобасы осымен үшінші жыл іске асырылып келеді.

Қазхромның әлеуметтік бағдарламалары қала инфрақұрылымын дамытуға, саламатты өмір салтын қолдауға, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған. 2022 жылы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша «Парыз» ұлттық конкурсында біздің компаниямыз «Қазақстанның үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорны» номинациясында үздік деп танылды.

Үлкен командамыздың әрбір қызметкерін мақтан тұтамын. Олар Топтың мәдениетін бейнелейді және корпоративтік құндылықтарды дәріптеушілер бола отырып, тез өзгертін әлемге бейімделеді. Алда көптеген жобалар бар. Таңдалған стратегиялық бағыт, командамыздың жоғары біліктілігі мен үйлесімді жұмысы олардың ойдағыдай орындалуына алып келетініне сенімдімін.



Сергей Леонидович Прокопьев
«Қазхром» ТҰК» АҚ Бас директоры

БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



Қауіпсіздік

- Біз қауіпсіз жүріс-тұрысты бәрінен жоғары қоямыз
- Біз барлық қызметкерлеріміз бен мердігерлерімізге қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеміз, үнемі барлық жарақаттану түрлерін болғызбау қамында жұмыс істейміз



Бірлік

- Біз ынталы команда ретінде жұмыс істейміз – алға қойылған мақсаттарға бірге қол жеткіземіз
- Біз өзіміз жұмыс істейтін өңірлердегі мәдени дәстүрлерге құрметпен қараймыз



Тиімділік

- Біз жұмыс үшін емес, нәтиже үшін жұмыс істейміз
- Нәтижеге қол жеткізе отырып, біз өз ресурстарымызға ұқыпты қараймыз
- Біз ең маңыздысына басымдық береміз
- Біз құндылық әкелмейтін күш-жігерді барынша азайтамыз



Даму

- Біз адамдарымызды бағалаймыз және олардың дамуына жағдай жасаймыз
- Біз жаңа технологияларды ұтымды енгіземіз және ұйым ретінде дамимыз
- Біз Компанияның орнықты дамуын қамтамасыз етеміз



Жауапкершілік

- Біз қызметкерлеріміздің, олардың отбасыларының, клиенттеріміздің, серіктестеріміздің, акционерлеріміз бен қоғам алдында өзімізге алған міндеттемелерді орындаймыз
- Біз өзімізге сеніп тапсырылған ресурстарға және қоршаған ортаға жауапты қараймыз
- Біз Компанияда, сондай-ақ серіктестермен және клиенттермен өзара сенім және құрмет мәдениетін құрамыз

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

- > Жалпы сипаттама
- > Стейкхолдерлердің ауқымды ортасына құндылық құру
- > Бизнес-модель
- > Қызмет нәтижелері

Жалпы сипаттама

ҚАЗХРОМ – өз өнімдеріндегі хром мөлшері бойынша **ӘЛЕМДЕГІ № 1.**

ҚАЗАҚСТАН өндіріс пен жеткізілімдер көлемі бойынша **ӘЛЕМДЕГІ № 3** хром қорытпа өндіруші.

«Қазхром» трансұлттық компаниясы» АҚ мен оның еншілес кәсіпорындары (бұдан әрі – Қазхром немесе Компания) – жер қойнауын барлаудан, пайдалы қазбаларды өндіруден және оларды байытудан бастап қосылған құны жоғары өнім шығару бойынша металлургиялық өндіріске дейінгі толық циклді тау-кен металлургиялық кластер.


Компания 1995 жылы құрылды және бүгінде бірегей ресурстық базасы бар әрі үлестік өзіндік құнының деңгейі төмен хром кені мен ферроқорытпаларды әлемдегі ең ірі өндірушілер қатарына кіреді.

Қазхромның клиенттік базасы феррохромды ірі өндірушілердің арасында ең әртараптан-дырылған компаниялардың бірі болып табылады. Қазхром өзінің негізгі клиенттеріне – Қытайдағы, Жапония мен Оңтүстік Кореядағы тот баспайтын болатты жетекші әлемдік өндірушілерге стратегиялық тұрғыдан жақын орналасқан. Қазхром өз өнімдерін АҚШ-тағы, Еуропа мен ТМД елдеріндегі клиенттерге де жеткізеді.

Қазхром Компанияның дауыс беретін жай акцияларының 99,99%-ы тиесілі өзінің ірі акционері – KCR International B.V.-мен қатар Eurasian Resources Group (бұдан әрі – ERG немесе Top) құрамына кіреді.

Қазхром EcoVadis тәуелсіз рейтинг агенттігінің Платина медалінің иегері болып табылады және ESG саласындағы ең жоғары рейтингі бар әлемдік қара металлургия кәсіпорындарының 1%-ына кіреді.

БІЗДІҢ АКТИВТЕРІМІЗ



БІЗДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



Өндірістегі шығындар бойынша артықшылық



Қолайлы өсу болжамымен нарықтағы тиімді позиция



Өнімділік пен тиімділікті жақсарту бойынша үздіксіз жұмыс



Клиенттік базаны кеңінен әртараптандыру

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

670 млрд теңге

EBITDA
(2021: 594 млрд теңге)

1.50

Еңбекке қабілеттіліктен уақытша айырылған жарақаттардың жиілік коэффициенті (2021: 1.46)

19,987

Персоналдың тізімдік саны, оның 23.8%-ы – әйелдер
(2021: 19,388, оның 23.8%-ы – әйелдер)

Стейкхолдерлердің ауқымды ортасына құндылық құру

БІЗДІҢ РЕСУРСТАРЫМЫЗ

Операциялық ресурстар

Дөң ТКБК

- «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» шахтасы
- «Молодежная» шахтасы
- «Южный», «Геологический I», «Геофизический-IX», «Геофизический-XI», «Июньский» карьерлері
- Ұсату-байыту фабрикасы
- Кенді байыту және кесектеу фабрикасы

«Қазмарганец» кен басқармасы

- Көлік колоннасы
- Байыту кешені бар «Тур» кеніші

Ақтөбе ферроқорытпа зауыты

- Үш балқыту цехы (№1, №2, №4);
- Қождарды қайта өңдеу цехы
- Қосалқы цехтар
- Меншікті электр станциясы

Ақсу ферроқорытпа зауыты

- Төрт балқыту цехы (№1, №2, №4, №6)
- Қождарды қайта өңдеу кешені
- Агломерациялық цех
- Қосалқы цехтар

Қаржылық капитал

Біз сыртқы қаржыландыру көздерінен, өндірістік немесе инвестициялық қызметтен алынған қаржылық ресурстарды тиімді пайдалануға ұмтыламыз.

Адам капиталы

Құндылық құруда біз қызметкерлеріміздің, мердігерлеріміздің және қызмет ұсынушылардың құзыреттілігіне, әл-ауқаты мен уәдмесіне тәуелдіміз.

Әлеуметтік капитал

Біз барлық стейкхолдерлерімізбен өзара құрметке, ашықтық пен сенімге негізделген сындарлы қарым-қатынас құрып, сақтауға ұмтыламыз.

Табиғи капитал

Олардың қалпына келмейтінін ескерсек, қызмет процестерінде табиғи ресурстарға жауапты қарау – өте маңызды.

Өндірістік капитал

Активтерді сатып алуға, дамыту мен қолдауға, технологиялар мен цифрландыруға қомақты инвестициялар бізге ұзақ мерзімді перспективада құндылық құруға мүмкіндік береді.

Зияткерлік капитал

Біздің жинақталған және дамып жатқан зияткерлік капиталымыз стратегиялық міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді, бизнесіміздің өсуіне, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және инновацияларды енгізуге ықпал етеді.

НЕГІЗГІ ПРОЦЕСТЕР

2022 жылғы өндірістік көрсеткіштер

Дөң ТКБК	4.8 млн тонна Хром кенін өндіру жылына	3.4 млн тонна Хром өнімдерін өндіру жылына
Қазмарганец КБ	0.3 млн тонна Марганец концентратын өндіру жылына	
Ақтөбе зауыты	0.69 млн тонна Өндіріс көлемі жылына	
Ақсу зауыты	1.02 млн тонна Өндіріс көлемі жылына	



НЕГІЗГІ ӨНІМДЕР

Жоғары көміртекті феррохром (HC FeCr)
Құрылыста, көлік, машина жасауда, өнеркәсіптік құбыржолдарды, сондай-ақ тұтыну тауарларын өндіруде пайдаланылатын тот баспайтын болат жоғары көміртекті феррохромды пайдаланудың түпкілікті өнімі болып табылады.

Тазартылған қорытпалар (MC/LC FeCr)
Орташа және төмен көміртекті феррохром көміртектің шектеулі мөлшерін талап ететін тот баспайтын және қоспаланған болатты өндіруде пайдаланылады. Сонымен қатар, ол беріктігі жоғары материалдарды талап ететін шарлы мойынтіректер, құралдар мен құрылғылар үшін арнайы қоспаланған болатты өндіруде қолданылады.

Ферросиликохром (FeSiCr)
Орташа және төмен көміртекті феррохромды өндіру үшін қажетті аралық өнім. Хромитті болаттардың жекелеген түрлерін өндіру үшін металл ретінде пайдаланылады.



Ферросилико-марганец (FeSiMn)
Болат қорытпалардың (Гадфильд болат) қасиеттері мен құрылымын жақсарту үшін оларды өндіруде пайдаланылады. Пайдалану салалары: тау-кен өндіру, құрылыс және теміржол өнеркәсібі.

Ферросилиций (FeSi)
Беріктікті, икемділікті, электр өткізгіштікті және тозуға, коррозияға, қышқылдың әсері мен жоғары температураға төзімділікті жақсартады. Ферросилиций автомобиль өндірісінде пайдаланылатын трансформаторлық және көміртекті болатта қолданылады.

Хром кені (Cr Ore)
Хромитті ферроқорытпаларды, хром қосылыстарын және отқа төзімді материалдарды өндіру үшін пайдаланылады.

НЕГІЗГІ НАРЫҚТАР

Түпкілікті тұтынушылармен - Қытайдың, Жапонияның, Оңтүстік Кореяның, Еуропа мен АҚШ-тың тот баспайтын және қоспаланған болатты ірі өндірушілерімен ұзақ мерзімді ынтымақтастық жолға қойылды.



НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

Операциялық көрсеткіштер	4,829 мың тонна Хром кенін өндіру
1,708 мың тонна Ферроқорытпа өндірісі	
1,489 мың тонна Ферроқорытпаларды сату көлемі	

Қаржылық көрсеткіштер	670 млрд теңге EBITDA
1,289 млрд теңге Түсім	
154 млрд теңге Күрделі шығындар	

Орнықты даму көрсеткіштері	4,528 мың тонна CO ₂ шығарындылары
12,226 ГВт.сағ Энергия тұтыну	
24 млн м ³ Су тұтыну	

Бизнес-модель



Компанияның хром және марганец кендерін өндіру мен байытудан бастап хромитті және кремнийлі ферроқорытпаларды өндіруге дейінгі интеграцияланған өндірістік тізбегі бар.

Қазхромның негізгі активтері Қазақстанда орналасқан және әлемдегі ірі өндіруші кәсіпорындар мен металлургия зауыттарының қатарына кіреді. Компания төрт негізгі бөлімшеден тұрады: Дөң тау-кен байыту комбинаты (бұдан әрі – Дөң ТКБК), Ақтөбе ферроқорытпа зауыты, Ақсу ферроқорытпа зауыты және «Қазмарганец» кен басқармасы (бұдан әрі – Қазмарганец КБ).

Компания қызметінің интеграцияланған сипаты оған өзінің құн қалыптастыру тізбегіндегі синергияны пайдалануға және бизнестің жоғары орнықтылығын сақтауға мүмкіндік береді. Табиғи газбен жұмыс істейтін Ақтөбе ферроқорытпа зауытының меншікті электр станциясы зауыттың электр энергиясына деген қажеттілігінің 30%-дан астамын қамтамасыз етеді, ал ERG еншілес компаниялары Ақтөбе зауыты үшін қалған электр энергиясын және Ақсу зауыты үшін бүкіл электр энергиясын қамтамасыз етеді. Басқа ERG кәсіпорындары, басқалармен қатар, хром өнімдері мен марганец кенін Қазхромның операциялық активтері арасында тасымалдау, жөндеу жұмыстарын жүргізуге жауапты және екі зауыт үшін де көмір мен арнайы коксты жеткізеді. Арнайы кокс ферроқорытпалар өндіру кезінде қалпына келтіргіш ретінде пайдаланылады.

Қазхром әлемде ферроқорытпалар мен хром кенін ірі өндіруші болып табылады және хром мөлшеріне қайта есептегенде феррохромды өндіру көлемдері бойынша бірінші орынды алады.

БІЗДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



Өндірістегі шығындар бойынша артықшылық

- Қазхром қазіргі өндіру қарқындары кезінде құрамында хром мөлшері жоғары және қорлары бірнеше ондаған жылға жететін бірегей кен орындарының арқасында хром нарығында әлемдік көшбасшы болып табылады.



Қолайлы өсу болжамымен нарықтағы тиімді позиция

- Тот баспайтын болат нарығының жалғасып жатқан өсімі, негізінен, әлемде халықтың өмір сүру сапасын арттырудың мегаүрдісіне байланысты ферроқорытпалар өндірісін дамытуға мүмкіндік береді.
- Қазхромның дамыған клиенттік базасы премиум сегменттерде жетекші орындарды иеленуге мүмкіндік береді.



Өнімділік пен тиімділікті жақсарту қамындағы үздіксіз жұмыс

- Құн қалыптастыру тізбегінің барлық кезеңдерінде өндірістік қуаттарды кеңейту және металл алуды кеңейту жобаларын іске асыру Қазхромға өндіріс көлемдерін ұлғайтуға және әлемдік өндірушілер арасында ферроқорытпаларды өндіру және олардың жеткізілімдерінің көлемдері бойынша жетекші орын алуға мүмкіндік береді.
- Қазхромның ERG-ге интеграциялануы өзінің инфрақұрылымы мен логистикасы есебінен өндіріс үшін материалдар, оның ішінде энергия ресурстары, қалпына келтіргіштер жеткізілімдерінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.



Клиенттік базаны кеңінен әртараптандыру ресейлік компанияларға қатысты санкциялық шектеулердің жағымсыз салдарын айтарлықтай дәрежеде жұмсартуға мүмкіндік берді.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2022 жылы хром кенін өндірудің 7%-ға төмендеуі бекітілген Тау-кен жұмыстарының жоспарына сәйкес «ҚазКСР-ге 40 жыл – Молодежное» кен орны бойынша өндірудің қысқаруына және «Южный» мен «Геологический I» карьерлерінде ашық тәсілмен өндіру жұмыстарының аяқталуына негізделеді.

Қаржылық нәтижелер

2022 жылы түсім көрсеткіші 2021 жылмен салыстырғанда 229.9 млрд теңгеге (21.7%) өсті. Түсімнің бұл өсуі, сондай-ақ EBITDA-ның 76.5 млрд теңгеге (12.9%) өсуі ферроқорытпалардың, атап айтқанда, жоғары көміртектері ферро-хромның нарықтық бағасының өсуіне байланысты. Еуропа мен АҚШ нарықтарындағы ұсыныстың тапшылығы және бүкіл құнды жасау тізбегі бойынша шығындардың өсуі 2022 жылы ферроқорытпалар бағасының өсуіне ықпал еткен негізгі фактор болды. Бағаға бұл оң әсер сату көлемдерінің төмендеуімен және операциялық шығыстардың өсуімен ішінара өтелген болатын.

2022 жылы Қазхромның активтерді дамыту мен қолдауға жұмсалған күрделі шығындары 154.1 млрд теңгені құрады және мыналарға бағытталды:

- «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» шахтасының өндірістік қуатын одан әрі кеңейту;

Мың тонна	2020	2021	2022
Өндіру және өндіріс			
Хром кенін өндіру	5,613	5,191	4,829
Ферроқорытпа өндірісі	1,793	1,686	1,708
Сату көлемі			
Жоғары көміртектері феррохром	1,480	1,288	1,264
Тазартылған феррохром	52	57	52
Кремнийлі қорытпалар	134	152	173
Барлығы	1,666	1,497	1,489

Мың теңге	2020	2021	2022
Түсім	664,189,693	1,059,418,450	1,289,288,331
EBITDA	274,505,574	593,515,553	669,984,941
Пайда	132,155,848	434,582,096	485,912,630
Күрделі шығындар	77,666,598	123,328,409	154,122,759

- «Шламдар-2 Шламды қалдықтарды жете байыту технологиясын жетілдіру» жобасын одан әрі іске асыру;
- № 64 пештің қуатын ұлғайту; № 44 және 42 пештің құрғақ газ тазартқыштарын реконструкциялау;
- № 6 цехты қайта жаңарту, Ақсу ферроқорытпа зауытының № 1 цехының балқыту корпусы мен дайын өнім қоймасын кеңейту жобасын аяқтау;
- № 4 цехтың өнімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар; 4-і БЦ қалпына келтіргішінің қосымша келтіру желісін салу; ұйымдастырылмаған шаң-газ шығарындыларын оқшаулау; №1 БЦ пештерін реконструкциялау (№11 және №12 пеш); Ақтөбе ферроқорытпа зауытының №2 ашық кен қоймасын қалпына келтіру.



НАРЫҚҚА ШОЛУ

- > Макроэкономикалық жағдай
- > Сұраныс пен ұсыныс нарығына шолу,
феррохром бағасы

Макроэкономикалық жағдай



2022 жылы әлемдік экономика бірқатар сын-қатерлерге – инфляцияның рекордтық деңгейіне, қаржылық жағдайлардың қатаңдатылуына, геосаяси шиеленістерге, сондай-ақ COVID 19 таралуы аясында елеулі карантиндік шектеулердің салдарынан Қытай экономикасының айтарлықтай баяулауына тап болды.

2021 жылдың соңына қарай АҚШ пен Еуропадағы инфляция соңғы жылдардағы рекордтық мәндерге жетті, мұнай 2014 жылдан бергі ең жоғары деңгейлерге жақындады, ал газ бағасы АҚШ-тағы он жыл ішіндегі максимумдарды және Еуропадағы тарихи максимумдарды жаңартты. Бұл үрдістер 2022 жылдың басында, оның ішінде газдың, көмірдің жергілікті бағалары мен электр энергиясына тарифтер бойынша рекордтардың жаңаруын туғызған Еуропада одан әрі дамып жатқан энергетикалық дағдарыс аясында күшеюін жалғастырды. Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс күрделі геосаяси проблемаларды, оның ішінде шикізатты тиеп-жөнелту мен тауарларды жеткізуде логистикалық проблемаларды туғызды, бұл енгізілген батыс санкцияларының салдарынан РФ-тен мұнай өнімдері мен көмірді ұсыну тәуекелдерінің артуына, сондай-ақ Ресейден Еуропаға газ жеткізілімдерінің едәуір қысқаруына алып келді. Осы оқиғалар аясында 2022 жылдың бірінші тоқсанында әлемдік экономика баяулай бастады, ЭЫДҰ елдері ЖІӨ-нің тоқсандық өсуі 2021 жылдың төртінші тоқсанындағы 1.3%-ға қарағанда 0.3% белгісін көрсетті. Инфляцияның ұзақ өсу кезеңі 2022 жылдың екінші тоқсанында АҚШ Федералды резервтік жүйесінің (ФРЖ) ден қоюына және көптеген ірі экономикаларда ақша-кредит саясатын қатаңдатудың басталуына себеп болды.

Бұл COVID-19 пандемиясы кезінде экономиканы ынталандыру үшін 2020 жылғы мөлшерлемелердің күрт төмендеу кезеңінен кейін негізгі мөлшерлеменің алғашқы өсуі болды. Маусымда АҚШ-тағы жылдық инфляция деңгейі 9.0%-дан асып, шарықтау шегіне жетті, бұл 1980 жылдардың басынан бергі ең жоғары деңгей болып табылады. Инфляцияны төмендету үшін АҚШ-тың ФРЖ 2023 жылы мөлшерлемелер өсуінің жалғасын күте отырып, негізгі мөлшерлемені 2022 жылғы шілдеге қарай 2.25%-ға және жылдың соңына қарай

4.25%-ға көтерді. Ақша-кредит саясатының қатаңдатылуы, логистикалық тізбектерге байланысты проблемалардың шешілуі, логистикалық тарифтердің жаһандық төмендеуі, сондай-ақ энергетикалық нарықтардың салқындауы салдарынан АҚШ-тағы жылдық инфляция баяулай бастады және 2022 жылдың соңына қарай ~6.5% деңгейіне дейін төмендеді.

Қытайдың экономикалық өсімінің баяулауы 2022 жылы әлемдік экономиканың өсу қарқындары үшін қосымша шектеуші фактор болды, онда ірі экономикалық және өнеркәсіптік орталық – Шанхайдағы және басқа да бірқатар провинциялардағы екі жылдағы ең үлкен COVID-19 толқыны 2021 жылдың ұқсас кезеңіндегі 12.7%-ға қарағанда ЖІӨ-нің 2.5%-ға өсуін қамтамасыз етіп, бірінші жартыжылдықта Қытайдағы экономикалық белсенділікті баяулатты.

Жылдың екінші жартысында Қытайдың карантиндік шектеулерді алып тастауға қарай ұстаным аясында оң динамика байқалды, бұл экономиканың орташа және ұзақ мерзімді динамикасы бойынша болжамдарды жақсартты, алайда қысқа мерзімде COVID-19 ауруының едәуір өршуіне және денсаулық сақтау жүйесінің шамадан тыс жүктелмесіне алып келді. Қорытындылай келе, Қытайдың 2022 жылғы экономикалық өсуі ЖІӨ-нің 3% өсу деңгейіне жетіп, жарты ғасырға жуық уақыттағы ең төмен деңгейлердің біріне дейін түсті, алайда карантиндік шектеулерді толығымен алып тастауға қарай ұстаным 2023 жылы өсу қарқындарының қалпына келуі үшін алғышарттар жасады.

Шикізат тауарларының арасында өткен жылы Еуропадағы энергетикалық дағдарыс аясында энергия жеткізгіштерінің (газ, энергетикалық көмір) бағасы едәуір өсім көрсетті. Бұл дағдарыс, бірінші кезекте, әртүрлі факторлардың үйлесімінен, оның ішінде Ресей мен Украина арасындағы қақтығыстан туындады, ол Еуропадағы табиғи газ жеткізілімдерінің іркілістеріне және станциялар блоктары бір бөлігінің техникалық қызмет көрсетуге жабылуынан атом электр станцияларында энергия өндіруші қуаттардың қысқаруына алып келді. Газдың рекордтық жоғары бағасынан газдан көмірге көшу процесі күшейе түсті, жабылған кейбір көмір

электр станциялары жеткілікті энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін нарыққа қайта шықты. Мысалы, Германияда ғана 2022 жылдың соңына шамамен ~10 ГВт көмір электр станциялары ашылды. Соның нәтижесінде, 2022 жылы CIF ARA API2 орташа жылдық Еуропалық энергетикалық көмір бенчмаргі жылдан жылға қарай ~145%-ға тоннасына US\$285-ке дейін өсті, ал FOB Newcastle Australian API6 (6000 NCV) бенчмаргінің орташа жылдық көрсеткіші тоннасына US\$ 360-қа жетті, бұл жылдан жылға қарай ~167%-ға ұлғаю. Бұл ретте 2022 жылдың соңына қарай Еуропадағы энергия жеткізгіштерінің бағалары мен электр энергиясына тарифтер рекордтық жылы қыстың аясында төмендей бастады, алайда әлі де болса орташа тарихи деңгейден едәуір жоғары деңгейлерде қалды.

Сұраныс пен ұсыныс нарығына шолу, феррохром бағасы



2022 жылы хром баламасында феррохром нарығының тиісінше 13%, 10% және 10% иеленетін Қазхром, Glencore-Merafe, сондай-ақ Samancor сияқты бірқатар феррохром өндірушілердің меншікті хром кен орындары бар, ал феррохромды өндірушілердің едәуір бөлігі хром кенін сатып алады. Атап айтқанда, Қытайдың – феррохромды ең ірі өндірушінің, оның үлесі хром баламасында әлемдік феррохром көлемінің ~40%-ын құрайды – іс жүзінде өзінің хром қорлары жоқ әрі өндірушілер ОАР-дан, Түркиядан, Зимбабведен және басқа да елдерден хром кенін импорттайды¹.

Оқиғалардың әдеттегі барысында феррохромның әлемдік бағасына көп дәрежеде тот баспайтын болатқа деген сұраныстың динамикасы және хром кені мен феррохром өндірісінің динамикасы арасындағы теңгерім әсер етеді. Бірақ 2022 жыл ерекше болды және феррохром нарығында, әсіресе, Еуропа мен АҚШ-та бағаның едәуір ауытқуымен ерекшеленді, бұл ретте 2022 жылдың екінші тоқсанында Ресей мен Украина арасындағы геосаяси шиеленістің және Еуропадағы энергетикалық дағдарыстың салдарынан айтарлықтай өсу орын алды.

Еуропада жоғары сапалы жоғары көміртекті феррохром (бұдан әрі ЖК ФХ) мен төмен көміртекті феррохромның (бұдан әрі ТК ФХ) бағасы мамырда рекордтық жоғары деңгейлерге тиісінше ~US\$ 3.40 / фунт хром мен ~ US\$ 6.71 /фунт хромға жетті, ал 2022 жылы орташа жылдық баға деңгейлері тиісінше US\$ 2.62 / фунт хром мен ~ US\$ 5.14 / фунт хромды құрады (2021: ~US\$1.47/ фунт хром және ~US\$2.64/ фунт хром). Еуропа мен АҚШ-тағы күшті баға конъюнктурасы бірнеше негізгі факторларға негізделді. Бірінші, жоғары сапалы жоғары көміртекті феррохромның еуропалық нарығы 2022 жылы қатты ұсыныс соққысын бастан кешірді: Түркия мен Албания электр энергиясына жоғары тарифтерге байланысты қаңтар-ақпанның басында өндірісті 50%-ға қысқартты; тамыз-қыркүйекте еуропалық энергетикалық дағдарыс аясында Yildirim Group барлық активтерде операциялық қуаттарының

~45%-ында дерлік өндірісті тоқтатты. Екінші, Yildirim компаниялар тобына кіретін Тихвин ферроқорытпа зауыты (Ресей) Ресейге қарсы санкциялар енгізілгеннен кейін логистиканың тұрақсыздығына байланысты форс-мажорлық мән-жайлар туралы жариялады. Бұдан басқа, ұсыныстың қысқаруы мен өндірістік шығындардың өсуі кейбір болат құю зауыттарының өндірісті шикізатпен қамтамасыз етуге байланысты тәуекелдерді алып тастау үшін дүрліккен түрде сатып алуына алып келді және бүкіл жыл бойы жоғары көміртекті феррохромның спот бағаларын жоғары деңгейде ұстап тұрды.

Бұл ретте Қытайда феррохром бағасының құбылмалылығы азырақ болды: жоғары көміртекті феррохром мен төмен көміртекті феррохромның бағасы мамырда жылдық шарықтау шегіне жетті, орташа жылдық көрсеткіш тиісінше ~US\$1.00 /фунт хром мен ~US\$1.65 /фунт хром болған кезде ~US\$1.15 /фунт хром мен ~US\$1.90 /фунт хромды құрады (2021: ~US\$1.08/ фунт хром және ~US\$1.68/ фунт хром). Қытай нарығы үшін 2022 жылы бағаның өсуін тежеген негізгі проблема күтілгеннен төмен сұраныс болды, алайда жоғары көміртекті феррохромның бағасы бұрынғыша салыстырмалы түрде жоғары болып қалды, бұған жоғары өндірістік шығындар ықпал етті. Негізгі факторларға көшетін болсақ, онда екінші тоқсанда Қытай жаңа жылы кезеңінен кейін сұраныстың қалпына келуін күтуге қарамастан, тот баспайтын болат өндіретін негізгі өңірлердің бірі Шанхайда енгізілген карантиндік шектеулердің салдарынан сұранысқа байланысты шынайы жағдай әлдеқайда нашарлады. Екінші жартыжылдық та әртүрлі провинцияларда сақталып отырған шектеулерге және қатаң COVID-19 саясатына байланысты тот баспайтын болат өндірісіне қатысты үміттерді ақтамады. Жыл бойындағы төмен сұранысқа қарамастан, бағаға жоғары өндірістік шығындар, әсіресе, хром кенінің өзіндік құны қолдау көрсетті. Мысалы, оңтүстік африкалық UG2 (хром кенінің концентраты) бағасы мамырда шамамен тоннасына US\$300 болатын ең жоғары деңгейге жетті, бұл жыл басындағы баға деңгейінен шамамен 60%-ға жоғары болды. Жыл ішінде UG2 бағасы орташа есеппен тоннасына ~US\$ 244-ті құрады, бұл өткен жылдың бағасынан ~ 44%-ға жоғары болды.

Хром кенінің соншалықты жоғары бағасын хром кенін экспорттаушы негізгі өңір – ОАР-дағы елеулі логистикалық проблемалармен түсіндіруге болады. Дурбан портын су басу, Transnet-ке (елдегі басты теміржол операторы) кибершабуылдар сияқты және 2022 жыл ішінде туындаған т.б. логистикалық проблемалар Қытай порттарында қорларды толықтыруға үнемі кедергі келтірді. Соның салдары ретінде, 2022 жылы қорлар 2017 жылдан бері алғаш рет абсолютті цифрмен де, тұтыну апталарында да тарихи төмен деңгейлерге жетті. Осыған қарамастан, хром кенін әлемдік өндіру салыстырмалы түрде тұрақты болды және CRU деректері бойынша жылдан жылға қарай ~1.6% өсу көрсетті.

2022 жылы тот баспайтын болат өндірісінің әлемдік төмендеуіне қарамастан, ұзақ мерзімді тұрғыдан алып қарағанда, тот баспайтын болатқа деген сұраныстың, бірінші кезекте, жалғасып жатқан урбанизацияға, Қытайдың, Үндістан мен басқа да дамушы елдердің өмір сүру деңгейінің өсуіне және экономикалық дамуына байланысты одан әрі өсуі күтіледі. Ағымдағы бағалау бойынша, тот баспайтын болат нарығының өсу қарқындары 2030 жылдың соңына дейін жылына 3%-дан астам болады. Бұл феррохром мен хром кеніне деген сұраныстың айтарлықтай артуына алып келеді және хром ұсынысының айтарлықтай өсуін және тиісінше хром өндіретін негізгі өңірлердегі жаңа жобаларға күрделі инвестициялардың қажеттілігін талап етеді деп күтілуде, бұл хром кені мен феррохром бағасының деңгейін өндірушілер мен инвесторлар үшін қолайлы деңгейлерде ұстап тұру кезінде ғана мүмкін болады.

1. CRU Ferrochrome Market Outlook December 2022

СТРАТЕГИЯҒА ШОЛУ

> Тиімділік және өсу бастамалары

Тиімділік және өсу бастамалары

2022 жылы Қазхром қоршаған ортаны қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі, тиімділік және орнықты даму қағидаттарына сәйкес жаһандық нарыққа жоғары сапалы хромды жеткізіп, бүкіл цикл бойы оң еркін ақша ағынын генерациялай отырып, ферроқорытпа саласының әлемдік көшбасшысының позициясын сақтап қалу мен нығайтуды білдіретін өз Стратегиясын іске асыруды жалғастырды.

Стратегиялық міндеттерді іске асыру шеңберінде Қазхром құн қалыптастыру тізбегінің әртүрлі қайта бөліністерінде оңтайландыру және өсу жөніндегі бастамалардың тұтас кешенін әзірлеп, енгізіп жатыр.

Өндірудің қайта бөлінісі

«Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» шахтасын кеңейту

Дөң ТКБК-да игеріліп жатқан хром кенорнында өндіруді ұлғайту бойынша жоспарланған іс-шараларды іске асыру жалғасуда. Осы мақсатта «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» шахтасының екінші кезегін (ҚТОШ-2) игеру басталды. Өндірудің негізгі әдістері ретінде қабатастылық опырылу мен қазынды кеңістікті толтырмалап қазудың жетілдірілген технологиялары таңдалды. Бұл «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» шахтасының бірінші кезегі мен «Молодежная» шахтасындағы хром кенін өндірудің шығатын көлемдерін ауыстырып қана қоймай, сонымен қатар, кен өндіруді жылына алты және одан көп млн тоннаға дейін ұлғайтуды

қамтамасыз етуге және соның салдары ретінде, Компанияның ферроқорытпа зауыттарында өндірісті ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2022 жылы жоба алдындағы жоспарлау басталды, оның аяқталуы 2023 жылға жоспарланып отыр.

Перспективалы учаскелерде геологиялық-барлау жұмыстары, солардың нәтижелері бойынша:

- «Геофизическое IX», «Геофизическое XI», «Июньское» және «Дүбір сай» перспективалы учаскесінен кен өндіру жүргізіліп жатыр.
- 2023 жылы «Южный» және «Геологическое I» карьерлерінің «ҚазКСР-ге 20 жыл» кен орындарында жерасты тәсілімен кен өндіруді бастау жоспарлануда.

Қазмарганец КБ-да карьерді кеңейту

- Пайдалану үшін барлаудың нәтижелері бойынша «Тур» кенішін игеру кезінде кеннің өсімі анықталды. 2022 жылы Батыс борт учаскелеріндегі қорларды өсімге және баланстан тыс қорлардың бір бөлігін қайта есептеу орындалды; осы қорларды мемлекеттік балансқа қою жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Байытудың қайта бөлінісі

ERG Green

«Шламдар-2» жобасы шеңберінде Дөң ТКБК-да «ERG Green» шламды қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі кешеннің құрылысы аяқталып жатыр.

Іске қосу 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында күтілуде.

Кешеннің құрамына гравитациялық байыту, флотация, қоюлау мен сүзгілеу бөлімшелері кіреді, сондай-ақ құрамында хром бар қалдықтарды қайта өңдеудің жаңа технологиялары қолданылатын болады.

Жаңа байыту фабрикасының мақсаты – қордаланып қалған және ағымдағы қалдықтардан тауарлық концентрат алу, бұл жинақталған шламды қалдықтар санының айтарлықтай қысқаруына алып келеді. Соның нәтижесінде өндірудің салыстырмалы көлемдері кезінде хром концентратын шығару ұлғаяды, бұл қоршаған ортаға және кәсіпорын өнімінің өзіндік құнына оң әсер етеді.

ШӨУ (шекемтастар өндіру учаскесі) құмдарын қоюлату

ШӨУ шламдарынан алуды арттыруға бағытталған жоба 2022 жылдың соңында іске қосылды және қазірдің өзінде қосымша концентратты қоюлату және өндіру бойынша жақсы нәтижелер көрсетіп отыр.

Тұндыру қалдықтарын (2-10 мм) байыту

Кенді байыту және кесектеу фабрикасының тұндыру қалдықтарын (2-10 мм) байыту жобасы қордаланған және ағымдағы қалдықтардан концентраттың қосымша көлемдерін алуды көздейді.



Металлургияның қайта бөлінісі

Ақтөбе ферроқорытпа зауыты № 4 цехының қуатын одан әрі ұлғайту

В2022 жылы Ақтөбе ферроқорытпа зауытының № 4 цехындағы тұрақты тоқ пештері жобалық қуатына шығарылды. Бұған дейін цехта конвейер жүйесін, пештерді, газ тазарту жүйесін және

қоюландырғыштарды қоса алғанда, өндірістік жабдықтардың өнімділігін арттыру жұмыстары жүргізілген болатын. Осы іс-шаралар аяқталғаннан кейін басты назар цех жұмысының параметрлерін оңтайландыруға шоғырландырылды.

Қазір жобалық өнімділіктен 10-20%-ға өсімге қол жеткізу мақсатында цехтың өнімділігін одан әрі арттыру бағдарламасы пысықталып жатыр.

Ақсу ферроқорытпа зауытының пештерін жаңғырту

Ақсу ферроқорытпа зауытында ҚТОШ-2-де кен өндіру көлемдерінің күтілетін өсуін ескере отырып, қуаттарды оңтайлы дамыту бойынша нұсқаларды пысықтау жалғасуда. Қолданыстағы пештерді жаңғыртудан бастап қолданыстағы цехтарды кеңейту мен №1 және №6 балқыту цехтарында қосымша пештер салуға дейін әртүрлі нұсқалар қаралып жатыр.

ОПЕРАЦИЯ- ЛЫҚ НӘТИЖЕ- ЛЕРГЕ ШОЛУ

- > Өнім, өткізу, маркетинг және тұтынушылар
- > Резервтер мен ресурстар

Өнім, өткізу, маркетинг және тұтынушылар



Қазхром жоғары сапалы ферроқорытпа өнімдерін өндіреді. Жетекші әлемдік компаниялар Қазхромның стратегиялық клиенттері болып табылады. Оның өнімдерін түпкілікті тұтынушылардың қатарына Қытайдың, Жапонияның, Оңтүстік Кореяның, Еуропа мен АҚШ-тың тот баспайтын және көптеген ірі қоспаланған болат өндірушілер кіреді.

Өнім

Қоспаларының мөлшері төмен, жоғары көміртекті және тазартылған феррохром Қазхромның негізгі өнімдері болып табылады. Феррохромды өнімдер қарапайым тот баспайтын болаттан қоспаланған және конструкциялық болатқа дейін коррозияға төзімді болаттың сан алуан түрлерін өндіруде пайдаланылады.

Компанияның технологиялық мүмкіндіктері оның феррохром өнімдеріндегі көміртегі құрамын клиенттер ұсынған ерекшеліктер мен нарықтық жағдайларды негізге ала отырып өзгертуге мүмкіндік береді.

2022 жылғы сату құрылымы

Көрсеткіштер	Тоннаж, мың тонна	Сомасы ¹ , мың теңге
Жоғары көміртекті феррохром	1,264	981,406,656
Тазартылған феррохром	52	167,007,793
Кремнийлі қорытпалар	173	137,302,159

1. Ескерту. Сату сомасы басқа кірісті қамтымайды.

Қазхромда өнімнің денсаулық пен қауіпсіздікке әсер етуге қатысты заңнаманың талаптарына сәйкес келмеу жағдайлары жоқ. Өнімді жеткізу нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі. Сатылатын өнімдер жарнама мен ілгерілетудің қоса алғанда, жария талқылау нысанасы болған емес.

Өткізу, нарықтар және тұтынушылар

Қазхромның маркетингтік стратегиясы өздері үшін басты талаптар өнімнің жоғары сапасы және жеткізілімдердің сенімділігі болып табылатын түпкілікті тұтынушылар мен нарықтарға баса көңіл бөледі. 2015 жылдан бастап Компания алыс нарықтарға жеткізу бойынша трейдермен ынтымақтастық жасап келеді, соның арқасында өнімді түпкі тұтынушылармен ұзақ мерзімді ынтымақтастық жолға қойылған. Ұзақ мерзімді шарттар өткізу көлемдеріне

Осының нәтижесінде Қазхром түпкілікті тұтынушылар базасын әртараптандыру және пайданы барынша арттыру үшін өзі шығаратын өнім түрлерін оңтайландыра алады.

2022 жылы 1,264 мыңға жуық тонна жоғары көміртекті феррохром және 225 мыңға жуық тонна басқа да ферро-қорытпа, барлығы 1,489 мың тонна ферроқорытпа сатылды.

байланысты әлеуетті тәуекелдерді жұмсартуға мүмкіндік береді.

Таяу шет елдер мен Қазақстанға сату тұтынушылармен тікелей келісімшарттар бойынша жүзеге асырылады.

Дамыған теміржол қатынасының арқасында Қазхром Достық-Алашанькоу шекара өткелі арқылы Қытайдың батыс және орталық бөліктеріне ыңғайлы қол жеткізе алады. Сонымен қатар, осы өткел арқылы Компания жүктерінің Жапонияның, Оңтүстік Корея мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің нарықтарына транзитін қамтамасыз ететін Ляньюнганг портына тиеп-жөнелту жүргізіледі. Ресейдегі Қиыр шығыс порттары арқылы Қытайдың шығыс бөлігінің нарығына қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

Резервтер мен ресурстар

Қазхромның хром кен орындары Орал таулары тізбегінің оңтүстік бөлігінде, Кемпірсай сілемінде – жалпы алаңы шамамен 1 мың км2 болатын басты офиолит белдеуінде орналасқан. Барлық өнеркәсіпті кен орындары Кемпірсай сілемінің оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан және Басты (Оңтүстік Кемпірсай) кенді алаңына біріктіріледі. Кен орындары ең ірі болып табылады және құрамында пайдалы құрамдастың – кендегі хром тотығының мөлшері жоғары. Дөң ТКБК кен орындарының меридиандық кенді аймақтары – батыс және шығыс – ені 7 км кезінде 24 км қашықтыққа созылған.

«Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» шахтасы 1.2 мың метр тереңдікке дейін зердтелген және қызмет ету мерзімін ұзарту үшін резервтер мен ресурстарды ұлғайту әлеуеті бар.

Сонымен қатар, Қазхром қазіргі уақытта «Южный» карьері «ҚазКСР-ге 20 жыл» кен орнының, «Геологическое I» кен орнының және «Мирный» карьері «21» кен орнының карьер астындағы қорлары бойынша игеру үшін барлауды бастады, сондай-ақ 80 метр деңгей

жиектен «Первомайское» кен орны бойынша игеру үшін барлай бастауды жоспарлап отыр.

Оңтүстік Кемпірсай кенді алаңында іздестіру жұмыстарын жүргізу процесінде, пайдаланылған «Поисковое» кен орнына тікелей жақын жерде бай хром кендерінің қоры бар «Геологическое II» кен орны табылды. Кен орнын игеру мүмкіндігіне ірілендірілген геологиялық-экономикалық бағалау жүргізілді, соның нәтижесінде қорлар мемлекеттік балансқа қойылды.

Оңтүстік Кемпірсай кенді алаңы бойынша барлау келісімшарты шеңберінде «Геофизическое VII» хром кендерінің кен орындарын жете зерделеу аяқталды және Measured Group компаниясынан қосымша геологиялық талдау алынды. Пайдалы қазба қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссияның қорларды бекіту хаттамасына сәйкес әрі ашық, әрі жерасты өндіру үшін ресурстық қорлар қабылданды.

Жер қойнауын пайдалану шарттарына шолу

Жер мен оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Қазхром Қазақстан Республикасының Үкіметімен жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар жасасты. Бұл келісімшарттардың талаптары әртүрлі кеніштерде әртүрлі. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың қолданылу мерзімі 2041 жылдан 2074 жылға дейінгі кезеңде аяқталады. Келісімшарттар, әдетте, тиісті кеніштердің қызмет ету мерзімінің соңына дейін ұзартылады.

Компанияның пайдалы қазбаларды өндіру барысында түзілетін полигон аумағын қалпына келтіруді аяқтау және жабылғаннан кейін өзінің тау-кен өндіру меншігін пайдаланудан шығаруға қатысты заңды міндеттемесі бар.

Жер қойнауын пайдалануға жасалған шарттар

Келісімшарттар	Орналасқан жері	Келісім шарт қолданыла бастады	Келісімшарттың аяқталу күні	Кеніш (-тер)	Бөлімше
Хром кенін өндіру	Ақтөбе облысының Хромтау ауданы	1997	2041	«Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» және «Молодежная» шахталары, «Дөң» кеніші	Дөң ТКБК
	Ақтөбе облысының Хромтау ауданы	2022	2025	«Дөң» кеніші	Дөң ТКБК
Марганец кенін өндіру	Қарағанды облысының Нұра ауданы	1999	2025	«Тур» кеніші	Қазмарганец КБ
Құрамында хромит бар кенге барлау	Ақтөбе облысының Хромтау ауданы	2015	2023	Оңтүстік Кемпірсай кенді алқабы	Дөң ТКБК
Хромитті кенге барлау	Ақтөбе облысының Әйтеке би және Хромтау аудандары	2019	2025	Білге кенашылымы	Дөң ТКБК
	Ақтөбе облысының Мұғалжар, Байғанин және Шалқар аудандары	2019	2024	Дауыл-Көкпекті алаңы	Дөң ТКБК
Полиметалл кеніне барлау	Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданы	2019	2025	Қарақұдық кенашылымы	Дөң ТКБК



Резервтер мен ресурстар (жалғасы)

Ресурстар мен Қорлар туралы мәлімдеме¹

Саладағы «Қаз-хромның» ең ірі ресурстық базасы орташа хром мөлшері 51.7% және қоспалар мөлшері төмен бірегей сападағы хром кенінің 298.1 млн тонна баланстық қорларын қамтиды. Баланстық қорлардың мұндай көлемі одан әрі кеңейту үшін айтарлықтай әлеуетті ұсына отырып, қолданыстағы өндіру деңгейі кезінде кеніштің бірнеше ондаған жылдар бойы жұмыс істеуін қамтамасыз ете алады.

Хром кенінің баланстық қорлары: Дөң ТКБК

Кен орны	Санаты ²	Тоннаж, млн тонна	Cr ₂ O ₃ кенінің орташа мөлшері, %	Cr ₂ O ₃ мөлшері, млн тонна
«Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» шахтасы	B,C ₁	210.4	52	109.5
	C ₂	85.2	50.9	43.3
	Барлығы минералды қорлар	295.6	51.7	152.8
«Молодежная» шахтасы	B,C ₁	1.2	49.4	0.6
	C ₂	0.8	49.4	0.4
	Барлығы минералды қорлар	2	49.4	1
«Южный» карьері	B,C ₁	0.2	52.8	0.1
	C ₂	-	-	-
	Барлығы минералды қорлар	0.2	52.8	0.1
«Геофизическое VII»	B,C ₁	0.2	42.2	0.1
	C ₂	-	-	-
	Барлығы минералды қорлар	0.2	42.2	0.1
«Геофизическое IX»	B,C ₁	0.1	35.6	0.03
	C ₂	-	-	-
	Барлығы минералды қорлар	0.1	35.6	0.03
«Геофизическое XI»	B,C ₁	0.02	35.6	0.01
	C ₂	-	-	-
	Барлығы минералды қорлар	0.02	35.6	0.01
«Июньское»	B,C ₁	0.01	37.7	0.0004
	C ₂	-	-	-
	Барлығы минералды қорлар	0.01	37.7	0.0004
Барлығы: Дөң ТКБК	B,C ₁	212.1	52	110.3
	C ₂	86	50.8	43.7
		298.1	51.7	154

Марганец кенінің баланстық қорлары: Қазмарганец КБ

Кен орны	Санаты ²	Тоннаж, млн тонна	Mn мөлшері, %	Fe мөлшері, %	Mn мөлшері, млн тонна	Fe мөлшері, млн тонна
«Тур» кеніші	B,C ₁	0.171	27.5	8.0	0.05	0.01
	C ₂	-	-	-	-	-
Барлығы: Қазмарганец КБ		0.171	27.5	8.0	0.05	0.01



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ
НӘТИЖЕЛЕРГЕ
ШОЛУ

1. 2022 жылғы есепті кезеңдегі Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссияның сыныптамасы бойынша бекітілген қорлар кезінде өндірілген пайдалы қатты қазбалар туралы Есептерге негізделген (ІПҚҚ нысаны)
2. B, C1 санаты - расталған қорлар, C2 санаты - алдын ала бағаланған қорлар

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

- > Есепті дайындау қағидаттары
- > Пайда немесе залал туралы есеп
- > Ағымдағы борыштық міндеттемелер

Пайда немесе залал туралы есеп

Есепті дайындау қағидаттары

Бұл қаржылық ахуал мен қызмет нәтижелеріне шолу Қазхромның операциялық қызметі мен қаржылық жағдайына байла- нысты үрдістер мен елеулі өзгерістерді түсіну мен бағалауға арналған.

Шолу Қазхромның аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілігі негізінде дайындалды. Қаржылық есептілік халықаралық қаржылық есептілік

Пайда немесе залал туралы есеп

Төменде келтірілген кестеде Қазхромның 2020-2022 жылдардағы шоғырландырылған нәтижелеріне қатысты қаржылық ақпарат көрсетілген.

2022 жылды Қазхром 485.9 млрд теңге мөлшеріндегі таза пайдамен аяқтады, бұл алдыңғы

жылдың көрсеткішінен 11.8%-ға жоғары. Осы нәтижеге ферроқорытпалардың әлемдік нарықтық бағасының өсуі айтарлықтай оң әсер етті. Өзіндік құн құрамындағы шығыстардың

ұлғаюы, жалпы және әкімшілік шығыстардың өсуі төмендеу жағына қарай қорытынды нәтижеге әсер етті. Жалпы және әкімшілік шығыстар демеушілік және қайырымдылық көмек, сондай-ақ басқарушылық, консультациялық және басқа да кәсіби қызметтер бөлігінде 27.7 млрд теңгеге (69.3%-ға) өсті.

Қаржылық кірістердің 68 млрд теңгеге ұлғаюы алынған қарыздарды қайта құрылымдаудан түскен кіріске

стандарттарына (ХҚЕС) және 2020, 2021 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылатын есептік саясатына сәйкес дайындалды.

Қазхромның функционалдық валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңге.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС компаниясы Қазхромның тәуелсіз аудиторы болып табылады. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік және тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі «Қаржылық есептілік» бөлімінде ұсынылған.

Мың теңге	2020 (қайта қаралды)	2021	2022
Түсім	664,189,693	1,059,418,450	1,289,288,331
Өткізудің өзіндік құны	(402,233,936)	(458,741,785)	(589,254,987)
Жалпы пайда	261,955,757	600,676,665	700,033,344
Өткізу шығыстары	(6,717,544)	(8,178,147)	(11,424,974)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(25,809,903)	(39,950,114)	(67,644,911)
Зерттеуге, бизнесті дамыту мен барлауға жұмсалған шығыстар	(3,441,892)	(6,674,905)	(9,936,937)
Басқа да операциялық кірістер (шығыстар)	(4,179,012)	(2,228,065)	5,277,197
Операциялық пайда	221,807,406	543,645,434	616,303,719
Қаржылық кірістер	107,199,569	37,906,793	105,906,503
Қаржылық шығыстар	(154,465,433)	(64,800,781)	(132,875,635)
Салық салуға дейінгі пайда	174,541,542	516,751,446	589,334,587
Табыс салығы бойынша шығыстар	(42,385,694)	(82,169,350)	(103,421,957)
Бір жылдағы пайда	132,155,848	434,582,096	485,912,630

және берілген қарыздарды мерзімінен бұрын тоқтатудан түскен кіріске байланысты. Қаржылық шығыстардың 68.1 млрд теңгеге ұлғаюы берілген қарыздарды бастапқы танудан және түрлендіруден болған залалдың, инвестицияларды әділ құны бойынша қайта бағалаудан болған залалдың және қаржы құралдарының амортизациясы бойынша шығыстардың ұлғаюына байланысты.

Түсім

2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда ферро- қорытпалар бағасының өсуінен түсім 229.9 млрд теңгеге (21.7%) ұлғайды; теңге бағамының АҚШ долларына қарсы төмендеуі қосымша ынталандырушы фактор болды.

Ферроқорытпаларды өндіру көлемі, сату көлемі және түсім бойынша деректер

	2020	2021	2022
Ферроқорытпаларды өндіру көлемі, мың тонна			
Жоғары көміртекті FeCr	1,546	1,432	1,389
Тазартылған FeCr	56	59	60
Кремнийлі қорытпалар	191	195	259
Ферроқорытпаларды өндірудің жиынтық көлемі	1,793	1,686	1,708
Ферроқорытпаларды сату көлемі, мың тонна			
Жоғары көміртекті FeCr	1,480	1,288	1,264
Тазартылған FeCr	52	57	52
Кремнийлі қорытпалар	134	152	173
Ферроқорытпаларды сатудың жиынтық көлемі	1,666	1,497	1,489
Ферроқорытпаларды сатудың орташа бағасы, бір тонна қорытпа үшін АҚШ доллары¹			
Жоғары көміртекті FeCr	929	1,589	1,687
Тазартылған FeCr	1,956	3,248	6,979
Кремнийлі қорытпалар	936	1,629	1,725
Түсім, мың теңге			
Жоғары көміртекті FeCr	567,655,267	871,917,412	981,406,656
Кремнийлі қорытпалар	51,806,927	105,450,468	137,302,159
Тазартылған FeCr	42,007,441	78,843,399	167,007,793
Басқалар	2,720,058	3,207,17	3,571,723
Жиынтық түсім	664,189,693	1,059,418,450	1,289,288,331

Өткізудің өзіндік құны

Өткізілген өнімнің өзіндік құны 2022 жылы өткен жылмен салыстырғанда 130.5 млрд теңгеге (28.5%-ға) өсті. Осы өсуге келесі факторлар әсер етті:

- Кокс жаңғағын, орташа температуралық, металлур- гиялық коксты қоса алғанда, сатып алынатын материалдар бағасының өсуі шикізатқа, материалдар мен жиынтықтауыштарға жұмсалатын шығыстардың 78.8 млрд теңгеге (38.3%-ға) ұлғаюына алып келді;
- Жалақының өсуі және персонал санының артуы персоналға жұмсалатын шығыстарды 31.6 млрд теңгеге (41.3%-ға) ұлғайтты;
- Тарифтердің өсуі электр энергиясына жұмсалатын шығындардың 5.8 млрд теңгеге (7.6%-ға) ұлғаюына әсер етті;

- Инвестициялық жоспарлар бойынша сатып алынған жаңа объектілерді пайдалануға беру есебінен амортизацияның 5 млрд теңгеге (10.5%-ға) өсуі;
- Шикізат пен материалдарды қайта өңдеу қызметтері мен өзге де қызметтер құнының өсуі есебінен өзге шығыстардың 11.1 млрд теңгеге (32.3%-ға) өсуі;

- Пайдалы қазбаларды өндіру салығының 1.8 млрд теңгеге (10,2%-ға) төмендеуі өндіру көлемінің төмендеуіне, шағын кен орындары бойынша есептеу әдістемесінің өзгеруіне байланысты.

Мың теңге	2020 (қайта қаралды)	2021	2022
Шикізат, материалдар және жиынтықтауыштар	168,597,943	205,659,314	284,444,069
Жалақы және оған байланысты шығыстар	63,530,909	76,581,326	108,190,378
Электр энергиясына жұмсалған шығыстар	72,064,587	76,648,940	82,440,963
Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы	44,547,960	48,206,583	53,256,408
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы	19,223,968	17,373,301	15,596,918
Басқалар	34,268,569	34,272,321	45,326,251
Өткізудің өзіндік құны	402,233,936	458,741,785	589,254,987

1. Ескерту: Ферроқорытпаларды сатудың орташа бағасын есептеу үшін мынадай айырбастау бағамдары пайдаланылды: 2020 ж. – 412.95 теңге, 2021 ж. – 1 АҚШ доллары үшін 425.91 теңге, 2022 ж. – 1 АҚШ доллары үшін 460.17 теңге

Пайда немесе залал туралы есеп (жалғасы)

Жалпы және әкімшілік шығыстар

2022 жылы жалпы және әкімшілік шығыстар, негізінен, демеушілік және қайырымдылық көмектің 15.3 млрд теңгеге (2.5 еседен астам) айтарлықтай өсуі, басқарушылық және консультациялық қызметтердің 9 млрд теңгеге (47.4%) ұлғаюы нәтижесінде 27.7 млрд теңгеге (69.3%) өсті.

Мың теңге	2020 (қайта қаралды)	2021	2022
Басқарушылық, консультациялық және басқа да кәсіби қызметтер	13,163,226	19,045,325	28,066,404
Демеушілік және қайырымдылық көмек	2,007,143	9,965,023	25,290,125
Жалақы және оған байланысты шығыстар	4,874,777	4,300,733	5,351,459
Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы	1,203,453	895,053	910,345
Басқалар	4,561,304	5,743,980	8,026,578
Жалпы және әкімшілік шығыстар	25,809,903	39,950,114	67,644,911

Ағымдағы борыштық міндеттемелер

2022 жылғы қаңтарда Компанияның кредиторлары RCB Bank Limited пен CQUR Bank LLC жалпы сомасы 1,800 млн АҚШ долларына (786,450,000 мың теңгеге) қарыздарды ВТБ банкі (ЖАҚ) пайдасына қайта беруді жүргізді.

2022 жылғы наурызда Компания қолданылатын жерінде, негізгі борышты төлеуді және барлық транштар бойынша пайыздарды төлеуді 2024 жылғы 1-тоқсанға дейінгі мерзімге ауыстыру үшін ВТБ банкімен (ЖАҚ) келісім хатқа қол қойды.

2022 жылғы желтоқсанда Компания 7 жылдан кейін өтеу мерзімімен және Компанияның борыштық портфелінің қолданыстағы шектері шеңберінде сыйақы мөлшерлемесімен 77.5 млн АҚШ доллары (35,802,675 мың теңге) сомасына кредиттік желі ашу туралы «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-мен шартқа қол қойды. 2022 жылғы желтоқсанда Компания 42.86 миллион АҚШ доллары (19,767,038 мың теңге) сомасында транш алды.



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

- > Тәуекелдерді басқару жүйесі
- > Негізгі тәуекелдер және оларды басқару

Тәуекелдерді басқару жүйесі

Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесі стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуде жеткілікті сенімділікті қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару процесі негізгі бағыттарды (стратегиялық менеджмент, бюджеттеу, инвестициялық қызмет, ESG¹) және Компания қызметінің барлық деңгейлерін қамтиды.

Қазіргі уақытта әлемдегі саяси және экономикалық жағдай өте тұрақсыз. Украинадағы қақтығысқа байланысты ресейлік компанияларға қатысты енгізілген санкциялық шектеулер көптеген елдер үшін, әсіресе, Ресеймен және Украинамен тарихи экономикалық байланыстары бар елдер үшін елеулі салдарға алып келуде.

ERG басшылығы туындаған тәуекелдерге жедел ден қоюда. Ден қою тиімділігін арттыру үшін Дағдарысқа қарсы штаб құрылды. Дағдарысқа қарсы штаб тұрақты кездесулер өткізеді, олардың міндеті Украинаға байланысты қақтығыстың Компанияның қызметіне әсерін бағалау және Компания үшін жағымсыз салдарды азайту қамында бірінші кезектегі шараларды әзірлеу болып табылады. Дағдарысқа қарсы штабтың негізгі міндеттері ресейлік компанияларға қатысты енгізіліп қойған, сондай-ақ енгізілуі мүмкін санкцияларды және олардың Компанияға әсерін үнемі талдау, өнімді уақтылы жеткізуді қоса алғанда, қажетті шикізат жеткізілімдерімен өндірістік процестердің үздіксіздігін қамтамасыз ету қамында шаралар әзірлеу болып табылады.

Компанияның қаржылық көрсеткіштері, операциялық қызметі, жобаларды жүзеге асыру стратегиясы мен беделі төменде сипатталған бір немесе бірнеше негізгі тәуекелдің туындауынан зардап шегуі мүмкін. Тәуекелдерді басқару бойынша тұрақты шаралар үздіксіз бақылауды, тәуекелдерді азайту жөніндегі әрекеттерді және бизнестің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін резервтік жоспарларды әзірлеуді қамтиды.

Табиғат қорғау қызметі мен экологиялық тәуекелдерді басқару әдістері мен тәсілдері тұрақты негізде жетілдіріліп, қоршаған ортаны қорғауға қажетті ресурстар бөлініп отырады.

Өндірістік және операциялық тәуекелдер

Компанияның өндірістік қызметі жабдықтың істен шығу тәуекелдеріне, геологиялық формациялар мен минералданудағы тұрлаусыздыққа, техногендік және табиғи сипаттағы апат тәуекелдеріне ұшырайды.

Жеткізілімдердің тізбектері мен логистикаға байланысты тәуекелдер

Компания өзінің дайын өнімін сатады, сондай-ақ өзінің қызметі үшін қажетті ТМҚ-ны, шикізат пен жабдықтарды әртүрлі контрагенттерден, оның ішінде шетелдік контрагенттерден сатып алады.

Компания жеткізілімдердің бұзылу, сатып алынатын және сатылатын тауарлар бағасының өзгеру және көлік қуаттарының жетіспеу тәуекелдеріне ұшырауы мүмкін.

Күрделі жобаларды орындамау тәуекелдері

Жоспарланған мерзімдерге, бюджеттерге және сапа өлшемшарттарына сәйкес ірі күрделі жобаларды орындамау ұзақ мерзімді перспективада рентабельділік пен беделге теріс әсер етуі мүмкін (болашақта қаржыландыруды тарту қабілетімізді қоса алғанда).

- Тәуекелдерді бағалауды ескере отырып, сенімділік пен техникалық қызмет көрсетуді жоспарлау;
- Машиналар мен жабдықтардың тәуелсіз техникалық диагностикасын жүргізу;
- Шикізаттың сапасын бақылау;
- Қызметтің үздіксіздігін басқару процестерін енгізу;
- Өндірістік операцияларды жүргізудің техникалық регламенттерге сәйкестігін бақылау;
- Мүлікке нұқсан келтіру және өндірістің тоқтап қалу тәуекелдерін сақтандыру.
- Жеткізілімдердің жекелеген бағыттары бойынша логистикалық иінді қысқарту мүмкіндігін үнемі іздеу;
- Сыртқы логистиканың тиімділігін арттыру;
- ERG Тобы компанияларының бірінде (ТрансКом) теміржол вагондарының жеке паркін қамту;
- Ерекше маңызды шикізаттың, ТМҚ мен жабдықтардың (жеке қорғану құралдарын қоса алғанда) қосымша қорларын қалыптастыру және қолдау;
- Жеткізілетін тауарлардың сапасын бақылау.

Негізгі тәуекелдер

Реттеушілік және құқықтық тәуекелдер

Нормативтік мәнмәтінге әсер ете алатын бірқатар факторлар бар, оның ішінде жаңа заңдар мен нормативтік актілерді қабылдау (немесе қолданыстағыларын өзгерту).

Баға тәуекелдері

Дайын өнім бағасының құбылмалылығы қаржылық көрсеткіштер мен өтімділікті қоса алғанда, Компанияның қызметіне айтарлықтай әсер етеді.

Тәуекелдерді басқаруға қатысты көзқарас

- Заңнамалық және реттеушілік базадағы әлеуетті өзгерістерді мониторингтеу;
- Кәсіби ұйымдар/ қауымдастықтар арқылы Компанияның мүдделерін білдіру;
- Алынған лицензиялар мен рұқсаттарда көзделген міндеттемелердің сақталуын бақылау.
- Қысқа және орта мерзімді перспективада нарықтың негізгі көрсеткіштеріне (тұтыну, ұсыныс, қолжетімділік және т.б.) тұрақты шолу және оларды болжау.
- Тауарлардың бағасын бенчмарктермен байланыстыратын ұзақ мерзімді сатып алу-сату шарттарын жасасу.
- Тауарлардың бағасын хеджирлеу.
- Баламалы өткізу арналарын дамыту.

1. Environment, social, governance.

Тәуекелдерді басқару жүйесі (жалғасы)

Қаржылық тәуекелдер Компания бірқатар қаржылық тәуекелдерге, оның ішінде өтімділік тәуекеліне, яғни қолданыстағы қаржылық міндеттемелерді орындай алмауға, ковенанттарды сақтамау тәуекеліне, валюталық тәуекелге, салықтық тәуекелге, кредиттік тәуекелге, пайыздық тәуекелге ұшырайды.	• Қолданыстағы кредиторлармен берік қарым-қатынастарды қолдау, бізге қолжетімді құралдар пулын кеңейту, борыш портфелін, кредит беру мүмкіндіктері мен шарттарын жақсарту бойынша жұмыс; • Ақша қаражатының қозғалысы жоспарын үнемі жаңартып отыру және өтімділік деңгейін бақылау; • Ковенанттардың сақталуына тұрақты мониторинг; • Ашық валюталық позицияға тұрақты мониторинг; • Салық заңнамасындағы өзгерістерді және оның талаптарының сақталуына тұрақты мониторинг; • Контрагенттің несие қабілеттілігін талдау.
Әлеуметтік тәуекелдер Компанияның қызметі өндірістік объектілердің жанында тұратын жергілікті қоғамдастықтарға теріс әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты, қоғамдағы әлеуметтік шиеленіс тәуекелі туындауы мүмкін.	• Жергілікті қоғамдастықтарға, оның ішінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесуге бағытталған жергілікті билік органдарымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар арқылы әлеуметтік инвестицияларды жүзеге асыру • Қызметкерлер үшін тұрғын үй бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ жергілікті қала инфрақұрылымын абаттандыру • Жергілікті қоғамдастық мүшелерінің қоғамдық пікірі мен шағымдарын қарау тетіктеріне мониторинг; • Ұжымдық шарттың талаптары бойынша қызметкерлерді әлеуметтік қолдау; • Әлеуметтік сақтандыру; • Корпоративтік қайырымдылық; • Персоналды басқарудың жалпы тәсілі шеңберінде жергілікті қоғамдастықтардың едәуір бөлігін құрайтын Компания қызметкерлеріне әлеуметтік жеңілдіктер беру
Персоналды басқаруға байланысты тәуекелдер Шалғай өңірлерде жұмыс істей отырып, Компания қызметіне қажетті дағдылары мен тәжірибесі бар персоналды тарту қабілетіне, сондай-ақ білікті персоналдың кетуіне байланысты тәуекелдерге ұшырайды.	• Персоналдың бәсекеге қабілетті жалақысын қолдау; • Қажетті дағдыларды қолдап отыру үшін персоналды оқыту және дамыту; • Кадр резерві мен персоналдың ішкі ротациялары жүйесін дамыту; • Уәждеменің тиімді жүйесін енгізу; • Колледждермен және ЖОО-лармен өзара іс-қимыл жасау арқылы жас мамандарды тарту жүйесін дамыту; • Сыртқы нарықтан сирек және аса тапшы мамандықтарға персоналды жалдау; • Персоналдың қанағаттануы мен жанашырларына тұрақты мониторинг.

Еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі тәуекелдері Компанияның өндірістік қызметі қауіпті қызмет түрлерімен ұштасады, оларды орындау Компанияның қызметкерлері мен мердігерлерінің физикалық жай-күйі мен денсаулығына теріс әсер етуі мүмкін.	• Сертификаттаудан өткен және/немесе ISO 45001 стандартына сәйкес келетін өндіріс қауіпсіздігін басқару жүйелерін қолдану; • Өндіріс қауіпсіздігі саласындағы негізгі тәуекелдерге қатысты нұқсанды мүлдем болдырмау қағидатын іске асыру. • Өндіріс қауіпсіздігі жүйесіне аудит • Қауіпсіздік мақсаттарын менеджерлердің KPI-ына интеграциялау. • Қауіптерді сәйкестендіру әдіснамаларын (HAZID¹) пайдалана отырып, тәуекелдерді бағалау.
Экологияға және климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер Компанияның қызметі қоршаған ортаға әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты, атмосфераға шығарындылардың, суға төгінділердің және қалдықтарды орналастырудың шекті жол берілетін нормаларынан асып кету тәуекелдері бар. Парниктік газ шығарындыларының едәуір көлемін ескере отырып, Компания болашақта ұйымның жол берілетін шығарындыларын шектеу үшін реттеу талпыныстарына байланысты тікелей және жанама тәуекелдерге ұшырайды. 2021 жылы пайдаланылуы тоқтатылғаннан кейін қоршаған ортаға теріс әсер ететін өндірістік объектілерді пайдалану салдарын жоюды талап ететін Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексі қабылданды. Пайдалану салдарын жою тиісті активтердің сипатына және қоршаған ортаға әлеуетті әсерге байланысты болады.	• Сертификаттаудан өткен және/немесе ISO 14001 стандартына сәйкес келетін басқару жүйелерін енгізу; • ISO 50001 стандарты бойынша сертификаттаудан өткен энергетикалық менеджмент жүйесін енгізу; • Жаңартылатын энергетиканы дамыту жөніндегі жобаларды іске асыру; • Көміртегі ізін бағалау. • Компанияның негізгі бөлімшелерінде озық әуе технологиялары мен сүзгілеу технологияларын кезең-кезеңімен енгізуді қоса алғанда, ERG Экологиялық стратегиясын енгізу. • Топ деңгейінде қалдықтарды сақтайтын ірі объектілерде тәуекелдерге мониторинг процесі. • Коммерциялық тұрғыдан бұл орынды болып табылатын жерлерде шығарындыларды қысқарту мақсатында ұзақ мерзімді инвестициялық шешімдерді қабылдау кезінде парниктік газ шығарындыларының салдарын есепке алу. • Компания кәсіпорындары орналасқан өңірлерге әсер ететін физикалық климаттық тәуекелдерді бағалау және Топтың ұзақ мерзімді стратегиясына осы тәуекелдерді басқару бойынша ұсынымдардың енгізілуін қарау • Компанияның өндірістік объектілерінің сипатын және олардың қоршаған ортаға әлеуетті әсерін бағалау • Экология саласындағы заңнамадағы өзгерістерге мониторинг

1. HAZID (ағыл. hazard identification қысқ.) – қауіптерді сәйкестендіру

Тәуекелдерді басқару жүйесі (жалғасы)

Комплаенс тәуекелдері

Топ комплаенс саласындағы бірқатар ішкі және сыртқы міндеттемелерді қабылдады, олар халықаралық санкцияларды, дербес деректерді, адам құқықтарын қорғау жөніндегі талаптарды, ақша қаражатын жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптарды, сондай-ақ парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптарды сақтауға қатысты міндеттемелерді қоса алғанда, Қазхромға да қолданылады.

Осы міндеттемелерді кез келген орындамау қаржылық және қаржылық емес санкцияларға аыпл келуі, сондай-ақ Топтың беделіне нұқсан келтіруі мүмкін.

Ақпараттық технологиялар (IT) мен ақпараттық қауіпсіздікке байланысты тәуекелдер

Цифрландыру және ақпараттық технологиялар саласындағы қызметі тұрғысынан Компания бұл оны IT-инфрақұрылымға қолжетімділікті жоғалтуға; бизнес-процестердегі іркілістерге; ішкі және/немесе сыртқы алаяқтыққа; деректердің таралып кетуіне және деректер құпиялылығының бұзылуына; ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптарды сақтамауға; бағдарламалық жасақтамаға лицензиялық келісімдерді бұзуға байланысты әлеуетті тәуекелдерге ұшырататынын түсінеді.

- Саясаттар мен басшылық қағидаттарды (ERG Корпоративтік мінез-құлық кодексі, ERG өнім берушілерінің мінез-құлық кодексі және т.б.) оқыту мен олардың сақталуын мониторингті қоса алғанда, оның ішінде Компанияны қамтитын Қазақстан Өңірінің Комплаенс бағдарламасын іске асыру;
- Контрагенттер мен жеткізілімдер тізбегінің қатысушыларын кешенді тексерудің жаңартылған процестері, ол кезде оның ішінде адам құқықтары мен ЭЫДҰ-ның лайықты сақтық бойынша басшылық қағидаттарын² сақтауға көңіл бөлінеді;
- Санкциялық шектеулердің салдарынан кейбір контрагенттермен мәмілелерді тоқтатуды қоса алғанда, санкцияларды сақтау жөніндегі бағдарламаны іске асыру;
- Дербес деректерді қорғау жөніндегі бағдарламаны іске асыру;
- Тәуелсіз оператор басқаратын жасырын және құпия тәулік бойы жұмыс істейтін ERG Жедел желісін қоса алғанда, ереже бұзушылықтар туралы ақпарат беру жүйесін қолдау.

- Сенімді киберқауіпсіздік жүйесін құру;
- IT-сервистердің жұмысындағы іркілістер мен киберқауіпсіздікке байланысты оқиғаларға жедел ден қою;
- Негізгі IT-процестердің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарларын енгізу;
- Бағдарламалық жасақтамаға арналған лицензиялық шарттар талаптарының сақталуына мониторинг.
- Пайдаланушыларды оқыту
- Барлық ерекше маңызды жүйелер үшін резервтік көшіруді тексеру және апатты қалпына келтіру.

1. ЭЫДҰ-ның (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (OECD)) Қақтығыстар туындаған өңірлер мен тәуекелі жоғары өңірлерден пайдалы қазбалар жеткізілімдерінің жауапты тізбектері үшін лайықты сақтық жөніндегі басшылығы.

Сонымен қатар, Компанияға белгісіз, қазіргі уақытта елеулі деп есептелмейтін және қызмет пен қаржылық нәтижелерге айтарлықтай әсер ете алатын қосымша тәуекелдер және оқиғалардың басқа да даму нұсқалары туындауы мүмкін.



ОРНЫҚТЫ ДАМУҒА ШОЛУ

- > Денсаулық және өндіріс қауіпсіздігі
- > Персоналды басқару
- > Экология саласындағы тиімді басқару
- > Жергілікті қоғамдастықтарды дамыту және олардың әл-ауқаты
- > Әдеп және комплаенс



Салынатын Хромтау-1 жел электр станциясының 3D моделі

Басқаруға қатысты көзқарас

Қазхром ERG-дің бір бөлігі болып табылады және өз қызметінде Топ қабылдаған орнықты даму қағидаттары мен тәсілдерін ұстанады. Бұл қоршаған ортаға әсер ету, әлеуметтік даму және корпоративтік басқару саласындағы жауапты басқаруды, сондай-ақ бизнестің ұзақ мерзімді перспективада құндылық жасау қабілетін қолдау, стейкхолдерлерге артықшылықтарды қамтамасыз ету және жаһандық жаңа энергия көздеріне көшуге жәрдемдесу мақсатындағы шараларды іске асыруды қамтиды.

2021 жылы ERG-де Экология, әлеуметтік даму және корпоративтік басқару (ESG)

мәселелері жөніндегі комитет құрылды. Комитет Топтың стратегиясы мен шешім қабылдау процестеріне орнықты даму қағидаттарын енгізуге жауапты. 2022 жылы Комитет жаңартылатын энергия көздерінің үлесін арттыру және парниктік газ шығарындыларын азайту саласындағы мақсаттарды қоса алғанда, ұзақ мерзімді ESG-мақсаттар мен іс-шаралар жоспарларын әзірлеу қамында 2021 жылы басталған жұмысты жалғастырды.

Қазақстанда ERG орнықты даму саласында бірқатар стратегиялық бастамаларды іске асырады. Бұл, мысалы, мыналарды:

- Озық халықаралық практикаларды ескеретін және Топтың жаңа Экологиялық кодекстің талаптарын сақтауын қамтамасыз ететін Экологиялық стратегияны іске асыруды;
- Электр энергиясын өндіру кезінде парниктік газ шығарындыларын азайту жөніндегі бастамаларды іске асыруды қамтиды. Атап айтқанда, Дөң ТКБК ауданында қуаты 150 МВт-тан асатын жел электр станциясын (Хромтау-1) салу жөніндегі жобаны іске асыру жоспарлануда. Жобалау мен құрылысты бастау 2024 жылы пайдалануға беру мүмкіндігімен 2023 жылға жоспарланған. Жел энергетикасының қуаттарын іске қосу бүгінде көмір электр

Компанияның орнықты даму саласындағы марапаттары

«Жауапты хром өндіруші», Халықаралық хром өндірушілер қауымдастығы (ICDA)



EcoVadis тәуелсіз рейтинг агенттігінің платина медалі.

«Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» номинациясында Парыз. Ақтөбе ферроқорытпа зауытында Өндірістік жүйені дамытқаны үшін «Жыл жобасы» номинациясында Алтын Гефест.

станцияларында өндірілетін электр энергиясының бір бөлігін алмастыруға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, Топ Қазақстанда алдағы 5-10 жылда жел және күн энергиясын генерациялау саласында қосымша ауқымды жобалар келешекте іске асырылуы мүмкін басқа да алаңдарды қарап жатыр;

- Өңірлік атқарушы билік органдарымен ынтымақтастықта өңірлерді дамытудың үш жылдық бағдарламасын іске асыруды қамтиды.

Бұған қоса, ERG БҰҰ-ның Жаһандық шартына қатысушы болып табылады және БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарын (ОДМ) қолдайды.

Орнықты даму саласындағы ERG қызметі туралы толымды ақпарат www.eurasianresources.lu вебсайтында қолжетімді ERG-дің орнықты даму жөніндегі есебінде ұсынылған.

Қазхром үшін, басқа ERG кәсіпорындары үшін сияқты, орнықты даму мыналарды қамтиды:

- Орнықты даму қағидаттарын интеграцияланған менеджмент жүйесіне интеграциялау арқылы экологиялық, әлеуметтік және әдеп тиімділігін;
- Болашақ өзгерістерге дайындығын және ұзақ мерзімді перспективада құндылық құру қабілетін қамтамасыз ету арқылы

тұтастай алғанда, бизнестің орнықтылығына қол жеткізуді;

- Мүдделі тұлғалар: акционерлер, клиенттер, іскер серіктестер, мемлекет, қызметкерлер және жергілікті қоғамдастықтар үшін ұзақ мерзімді артықшылықтарды қамтамасыз ететін орнықты өсуді білдіреді.

2021 және 2022 жылдары Халықаралық хром өндірушілер қауымдастығы (ICDA) осы кәсіпорын жауапты және орнықты өндіріс әдістерін қолданатынын мойындау белгісі ретінде Қазхромға «Жауапты хром өндіруші» мәртебесін берді. Қазхром БҰҰ-ның бизнес және адам құқықтары саласындағы басшылық қағидаттарына, ЭЫДҰ-ның Пайдалы қазбалар жеткізілімдерінің жауапты тізбектері үшін лайықты сақтық жөніндегі басшылығына және Адам қауіпсіздігі мен құқықтарының ерікті қағидаттарына сәйкес келетін ERG Тобының саясаттарын енгізді.

2021 жылы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті бағалауға маманданған EcoVadis тәуелсіз рейтинг агенттігі жүргізген бағалау қорытындысы бойынша Қазхром EcoVadis күміс медалін алды. 2022 жылғы маусымда Қазхром ең жоғары баға алған қара металлургия кәсіпорындарының үздік 1%-ына еніп, EcoVadis Платина медалін алды.

2022 жылы Toyota Engineering Corporation компаниясы Ақтөбе ферроқорытпа зауытында

ұқыпты өндіріс жүйесінің қолданылуына сыртқы аудит жүргізді. Аудит нәтижелері бойынша кәсіпорын жоғары баға – 2.11 алды (салыстыру үшін, жапондық болат құю кәсіпорындары үшін бұл көрсеткіштің мәні, әдетте, 1.8-ден 2.00-ге дейін құрайды). Аудиторлар Total Toyota Production System жалпыға бірдей өндірістік жүйесінің қағидаттары негізінде жақсарту бойынша ұсыныстарын да берді.

Қазхромның орнықты дамуының жекелеген бағыттары бойынша толығымды ақпарат төмендегі тақырыптық бөлімдерде ұсынылған.

Денсаулық және өндіріс қауіпсіздігі

Басқаруға қатысты көзқарас

Қазхромның маңызды басымдықтарының бірі – өз қызметкерлерінің қауіпсіздігі мен әл-ауқатына қамқорлық жасау. Бұл, атап айтқанда, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуді, қызметкерлердің денсаулығын нығайтуды және саламатты өмір салтын қолдауды қамтиды.

Компанияның Құндылықтарына сәйкес, еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі (ЕҚЖӨҚ) – Компанияның басты басымдығы болып табылады. Қазхром өзінің барлық қызметкерлері мен мердігерлері үшін қауіпсіз өнімді және тұрақты жұмыс ортасын қамтамасыз етуге ұмтылады. Осы мақсатта өндіріс қауіпсіздігі көрсеткіштерін үздіксіз жақсарту және өндірісте жарақаттануға мүлдем жол бермеуге қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар тұрақты негізде іске асырылады.

Қазхромның барлық бөлімшелерінде Еңбекті қорғауды басқару жүйесі (ЕҚБЖ) жұмыс істейді. 2022 жылдың ішінде TÜV халықаралық сертификаттау органы Компанияның менеджмент жүйесінің ISO 45001 - Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы басқару жүйесі стандартына сәйкестік сертификатын растады. Сонымен қатар, Қазхром ЕҚЖӨҚ ұлттық нормаларын сақтайды және өз бөлімшелерінде ЕҚЖӨҚ саласындағы іс-шаралардың орындалуын бақылауды тұрақты негізде жүзеге асырады. Бұл жарақаттанудың алдын алу,

кәсіптік аурулардың профилактикасы, оқиғаларды есепке алуды жақсарту саласындағы бастамаларды, компанияның аумағында жұмыс істейтін қызметкерлер мен мердігерлерді ЕҚЖӨҚ мәселелері бойынша оқытуды және басқа да бастамаларды қамтиды.

Қазхромның барлық бөлімшелерінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып қалыптастырылған жазатайым оқиғаларды тіркеу мен тергеп-тексеруге бірыңғай талаптар қолданылады. Оқиғаларды тіркеу және олар (оның ішінде өрттер туралы) құлақтандыру процесі автоматтандырылған, бұл оқиға туралы тиісті қызметкерлерге қысқа мерзімде ақпарат беруге мүмкіндік береді. Тергеп-тексеру және есептілік Компанияда белгіленген бірыңғай талаптарға сәйкес ресімделеді.

Коммуникацияларды жақсарту және мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерін еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау мәселелеріне тарту мақсатында мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерімен тұрақты кездесулер өткізіліп тұрады.

Негізгі мәселелер мен бастамалар

Қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету


Өндіріс қауіпсіздігі деңгейін жақсарту мақсатында Қазхром бөлімшелерінде 2022 жыл ішінде мынадай бағыттар бойынша іс-шаралар іске асырылды:

Биіктіктегі жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Биіктіктегі жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің корпоративтік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Бірыңғай оқу орталығының базасында Компанияның 4,858 жұмыскері оқытудан өтті. Оқу сыныптарында алдын ала теориялық дайындықтан өткен жұмыскерлер оқу-жаттығу полигондарында биіктіктен құлаудан қорғау құралдарын пайдалану дағдыларын тәжірибеде бекітті. Биіктіктегі жұмыстарды орындайтын барлық қызметкерлер, сондай-ақ жұмыстардың осы түріне жетекшілік ететін инженерлік-техникалық жұмыскерлер қатарындағы қызметкерлер және тиісті құжаттаманы әзірлейтін мамандар осы оқытудан өтті.

3,183 биіктіктен құлаудан қорғау құралы мен олардың жиынтықтауыштарын сатып алынды.

Дөң ТКБК-де білікті ұйым теміржол вагондарын түсіру орындарында «Биіктіктегі жұмыстар» аудитін жүргізді. Аудиттің нәтижелері бойынша вагондарды түсіру орындарында биіктікте жұмыстар жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйелерін жобалауға, жеткізу мен монтаждауға техникалық тапсырма әзірленіп, келісілді. Жобаны іске асыру 2023 жылға жоспарланып отыр.



Көлік қауіпсіздігі.

2022 жылы корпоративтік көліктегі жарақаттану мен жол-көлік оқиғаларын (ЖКО) азайтуға бағытталған СКАУТ атты көлік қауіпсіздігі жобасын енгізу жалғасты. Бұл жоба ЖКО тәуекелін едәуір азайтуға, сондай-ақ көлік құралдарын пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мәселен, бірінші кезеңде Компанияның филиалдарында жеңіл, жолаушылар және ішінара ауыр жүк көлік құралдарында, жалпы алғанда, 231 көлік бірлігінде көлік құралдары мониторинг спутниктік борттық жүйесінің жабдықтары мен бағдарламалық жасақтаманы орнату бойынша шеф-монтаждау жұмыстары жүргізілді.

Екінші кезеңде қозғалыс кезінде жүргізушілердің қауіпсіздік талаптарын бұзуын талдауды жүзеге асыруға арналған бағдарламалық жасақтаманың жұмыс қызметін қолдап отыру үшін ақпараттық қызмет көрсету пайдалануға берілді.

190 жүргізушіні қауіпсіз жүргізуге үйрету СКАУТ жобасының үшінші кезеңі болды. 2023 жылға тағы 740 көлік жүргізушісін оқыту жоспарланған.

Сонымен қатар, жыл ішінде 360° айнала шолу камераларының (айнадан көрінбейтін аймақтарға мониторинг) 87 жиынтығын сатып алынып, монтаждалды.

Тәуекелдерді бағалау

HAZID әдістемесі бойынша жұмыс орындарында тәуекелдерді бағалау жүргізілді. Зерттеу Қазхромның 33 өндірістік бөлімшесінде жүргізілді. Соның нәтижесінде қабылдауға келмейтін 12 тәуекел анықталды және оларды барынша азайту бойынша 37 іс-шара іске асырылды.

Іс-шаралардың бір бөлігін 2023 жылы орындау жоспарланған. 2023 жылы HAZID әдісімен тәуекелдерді бағалау жөніндегі жұмыстар жалғасады.

Қол еңбегін механикаландыру.

Қол еңбегінің шығындарын қысқартуға және еңбекті көп қажет ететін операциялар мен

жекелеген процестерді механикаландыруға арналған қосымша құралдар, керек-жарақтар мен жабдықтар сатып алынды.

«Халықтық бақылау» жобасы.

Дөң ТКБК-де Ақтөбе және Ақсу ферроқорытпа зауыттарында өзінің қолайлылығы мен тиімділігін көрсеткен «Халықтық бақылау» бейнемониторинг жүйесін енгізу жобасы іске асырылды. Жоба жұмыстардың қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қадағалауды күшейтуге арналған. Жобаның басты ерекшелігі – бұл денсаулық жағдайы бойынша өндірісте жұмыс істей алмайтын Компанияның бұрынғы қызметкерлері мен өңірде тұратын мүмкіндігі шектеулі адамдардың бақылаушылар болып табылуы. Олардың әрқайсысы бейнекамералардың көмегімен кәсіпорында барлық қауіпсіздік техникасы нормаларының сақталуын қашықтықтан қадағалап отырады. Бақылау тәулік бойы жүзеге асырылады.

1. СКАУТ - Көлікті спутниктік басқару, талдау және басқару жүйесі

Денсаулық және өндіріс қауіпсіздігі (жалғасы)

Денсаулық сақтау

Проактивті басқару болмаған кезде кейбір жұмыс түрлері қызметкерлеріміздің денсаулығына жасырын қауіп төндіруі мүмкін (мысалы, шаң бөлшектерінің, шудың, діріл мен жылудың әлеуетті әсері). Осыған байланысты, барлық қызметкерлерімізге кәсіптік аурулардың профилактикасы мен сауықтырудың кешенді бағдарламалары іске асырылады.

Бұл мыналарды:

- Міндетті жыл сайынғы медициналық қарап-тексерулерді;
- Қызметкерлердің жекелеген топтары үшін ауысым алдындағы медициналық қарап-тексерулерді;
- Жұмыс орындарындағы денсаулық үшін тәуекелдерді бағалауды;

- Тиісті медициналық көмекті қамтамасыз етуді қамтиды.

Қазхром қызметкерлерінің денсаулығын динамикалық байқау, жалпы соматикалық ауруларды, кәсіби аурулар мен уланудың алғашқы белгілерін анықтау үшін барлық қызметкерлер міндетті мерзімді медициналық қарап-тексеруден өтеді. Жыл сайын Компания қызметкерлеріне медициналық орталықтың стационарлық және амбулаториялық жағдайларында жалпы және кәсіптік аурулар бойынша профилактикалық және оңалту іс-шаралары жүргізіледі. Қажет болған жағдайда, өндірісте мертіккен қызметкерлер Қазақстан Республикасы мен шетелдердің тиісті медициналық мекемелеріне оңалтуға жіберіледі.

2022 жылы диспансерлік науқастарға, тәуекел тобындағы

жұмыскерлерге ерекше назар аударылды. Эпидемиологиялық сақтық шеңберінде міндетті медициналық профилактикалық қарап-тексерулер ерекше бақылауға алынды, профилактикалық және сауықтыру іс-шараларына көп көңіл бөлінді. 2022 жылы еңбек жағдайларына байланысты сауықтыру бағдарламаларын енгізу басталды. Қазхромның 3 649 жұмыскері медициналық орталықтың базасында сауықтырудан өтті. Профилактикалық қарап-тексерулердің бағдарламасы бойынша 154 қызметкер пилоттық іске қосу шеңберінде онкологиялық скринингтен өтті.

2022 жылдың басында Covid-19 қайта өршіді. Бірақ, ақпанда Компанияның ауырған қызметкерлерінің саны күрт төмендеді. Әрі жылдың қорытындысы бойынша өлім

жағдайы және аурудың ауыр нысаны немесе асқынулары бар науқастар тіркелмеді. Әрине, бірқатар міндетті алдын алу санитарлық-эпидемиологиялық іс-шаралар вирустың таралуын шектеуге және Компания ұжымының күнделікті жұмыс режимін қалпына келтіруге алып келді. Жұмыскерлерді вакцинациялау да маңызды рөл атқарды, тұтастай алғанда, компания бойынша қызметкерлердің 97,8%-ы вакцина салдырған.

Қазіргі уақытта COVID-19-ға және басқа да вирустық ауруларға ден қою бойынша ұйымдастырушылық және санитарлық-эпидемиологиялық іс-шаралардың кешенді жоспарын іске асыру жалғасуда. 2022 жылы екі рет (жылдың басында және соңында) жұмыскерлерге дәрумендер беру жүргізілді. Сонымен бірге, барлық тілек білдірген қызметкерлер кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі «Евразия» медицина орталықтарында тұмауға қарсы «Инфлювак» соңғы буын вакцинасын алды.

Сонымен қатар, Қазхромда Зиянды және физикалық факторларға өлшеу жүргізу бағдарламасына сәйкес зиянды және физикалық факторларға мониторинг пен реттеу бойынша іс-шаралар іске асырылады. Мәселен, осы Бағдарламаға сәйкес, аккредиттелген зертхана жылына бір рет жұмыс орындарындағы шу деңгейін өлшейді. Қажет болған кезде, өлшеу жиірек жүргізілуі мүмкін. Өндірістік үй-жайларда шудың әсерін алдын алу мен оған қарсы күресу мақсатында жұмыскерлер

шуға қарсы ішпектермен (беруштермен) немесе шуға қарсы құлаққаптармен жарақтандырылады (жеке қорғану құралдарын тегін беру нормаларында көзделген). Шаң шығарындылары бойынша шекті жол берілетін концентрациялардан асып кету анықталған кезде жұмыс аймағы ауасының шаңдануы мен газдануын төмендету жөніндегі іс-шаралар әзірленеді, олар туралы бөлімшелердің басшылығына ақпарат беріледі. Жұмыс орындарын аттестаттау бес жылда бір рет өткізіледі.

2022 жылы жоғары ластану жағдайында жұмыс істейтін кәсіптерді арнайы киімнің екінші жиынтығымен қамтамасыз ету процесі жалғасып, 100% қамтылды.

Өрт қауіпсіздігі

Қазхром нысандары объектінің өрт қауіптілігі санатына және Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес өрт сөндіру құралдарымен, өрт дабылымен және автоматты өрт сөндіру жүйелерімен жарақтандырылған. Қазхромның барлық филиалдарына кәсіби апатт-құтқару жабдықтарымен, құралдармен және керек-жарақтармен жарақтандырылған «Кәсіби әскерлендірілген апатты-құтқару қызметтерінің республикалық орталық штабы» ЖШС қызмет көрсетеді.

2022 жылы 25 тұтану оқиғасы тіркелді, бір жағдай салдардың әлеуетті жоғары ауырлығына байланысты болды. Төтенше жағдайларға дайындалу және

жедел ден қою мақсатында 2022 жылы апаттарды жою жоспарлары бойынша 1 673 апатқа қарсы жаттығу және 37 оқу дабылы өткізілді.

Компания аумағында өрттердің алдын алу және болғызбау мақсатында Өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі бағдарлама әзірленді, оның шеңберінде ҚР заңнамасының жаңа талаптарына сәйкес филиалдардың объектілерін автоматты өрт сөндіру жүйелерімен, өрт дабылы жүйелерімен және ауыр жүк техникасын автоматты өрт сөндіру жүйелерімен толық жарақтандырудың ұзақ мерзімді жобасы дайындалды. 2022 жылы Қазхром филиалдарының объектілерінде қолданыстағы өрт дабылы жүйелерін техникалық куәландыру орындалды.



Денсаулық және өндіріс қауіпсіздігі (жалғасы)

Нәтижелілік көрсеткіштері

Өлімге алып келген жазатайым оқиғалар

Компания 2022 жылы Ақсу ферроқорытпа зауыты бір қызметкерінің және Дөң ТКБК-дегі бір мердігер ұйым қызметкерінің қайтыс болуына қатысты қатты қайғырады (2021 жылы: Дөң ТКБК үш қызметкері және Ақтөбе ферроқорытпа зауытының бір қызметкері). Біз осы қайғылы оқиғаларға ұшыраған адамдардың туыстарына шын жүректен көңіл айтамыз. Өлімге алып келген жазатайым оқиғалар жолбергісіз болып табылады және жарақаттануға мүлдем жол бермеу үшін олардың жиілігін одан әрі төмендету қамында жұмыс істеуді жалғастырудамыз.

Ақсу зауытында өлімге алып келген жағдай бойынша алдын алу шараларын әзірлеу және қайталама жағдайлардың тәуекелін азайту мақсатында мұқият тергеп-тексеру жүргізілді. Тергеп-тексерудің қорытындысы бойынша келесі шаралар қабылданды:

- Пайдаланылатын техника мен жабдықтың жай-күйін бақылауды қатаңдату;
- Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау жөніндегі нұсқаулықты жақсарту;
- «Халықтық бақылау» жобасын іске асыру шеңберінде бірқатар өндірістік учаскелерде қосымша бейнебақылау камераларын қосу;

- Жұмыскерлердің денсаулығы мен өміріне қауіп төнген жағдайда, Қауіпті жұмысты орындаудан бас тарту саясатын енгізу;
- Биіктіктегі жұмыстарды орындау процесін бақылау мақсатында жұмыстарды орындауды бастамас бұрын ЕҚЖӨҚ қызметі қызметкерлерінің биіктіктегі жұмыс орындарына міндетті түрде баруын енгізу.

Дөң ТКБК-да мердігер ұйым қызметкерінің өліміне байланысты жағдай бойынша оқиғаның себептерін тергеп-тексеру және талдау нәтижелері бойынша іс-шаралар жоспары әзірленді, ол мыналарды қамтыды:

- Жұмыстарды орындау жобасын қайта қарау, атап айтқанда, материалдарды оқпанға жеткізу жұмыстарын қауіпсіз орындау жөніндегі талаптар толықтырылды, сондай-ақ қауіп жоғары жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізуге жауапты адамдарды

айқындауды қоса алғанда, қауіп жоғары жұмыстардың тізбесі қайта қаралды;

- Монтаждау полкінің құрылымын өзгерту және өнімді шығарған зауытпен келісілген техникалық құжаттаманы әзірлеу;
- Нұсқамалықты өткізіп және нұсқамалықтарды тіркеу журналында рәсімдей отырып, биіктіктегі жұмыстарды орындау кезінде сақтандыру белдіктерінің дұрыс қолданылуын бақылауды енгізу;
- Өздігінен жазғышсыз шахталық көтергіш қондырғының жұмысына тыйым салуды енгізу.

Еңбекке жарамдылықты уақытша жоғалту жарақаттары

2022 жылы еңбекке жарамдылық күндерін жоғалтқан 64 өндірістік жарақат тіркелді (LT1¹) (2021 жыл: 49), бұл 1.50 (2021 жыл: 1.46) деңгейінде еңбекке жарамдылық күндерін жоғалтқан жарақаттану жиілігін (LTIFR²) негіздеген.⁴

Өндіріс қауіпсіздігінің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіш	2021	2022
Өлімге алып келген жазатайым оқиғалар (қызметкерлер мен мердігерлер)	4	2
Еңбекке қабілеттілік күндерін уақытша жоғалтқан жарақаттар (қызметкерлер мен мердігерлер)	49	64
Еңбекке қабілеттілік күндерін уақытша жоғалтқан жарақаттардың жиілігі (LTIFR)	1.46	1.50
Жазатайым оқиғалардың ауырлық коэффициенті	39.47	82.24
Өлімге алып келген жарақаттанудың жиілік коэффициенті (FAR)	9.82	4.55

1. LTI (ағыл. Lost-time Injuries) – еңбекке қабілеттіліктен уақытша айырылған оқиғалардың саны
2. LTIFR (ағыл. Lost-time Injury Frequency Rate) – жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттану жиілігінің коэффициенті
3. Өлімге алып келген жазатайым оқиғаларды қоса алғанда, қызметкерлер ғана



Персоналды басқару



Қызметкерлер – Қазхромның ең құнды активі және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудегі біздің тең құқылы серіктестеріміз. Компанияның басымдығы – барлық қызметкерлердің амандығы, лайықты еңбек жағдайларын және олардың өсуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау.

Басқаруға қатысты көзқарас

Қазхромдағы еңбек қатынастарына деген көзқарасымыздың негізгі құрамдасы жалақы, әлеуметтік жеңілдіктер және өндіріс қауіпсіздігі сияқты әртүрлі мәселелер бойынша қызметкерлердің бірлестіктерімен сындарлы өзара іс-қимыл жасау болып табылады. Біз барлық қызметкерлердің кәсіподақтарға кіру және ұжымдық шарттар жасасуға еркін қатысу құқығын құрметтейміз. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша біздің барлық дерлік қызметкерлеріміз ұжымдық шарттың қатысушылары.

Біз жұмыспен қамтудың тең мүмкіндіктері қағидатын мүлтіксіз ұстанамыз және кемсітушіліксіз әділ еңбек жағдайларын жасаймыз. Бұл компанияның жалдау процесіне байланысты шығыстарды жабуын, қызметкерлерге қауіпсіз және саламатты еңбек жағдайларын қамтамасыз етуді, олардың Компанияға қосқан үлесін әділ бағалауды, олардың кәсіби дағдыларын дамытуға жәрдемдесуді, жұмысының сапасы мен тиімділігін ашық және сындарлы талқылауды, кәсіби өсудің тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуді қамтиды. Біз өз қызметкерлерімізге шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлтік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, наным-сенімдеріне, тұрғылықты жеріне, жасына, мүгедектігіне немесе жыныстық бағдарына, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге мүше екеніне қарамастан, әділ әрі тең қараймыз. Қазхром әр жұмыскердің тәжірибесі мен пікірін бағалайды және кемсітушіліктің ешқандай көріністеріне жол бермейді.

Біз ұйымымыздың барлық деңгейлерінде инновациялық жұмыс әдістерін енгізуге баса көңіл бөлеміз. Құндылықтарымыз бен

стратегиялық басымдықтарымызға сәйкес, біз қызметкерлеріміздің стратегиялық дағдылары мен құзыреттерін дамытуға, сондай-ақ кадр резервін қалыптастыруға және көшбасшылық әлеуетті дамытуға ерекше мән береміз. Біз таланттарды басқарудың кешенді және болашаққа бағдарланған көзқарасын ұстанамыз, бұл бизнесіміздің қажетті дағдылары бар мамандарға деген ағымдағы және болашақ қажеттіліктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі жас мамандардың тапшылығы, бизнесімізді трансформациялау бойынша үздіксіз жұмыс және салалық кәсіптердің бейініне технологиялық өзгерістердің әсері жағдайында барған сайын үлкен маңызға ие.

Еңбек қатынастарына деген көзқарасымыз қызметкерлеріміз бен жергілікті қоғамдастықтардың тығыз өзара байланысы мен өзара іс-қимыл жасауына негізделген. Біз өзіміз жұмыс істейтін өңірлерде өз қызметкерлеріміз бен олардың отбасыларының әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға ерекше көңіл бөлеміз.

Қазхромда Медицина, спорт және СӨС жөніндегі ERG орталығы арқылы қызметкерлерді спортпен шұғылдануға және саламатты өмір салтын ұстануға анағұрлым белсенді тартуға ерекше көңіл бөлінеді.

Персоналды басқару (жалғасы)

Персоналдың саны мен құрылымы

2022 жылдың соңына Компания қызметкерлерінің тізімдік саны – 19,987 адам. Оның 76.2%-ы ерлер және 23.8%-ы әйелдер. Жұмыскерлердің негізгі үлесі 31 жастан 50 жасқа дейінгі жас тобында ұсынылған – 52.2%. 30 жасқа дейінгі жастардың үлесі – 26.1%, 50-ден 61 жасқа дейінгі жұмыскерлердің саны персонaлдың жалпы санының – 18.8%. 2.9%-ды – 61 жастан асқан жұмыскерлер. Компания қызметкерлерінің этникалық құрамында қазақтар, орыстар, украиндықтар, немістер, татарлар, өзбектер және басқа ұлттар бар. Бұл ретте қазақтар – 72.2%, қалған ұлттар персонaлдың жалпы санының 27.8%.

2022 жылы құрылған жұмыс орындарының саны – 432 бірлік немесе қызметкерлердің тізімдік санының 2.2%-ы. 2022 жылы кадрлардың орташа тұрақтамау коэффициенті – 6.6%, оның ішінде басшылар, мамандар мен қызметшілер – 6.3%, жұмысшылар 6.7%.



2022 жылғы 31 желтоқсандағы қызметкерлердің тізімдік саны, адам

Өңір	Ерлер	Әйелдер
Ақтөбе облысы	9,747	3,148
Павлодар облысы	5,136	1,529
Қарағанды облысы	342	85
Жиыны	15,225	4,762

2022 жылғы 31 желтоқсандағы персоналдың құрылымы, адам

Санаты	Басшылар		Мамандар, қызметшілер		Жұмысшылар	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
30 жасқа дейін	226	18	358	212	3,663	732
31 жастан 50 жасқа дейін	825	113	713	626	6,126	2,032
51 жастан 60 жасқа дейін	195	50	154	157	2,400	807
61 жастан асқан	57	2	36	6	472	6
Итого	1,303	184	1,261	1,001	12,661	3,577

2022 жылғы 31 желтоқсандағы қызметкерлердің этникалық құрамы, %

Этникалық топтар	Басшылар, мамандар, қызметшілер		Жұмысшылар	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
Қазақтар	9.2	3.1	50.1	9.8
Орыстар	2.3	1.9	8.6	5.4
Украиндықтар	0.6	0.5	2.1	1.2
Басқалар	0.7	0.4	2.6	1.5

Негізгі мәселелер мен бастамалар

Қызметкерлерге сыйақы беру және оларды ынталандыру

Қазхром жұмыскерлерінің сыйақы деңгейі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болып табылады. Компания еңбекке ақы төлеу жөніндегі нормативтік актілерді әзірлеу кезінде оның ішінде кәсіподақ ұйымдарының пікірін ескереді.

Қолданыстағы корпоративтік еңбекке ақы төлеу жүйесі:

- Қазақстанның ірі компания-ларының деңгейіне сәйкес келетін лайықты сыйақы беру деңгейін;
- Тұрақты және ауыспалы (премиум) бөліктерден тұратын екі құрамдас еңбекке ақы төлеу жүйесін;
- Қазақстандағы инфляция деңгейін негізге ала отырып, өндірістік бөлімшелер персоналының жалақысын индекстеуді қамтамасыз етеді.

Тұрақты бөліктің мөлшерін айқындау кезінде Компания әрі Қазақстандағы, әрі көрші Ресейдегі жалақы бенчмарктеріне бағдарланады. Соңғы үш жылда Қазхром қызметкерлерінің орташа жалақысы 63.1%-ға өсті.

Ауыспалы бөлік белгілі бір кезеңдегі қызметкердің нәтижелілігіне және Компанияның өндірістік көрсеткіштеріне байланысты болады. Әкімшілік-басқару персоналына жыл сайынғы нәтижелілікті бағалау қорытындысы бойынша сыйақы беріледі. 2022 жылы әкімшілік-басқару блогы жұмыскерлерінің 100%-ы нәтижелілікті ресми бағалаудан өтті, бұл Қазхром қызметкерлерінің 18.8%, оның ішінде:

Санаттары бойынша:

40% басшылар 60% мамандар

Жынысы бойынша:

31% әйелдер 69% ерлер

2022 жылғы 31 желтоқсандағы әйелдердің орташа жалақысының ерлердің орташа жалақысына қатынасы, %

Санаты	Ақтөбе облысы	Павлодар облысы	Қарағанды облысы
Басшылар, мамандар, қызметшілер	59.9	67.4	70.7
Жұмысшылар	60.0	74.4	59.6

Ескерту: біліктілігі тең қызметкерлердің ұқсас лауазымдағы жалақы деңгейі бірдей. Алшақтық тиісті санаттағы ерлердің/әйелдердің үлесіне байланысты және гендерлік белгіге байланысты емес

ҚАЗХРОМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ПРОФИЛІ

19,987 АДАМ
2022 жылдың соңындағы персоналдың тізімдік саны

37.7 ЖАС
Қызметкерлердің орташа жасы

432
2022 жылы жаңа жұмыс орны құрылды

15.5%
Есепті жылда жұмысқа қабылданған қызметкерлердің үлесі

6.6%
2022 жылы кадрлардың орташа тұрақтамауы

10.5 ЖЫЛ
Қызметкерлердің орташа еңбек өтілі

23.8%
Персоналдың – әйелдер

12%
Басшы лауазымдардағы әйелдердің пайызы (директорлар кеңесін қоспағанда)

0.7%
Ерекше қажеттіліктері бар жұмыскерлер жұмыскерлер

Персоналды басқару (жалғасы)

19%

Қызметтік аттестаттаудан және кәсіби өсу мүмкіндіктерін бағалаудан үнемі өтетін Компания қызметкерлерінің үлесі

72%

Кәсіптік оқытудан өткен Компания қызметкерлерінің үлесі

Персоналдың құзыреттерін дамыту

Құзыреттерді дамыту жүйесі құзыреттерді бағалаудан, Компанияның персоналын оқыту және дамыту жоспарынан, топішілік корпоративтік оқыту іс-шараларынан, негізгі лауазымдарға кадр резервін қалыптастыру мен дамытудан тұрады.

Персоналды оқыту бағдарламасының бағыттары:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген оқытуды;
- Компанияның корпоративтік стандарттарына негізделген оқытуды: комплаенс¹, ақпараттық қауіпсіздік, корпоративтік қауіпсіздік стандарттарын;
- Кәсіби құзыреттерді дамытуға бағытталған оқытуды;
- Компанияның бизнес-процестеріне бірыңғай көзқарастарды қолдау мен енгізуге, Компанияның кадр резервін дамыту мен дайындауға бағытталған корпоративтік оқыту бағдарламаларын қамтиды.

Қазхромның құрылымдық бөлімшелерінде, оның ішінде ERG Бірыңғай оқу орталығының мамандарын тарта отырып, жұмысшыларды кәсіп бойынша даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру, екінші кәсіпке оқыту, сондай-ақ басшылар мен мамандарды оқыту жүргізіледі. Қызметкерлердің құзыреттерін дамыту қажеттілігі стратегиялық даму жоспарын талдау, Қазхромның бизнес-процестеріндегі өзгерістер, сондай-ақ персоналымыздың құзыреттерін бағалау негізінде қалыптастырылады. Қажеттіліктер негізінде оқыту түрлері бойынша бөле отырып, персоналды кәсіптік оқытудың теориялық және өндірістік оқытуды бөгде ұйымдар да, бұл үшін жеткілікті біліктілігі бар Қазхром қызметкерлері де жүргізеді.

Барлық жаңа қызметкерлер кіріспе нұсқамалықтан өтеді, ол:

- Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының мәселелерін, жұмыскер мен жұмыс берушінің еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы құқықтары мен міндеттерін;
- Өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі, өндірістік санитария талаптарын және еңбекті қорғау мен өнеркәсіп қауіпсіздігінің басқа да мәселелерін;
- Компанияда бар тәуекелдер мен қауіптерді, оның ішінде IT және тиісті бақылау шараларын, сондай-ақ алғашқы көмек көрсету қағидаларын;
- Оқиғаларды тергеп-тексеру тәртібін және алынған сабақтарды талдауды қамтиды.

Филиалдарға жұмысшы кәсіптерінің оқушылары ретінде қабылданатын барлық жаңа жұмысшылар құрылымдық бөлімшелерде бекітілген бағдарламалар бойынша біліктілік сипаттамасының талаптары көлемінде кәсіптік-техникалық оқытудан өтеді. Жаңа жұмысшыларды оқыту мерзімдері осы кәсіп бойынша жұмыстардың біліктілік күрделілігіне қарай белгіленеді.

Қазхромның барлық филиалдарында заманауи талаптарға сәйкес жарақтандырылған, оқытуды жүргізуге арналған оқу және компьютерлік сыныптар бар.

Компания таланттар пулына қосу үшін қызметкерлердің құзыреттерін жыл сайынғы бағалау бағдарламасы шеңберінде, сондай-ақ «Кәсіби мамандар лигасы» және көшбасшылық дағдыларды дамыту жөніндегі басқа да бағдарламалар сияқты ауқымды іс-шаралар барысында кандидаттарды үздіксіз іздейді. 2022 жылы Кәсіби мамандар лигаларына жұмысшылар, бригадирлер, цех бастықтары, учаске бастықтары, менеджерлер, ERG Way навигаторлары (259 адам) қатысты. Жоғары буын басшылары (жеті адам) ERG Line Leaders-те Көшбасшылықты Дамыту бағдарламасы бойынша оқытудан өтті.

Еңбек қатынастары

Еңбек қатынастарына қатысты біртұтас көзқарас Қазхромның қолайлы еңбек жағдайларын жасауға, сондай-ақ қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға басым көңіл бөлетінін білдіреді. Осы саладағы жұмыстың басым бағыттары:

- Қызметкерлердің еңбек жағдайларын үнемі жақсарту мен стандарттауды, сондай-ақ оларға ұсынылатын әлеуметтік жеңілдіктер пакетін жақсартуды;
- Қызметкерлер мен олардың отбасыларының өмір сүру деңгейін арттыруды қамтиды.

Компания қызметкерлермен тікелей диалогті қолдайды, ол еңбек жағдайларын қоса алғанда, мәселелердің кең тобы бойынша олардың пікірлерін үнемі есепке алуды қамтамасыз етеді. Мәселен, 2018 жылдан бері Қазхромда жұмыскерлердің қанағаттануы мен жанашырлығына әлеуметтанушылық зерттеулер жүргізіліп келеді.

Жылдың ең ауқымды сауалнамасы – 2022 жылғы қыркүйекте жүргізілген персоналдың қанағаттануын зерттеуге төрт мыңға жуық қызметкер қатысты. Зерттеу аясында қызметкерлердің тұтастай алғанда, жұмысқа қанағаттану деңгейі ғана емес, сонымен қатар, еңбек қызметінің әртүрлі құрамдастары (еңбекке ақы мөлшері, кәсіби және мансаптық өсу мүмкіндіктері, басшылықпен қарым-қатынас, еңбек жағдайларының қауіпсіздігі және т.б.) айқындалады.

2022 жылы ERG Balance қызметкерлерді психологиялық қолдау бағдарламасы шеңберінде Компания жұмыскерлерінің психоэмоционалдық жай-күйіне мониторинг мақсатында оларға екі рет тестілеу жүргізілді.

Қазіргі уақытта Қазхром жұмыскерлерін психологиялық қолдау жөніндегі іс-шараларды іске асыру жалғасуда:

- Ақтөбе, Ақсу және Хромтау қалаларындағы медициналық орталықтың клиникаларында психологтардың қабылдауы ұйымдастырылды;
- Психологиялық денсаулық тақырыбында әңгімелер мен тренингтер өткізу үшін цехтарда психологтардың жұмыскерлермен кездесулері ұйымдастырылады;
- Әрбір жұмыскерге психологтың online консультациясын алуға мүмкіндік берілген;

- SmartERG арнасы құрылды, онда Компанияның барлық жұмыскерлері психологиялық денсаулық тақырыбында ақпарат алу, күйзеліске қарсы күресу әдістері туралы білу, жиі қойылатын сұрақтарға жауап алу мүмкіндігіне ие болады;

- Психологтармен және психотерапевттермен онлайн сессиялар өткізіледі және т.б.

Жайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету

Компания өз жұмыскерлеріне Ұжымдық шартта және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жұмыскерлер мен олардың отбасы мүшелерінің өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған кепілдендірілген әлеуметтік пакетті ұсынады. Соңғы үш жылда Қазхром қызметкерлерді әлеуметтік қорғауға 17,76 млрд теңгені бағыттады, оның негізгі бағыттары: барлық қызметкерлерді медициналық қамтамасыз ету және медициналық қарап-тексеру, қызметкерлерді жұмыс орындарына жеткізу, қызметкерлер мен олардың отбасыларын әлеуметтік қолдау, бала күтімі бойынша жәрдемақылар және т.б. болып табылады. Сонымен бірге, ұжымдық шартта үстеме жұмыс пен демалыс және мереке күндеріндегі жұмыс істегені үшін өтемақы көзделген.

Компанияның қызметкерлеріне металлургия және тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі жұмыс өтілі үшін қосымша ақылы демалыс күндері беріледі. Қосымша ақылы демалыс күндері әйелдерге жүктілігі бойынша демалысқа шықпас бұрын, сондай-ақ 12 жасқа дейінгі екі немесе одан көп баласы бар әйелдерге беріледі.

Зейнетке шығу немесе жұмысын тоқтату нәтижесінде өз қызметін аяқтаған қызметкерлерге көмек көрсету бағдарламалары да ұжымдық шартта бекітілген және штат қысқарған кезде Қазхромның қаражаты есебінен жәрдемақыларды, өтемақыларды, сыйақыларды, сондай-ақ жұмысқа орналастыру, жаңа кәсіп бойынша қайта даярлау жөніндегі кепілдіктерді қамтиды.

Әлеуметтік кепілдіктер уақытша немесе толық емес жұмыспен қамту шарттарымен қабылданған қызметкерлерге де қолданылады. Сонымен қатар, Қазхром қызметкерлер үшін де, жұмыс істейтін өңірлердің тұрғындары үшін де қолжетімді әлеуметтік объектілерді қамтиды.

Қазхромның қызметіне қатысты елеулі өзгерістер туралы қызметкерлерді хабардар етудің ең аз мерзімі Еңбек кодексіне сәйкес регламенттеледі. Еңбек жағдайлары өзгерген кезде Компания күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей қызметкерді жазбаша хабардар етеді.

Біздің компаниямыздың кез келген қызметкері басқа қызметкер немесе іскерлік серіктес ERG Корпоративтік мінез-құлық кодексінің ережелерін бұзды деп алаңдау немесе күдіктену үшін қандай да бір негіз туындаған кезде бұл туралы өзінің тікелей басшысына, жоғары деңгейдегі басшыға, комплаенс жөніндегі маманға немесе Компанияның заң кеңесшісіне де, ERG Жедел желісінің арналары бойынша өтініш беру арқылы да (оның ішінде жасырын түрде) хабарлай алады. ERG Жедел желісі тәуелсіз оператор қызмет көрсететін және аптасына жеті күн тәулік бойы жұмыс істейтін толық құпия байланыс арнасы болып табылады.

Бұған қоса, персоналды басқаруға қатысты мәселелерді қызметкерлер жергілікті персоналды басқару бөлімімен талқылай алады.

1. Толымды ақпарат «Әдеп және комплаенс» бөлімінде

Персоналды басқару (жалғасы)

Жайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету (жалғасы)

Біздің компаниямыздың кез келген қызметкері басқа қызметкер немесе іскерлік серіктес ERG Корпоративтік мінез-құлық кодексінің ережелерін бұзды деп алаңдау немесе күдіктену үшін қандай да бір негіз туындаған кезде бұл туралы өзінің тікелей басшысына, жоғары деңгейдегі басшыға, комплаенс жөніндегі маманға немесе Компанияның заң кеңесшісіне де, ERG Жедел желісінің арналары бойынша өтініш беру арқылы да (оның ішінде жасырын түрде) хабарлай алады. ERG Жедел желісі тәуелсіз оператор қызмет көрсететін және аптасына жеті күн тәулік бойы жұмыс істейтін толық құпия байланыс арнасы болып табылады.

Бұған қоса, персоналды басқаруға қатысты мәселелерді қызметкерлер жергілікті персоналды басқару бөлімімен талқылай алады.

Қызметкерлердің өмір сүру деңгейін арттыру

Компания медициналық орталықтарды, спорттық және мәдени-демалыс объектілерін қоса алғанда, кәсіпорындарымыз орналасқан өңірдегі әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне, сондай-ақ өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және жергілікті тұрғындарды, оның ішінде қызметкерлердің балаларын жұмысқа орналастыру перспективаларына жәрдемдесу үшін оқыту бағдарламаларының кең спектріне инвестициялар құяды (79-бет).

Қызметкерлердің саламатты өмір салтын қолдау

2022 жылы Қазхром өз қызметкерлерінің саламатты өмір салтын қолдауға қатысты біртұтас тәсілді ұстанды. Бұл тәсіл аясында қызметкерлерімізді спортқа тартуға және өмір салтын жақсартуға ерекше көңіл бөлінеді.

Компания қызметкерлерінің бірқатар дене шынықтыру-сауықтыру кешендеріне тегін немесе едәуір жеңілдікпен бару мүмкіндігі бар. Компанияда психологтермен және диетологтермен тренингтер; белгілі бір физикалық нәтижелерге қол жеткізуге уәждемесі бар байқаулар сияқты саламатты өмір салты мәдениетін дамыту бағдарламалары қолға алынған. Қолдау және ынталандыру мақсатында Қазхром спортшы жұмыскерлердің спорттың алуан әртүрі бойынша қалалық, республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуын қаржыландыруды жүзеге асырады.

2022 жылы Компанияда Қазхром ойындары сияқты әртүрлі спорттық іс-шаралар мен жарыстар, сондай-ақ кәсіподақ комитетімен бірлесіп ұйымдастырылатын мереке күндеріне орайластырылған жарыстар (шаңғы жарысынан кәсіподақ комитетінің кубогы, шағын футбол мен баскетболдан кәсіподақ комитетінің кубогы) өткізілді.

Сонымен қатар, қызметкерлер мынадай спорттық іс-шараларға қатысты:

- Еуразиялық ойындар – ERG тобының кәсіпорындары арасындағы жалпыға ортақ жарыстар.
- Қазхром – Дуатлон 2022 – Ақтөбе қаласында Металлургтер күніне арналған қалалық спорттық жарыстар. Жарыстан жиналған барлық қаражат пен жарналар жүре алмайтын ақтөбелік қыз баланы емдеуге бағытталды.
- Алматы Марафоны 2022.
- ERG Run Fest – Еуразиялық Топтың жүгіру фестивалі – Хромтау, Павлодар қалаларында.
- Әртүрлі қалалық жарыстар.

2022 жылы Компанияда кемсітушілік жағдайлары, сондай-ақ қызметкерлердің бірлестіктерге қатысу еркіндігі мен ұжымдық шарттар жасасу құқықтарына қысым жасау жағдайлары анықталған жоқ.

Сонымен қатар, 2022 жылы еңбек қатынастары саласындағы ереже бұзушылықтардың расталған жағдайлары бойынша өтініштер тіркелген жоқ.

2022 жылы жаңадан қабылданған және оқытудан өткен қызметкерлердің пайызы – 62.6%, ал оқыту сағаттарының жалпы саны – 254,515.

Есепті жыл ішінде Компания жұмыскерлерді әлеуметтік қорғауға 7,691 млн теңге бағыттады.

Бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша демалыстағы қызметкерлердің саны 2022 жылдың соңында – 568 адам, оның ішінде 12 ер адам.

2022 жылғы қызметкерлерді оқыту деректері

Көрсеткіш	Барлық қызметкерлер бойынша	Жұмыскерлердің санаттары бойынша		Гендерлік топтар бойынша	
		Басшылар, мамандар және қызметшілер	Жұмысшылар	Ерлер	Әйелдер
Оқыту сағаттарының орташа саны	18.2	28.3	16.2	18.1	18.3



НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

~100% -Ы
Компания қызметкерлерінің ұжымдық шартқа қатысушылар

~100% -ЫНДА
Компания қызметкерлерінің ресми таңдалған өкілдері бар

Экология саласындағы тиімді басқару



Басқаруға қатысты көзқарас

Қазхром кәсіпорындары жұмыс істейтін өңірлерінде орнықты дамуды қолдайтын тәжірибелерді қолдану арқылы саламатты табиғи ортаны сақтау мен қолдауды ұстанады. Бұл табиғи ресурстарға жауапты қарауды және климаттың өзгеруіне әсер ету мен қалдықтарды басқаруды қоса алғанда, экология мәселелерін басқаруды білдіреді. Қазхром бөлімшелері қызметінің негізгі түрі – ферроқорытпа шығару және ферроқорытпалар технологиясын дамыту, хром және марганец кендерін өндіру. Өндірістік процестер қызметтің

кең спектрімен сипатталады және олардың қоршаған ортаға әсер етудің ықтимал және орын алып отырған экологиялық аспектілерінің айтарлықтай тізбесі бар.

Олардың арасында ең маңыздысы деп мыналар айқындалды:

- Атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары және сарқынды сулардың төгінділері;
- Жер ресурстарын пайдалану және топырақтың ластануы;
- Қалдықтардың түзілуі және оларды орналастыру;

- Табиғи ресурстарды (су, отын, энергия) және шикізат материалдарын пайдалану.

Қоршаған ортаға елеулі әсер ететін экологиялық факторлар стратегиялық мақсаттарды белгілеу және Компанияның экологиялық аспектілерін басқару жөніндегі іс-шараларды жоспарлау кезінде міндетті түрде ескеріледі.

Кез келген ірі жобаларды немесе операциялық өзгерістерді іске асыру басталғанға дейін Қазхром Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және халықаралық стандарттарға сәйкес қоршаған

ортаға әсерді кешенді бағалау мен қоғамдық тыңдау өткізеді. Компания іске асырған өндірісті жаңғырту және кеңейту жөніндегі барлық жобалар міндетті мемлекеттік экологиялық сараптамадан ойдағыдай өтті.

Қазхромда Компания мен оның мүдделі тұлғаларының болжалдары мен талаптарына сәйкес келетін және экологиялық менеджмент жүйесінің халықаралық стандарттар мен озық халықаралық тәжірибелері талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ететін Экологиялық саясат қолданылады. Бұған қоса, Саясат Компанияның 2021 жылғы шілдеде қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етеді.

Компанияның филиалдары қызметін жүзеге асырған кезде өндірістің қоршаған ортаға әсерін қадағалау үшін өндірістік экологиялық бақылауды орындайды, оның барысында тоқсан сайын қоршаған ортаға эмиссия көздеріне (шығарындылар, төгінділер, қалдықтар) экологиялық мониторинг жүргізіледі. 2022 жылы мониторингті бөлімшелердің аккредиттелген қоршаған ортаны қорғау зертханасының мамандары мен шарттар бойынша мамандандырылған ұйымдардың мамандары өндірістік экологиялық бақылау бағдарламалары негізінде орындады. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының орындалуы туралы есептер заңнамаға сәйкес тоқсан сайын Esgov.kz порталында жарияланады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқарудың негізгі бағыттары:

- Шығарындылар мен төгінділерді қысқарту;
- Су ресурстарын сақтау;

- Бүлінген жерлерді қалпына келтіру;
- Қалдықтарды басқару;
- Биоәртүрлілікті сақтау;
- Экологиялық мониторингтің тиімділігін арттыру болып табылады.

Компанияның экология саласындағы менеджмент жүйесі Экологиялық менеджмент жүйесі атты ISO14001:2015 стандартына сәйкес келеді (2022 жылы TÜV халықаралық сертификаттау органы растаған). 2022 жылы Компанияның ISO 50001:2011 энергоменеджмент жүйесі стандарты нұсқасынан ISO 50001:2018 стандартының жаңа нұсқасына көшуі аяқталды.

Тұтастай алғанда, Компанияның бөлімшелерінде орнатылған барлық жаңа жабдықтар экологиялық заңнаманың талаптарына толық сай келеді.

Экологиялық тәуекелдерді басқару және тиісінше олар бойынша шешімдер қабылдау олардың тиісті бағалауына негізделеді. Бағалау нәтижелері бойынша оларды барынша азайту жөніндегі іс-шаралар әзірленіп, орындалады. 2022 жылы экологиялық тәуекелдерді бағалау Ақсу зауытының 29 бөлімшесінде, Ақтөбе зауытының 19 бөлімшесінде, Дөң ТКБК-ның 27 бөлімшесінде және Қазмарганец КБ-ның үш бөлімшесінде жүргізілді.

Өндірісте жақсартуларды енгізу жөніндегі жұмыс шеңберінде қызметкерлерді қоршаған ортаны қорғау саласында үнемі оқыту жүргізіледі. Мәселен, 2022 жылы Компанияның Қоршаған ортаны қорғау қызметінің 19 қызметкері келесі тақырыптар бойынша оқытудан өтті:

- Экологиялық кодекс. Жобалық құжаттаманы толтыру бойынша практикалық курс. Қалдықтарды сыныптауды жүзеге асыру. Қалдықтардың паспортын әзірлеу.

Қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ). Парниктік газ шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу;

- Жаңа Экологиялық кодекс шеңберінде экологиялық заңнамаға қатысты жаңа көзқарастар.

Ауа мен суға әсерді басқару

Ластаушы заттардың жергілікті сумен жабдықтау жүйелері мен атмосфералық ауаға эмиссияларын анықтау, болғызбау және (немесе) төмендету мәселелеріндегі негізгі бақылау шараларына мыналар жатады:

- Ластаушы заттардың атмосфераға шығарындыларын тазарту (шығарындыларды тазарту, металлургия өндірісіне арналған заманауи газ тазарту қондырғылары, шаңды қармау жүйелері және ағаш егу);
- Сарқынды суларды тазарту және суды қайтадан пайдалану (сарқынды суларға мониторинг, қоршаған ортаны сақтауға бағытталған сарқынды суларды, оның ішінде карьерлік және шахталық суларды тазарту процестері);
- Қалдықтарды басқару (ферроқорытпа қожын қайта өңдеу, сұрыптау, қалдықтарды қайтадан пайдалану, қалдықтарды сұрыптау, өндірушінің кеңейтілген жауапкершілік тетігі, қалдықтарды басқару бағдарламалары);
- Қоршаған ортаның ластану тәуекелін азайту мақсатында инженерлік-техникалық бақылау құралдары;
- Атмосфералық ауа мен судың сапасына үнемі мониторинг.

Экология саласындағы тиімді басқару (жалғасы)

Ауа мен суға әсерді басқару (жалғасы)

Негізгі мәселелер мен бастамалар

2022 жылы Қазхром кәсіпорын-дарында Қазақстандағы ERG Экологиялық стратегиясының бір бөлігі болып табылатын қоршаған ортаға теріс әсерді азайту мақсатындағы шаралар іске асырылды. Бұл мыналарды қамтыды:

Атмосфералық ауаның сапасын жақсарту.

- Ақсу ферроқорытпа зауытында жұмыс істеп тұрған газ тазарту жабдығын реконструкциялау шеңберінде озық техникалық шешімдерге сәйкес №42 пештің жаңа «құрғақ» типті газ тазартқышын салу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қазіргі заманғы жабдық тазалаудың анағұрлым жоғары дәре-жесімен және жақсартылған пайдалану сипаттамаларымен ерекшеленеді.
- Ақсу ферроқорытпа зауыты №44 пешінің газ тазалағышын реконструкциялауға арналған жабдықты орнату аяқталды, №1, 2 балқыту цехтары мөлшерлегіш бөлімшелерінің шаң тазалау жабдықтарын ауыстыру жобалары бойынша жұмыстар жүргізілуде. 2022 жылы алты газ тазартқыштағы жеңқұбырлы сүзгілерді ауыстырылды.
- Су бүрку көмегімен шаңды басу жүйелерін қолдануды және үйінділердің бетін реагент-термен жыл сайын өңдеуді қоса алғанда, күл және қож үйінділерінен атмосфералық ауаға шығарындыларды азайту

жұмыстары шеңберінде 2022 жылы Ақсу ферроқорытпа зауытында шаң басуға арналған анағұрлым эколо-гиялық қауіпсіз реагенттер тәжірибеде сыналдры.

- Ақтөбе ферроқорытпа зауытында ластаушы заттардың шығарындыларын азайту үшін «№1 БЦ, №2 БЦ-ден ұйымдастырылмаған шаң-газ шығарындыларын оқшаулау және №2 БЦ-нің электр сүзгілерін жаңғырту» жобасын іске асыру шеңберінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау жалғасып жатыр.
- Дөң ТКБК-де №1 ұсату-байыту фабрикасының қоймасын шаңды басу жүйесімен жарақтандыру жөніндегі жобаны іске асыру басталды.
- 2022 жылы шаңды қармау және ағаш отырғызу жөніндегі шаралар шеңберінде, сондай-ақ Ағаш егу жөніндегі экологиялық стратегияға сәйкес Қазхром бөлімшелері Ақтөбе ферроқорытпалар зауытында – 13,741 көшет, Ақсу ферроқорытпа зауытында – 12,850 көшет және Дөң КБК-де 9,155 көшет егілген.
- Шаң басу және қож үйіндісінің бетін бекіту бойынша жыл сайынғы іс-шаралар өткізілді.
- Қазхромның барлық филиалдарында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы әзірленді, соның негізінде ауа тазартқыш қондырғылармен жарақтандырылған

шығарындылардың көздерінде тоқсан сайынғы бақылау жүзеге асырылады. Шығарынды көздерінің жалпы саны 1,040, оның ішінде: ұйымдастырылған – 471, ұйымдастырылмаған – 569, тазарту құрылыс жайларымен жабдықталған – 210.

Суды пайдалану тиімділігін арттыру.

- Дөң ТКБК-да нормативтен тыс төгінділердің алдын алу мақсатында және моральдық тұрғыдан ескірген тазарту құрылыс жайларына байланысты «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» шахтасының өнеркәсіп алаңында жаңбыр ағындылары мен шаруашылық-тұрмыстық ағындылардың тазарту құрылыс жайларын ауыстыру жөніндегі іс-шаралар жалғастырылды. Оларды орнатқаннан кейін сарқынды суларды тазарту тиімділігі жақсарады, бұл қоршаған ортаға барынша аз әсер етуге сеп. Сонымен қатар, қоршаған ортаға төгінділерді толығымен болғызбау мақсатында шахта суларын өндіріске қайтару жөніндегі іс-шараларды атқару жалғасын тапты.
- Ақсу ферроқорытпа зауытында жаңа нөсер суларын тазарту құрылыс жайларының құрылысы басталды (нөсер суларын бөлу және оларды технологиялық процестерде қайтадан пайдалану жөніндегі жоба шеңберінде).

Нәтижелілік көрсеткіштері

Жыл бойы Компанияға қатысты қоршаған ортаны қорғау саласындағы реттеуші органдардан елеулі шағымдар келіп түскен жоқ.

2022 жылы Қазхромда қоршаған ортаның ластануына елеулі әсер еткен штаттан тыс жағдайлар және ластаушы заттардың апатты және тұрақты емес төгінділері болған жоқ.

Қоршаған ортаны қорғауға инвестициялар, мың теңге

Көрсеткіштер	2021	2022
Қалдықтарды басқару	14,545,051	14,030,610
Табиғатты қорғауды қамтамасыз етудің негізгі қорларын күрделі жөндеу ¹	1,174,325	1,155,493
Атмосфералық ауаны қорғау	5,537,016	10,495,592
Су ресурстарын қорғау	4,213,059	4,694,655
Жерді қалпына келтіру	29,822	54,675
Барлығы	25,499,272	30,431,025

Су тұтыну, м³

Көрсеткіш	2021	2022
Таза суды жалпы тұтыну, оның ішінде:	27,150,855	24,392,379
Жерүсті сулар	10,525,849	10,393,533
Жерасты сулар	16,625,006	13,998,846
Сарқынды судың көлемі	6,053,089	5,921,848

Қоршаған ортаға ластаушы заттар төгінділерінің көлемі, тонна

Бөлімше	2021	2022
Қазмарганец КБ	5,372	3,339
Дөң ТКБК	4,179	1,979

2022 жылы су объектілеріне төгінділердің көлемі және олардың құрамындағы ластаушы заттардың мөлшері белгіленген лимиттерден аспады. Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда ластаушы заттардың төгінділері көлемінің азаюы Дөң ТКБК-да «Дөң ТКБК-ның сумен жабдықтау жүйесін салу, Хромтау қаласы, І іске қосу кешені» жобасын іске асыру нәтижесінде су төгінділерінің жалпы көлемінің төмендеуіне негізделді. Бұл ретте ластаушы заттардың концентрациясы өткен жылдың деңгейінде қалды.

Қазхром ашық су объектілеріне төгінділерді жүзеге асырмайды және су объектілері мен оларға байланысты мекендеу ортасына әсер етпейді.

Дөң ТКБК мен Қазмарганец КБ-ның тазартылған суын ағызу жергілікті жер бедеріне жүзеге асырылады.

Ақтөбе және Ақсу ферроқорытпа зауыттары қоршаған ортаға төгінділерді жүзеге асырмайды.

Атмосфералық ауаны қорғауға инвестицияларды ұлғайту Ақтөбе ферроқорытпа зауытының

№1, 2 балқыту цехтарындағы газ тазартқыштарды жаңғырту жөніндегі жобаны іске асыру шеңберінде құрылыс-монтаждау жұмыстарына жұмсалған шығыстарға байланысты.

Таза суды тұтынудың төмендеуі, негізінен, 2022 жылы суды төмендететін ұңғымалардың жұмысын тоқтату мен су ағынының төмендеуінен жерасты, атап айтқанда, ұңғыма суын тұтыну көлемдерінің төмендеуіне байланысты.

Экология саласындағы тиімді басқару (жалғасы)

Қалдықтарды басқару

Өндірісте қалдықтарды басқаруды Компания қолданыстағы экологиялық менеджмент жүйелеріне және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

Экологиялық кодекстің ережелеріне сәйкес Қазхром филиалдарында түзілетін қалдықтар қауіпті және қауіпті емес болып бөлінеді. Осыған байланысты, Компанияда қалдықтардың атаулары мен кодтары қайта қаралып, қауіпті қалдықтардың паспорттары дайындалды.

Кез келген тау-кен өндіру және металлургия компаниясы сияқты, Қазхромның өндірістік қызметі нәтижесінде метал мен пайдалы қазбаларды игеруден қалдықтар, мысалы, күл қалдығы, қазандық қождары мен күл шаңы, қайта өңделмеген қож, құрамында қауіпті заттар бар газ тазартудан қатты қалдықтар түзіледі. Қара металдар, түсті металдар, ағаш және өзгелері сияқты басқа да өндірістік қалдықтар түзіледі.

Қауіпті қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді және (немесе) кәдеге жаратуды тәуелсіз мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады. Бұл ретте мердігерлерде қажетті өндірістік алаңдардың, жабдықтардың, көліктің, білікті персоналдың болуы, сондай-ақ тиісті экологиялық рұқсаттардың болуы тексеріледі. Бұдан бөлек, мердігерлердің қалдықтарды қайта өңдеу, кәдеге жарату, пайдалану немесе көму тәртібі белгіленеді.

Қалдықтардың жоспарланбаған түрлерінің туындауына не қалдықтардың шектелетін түрлерінің жоспардан тыс ұлғаюына алып келетін апатты жағдайлар әрі табиғи, әрі антропогендік факторлардан туындауы мүмкін. Бөлімшелерде осы өндірісте болуы мүмкін кез келген апаттар кезіндегі әзірленген залалды жою жоспарлары бар. Сонымен қатар, Қазхромда жобалық шешімдерге сәйкес қолайсыз метеожағдайлар кезіндегі іс-қимыл жоспары бар.

Негізгі мәселелер мен бастамалар

2022 жылы Дөң ТКБК-да тәуекелдерді ішкі бағалауға қосымша халықаралық сарапшыларды тарта отырып, тәуекелдерді қайтадан тәуелсіз бағалау жүргізілді. Ол, өзгелермен қатар, объектілерді пайдалану шарттарын, олардың жобалық параметрлерге сәйкестігін қарауды, сондай-ақ жергілікті халық пен қоршаған орта үшін әлеуетті тәуекелдерді бағалауды қамтиды. Ол қолданылатын ұлттық заңнамаға, Канада бөгеттер салу қауымдастығының (CDA) Бөгеттердің қауіпсіздігі жөніндегі басшылығына және Аустралияның ірі бөгеттер жөніндегі ұлттық комитетінің (ANCOLD) Қалдыққоймалар жөніндегі басшылығына сүйенеді.

Қазіргі уақытта тәуекелдерді бағалау қорытындысы бойынша ұсынылған бірқатар ұсынымдарды орындау жөніндегі жұмыс, оның ішінде біздің гидротехникалық құрылыс жайларымыздың жай-күйі мен

қауіпсіздік деңгейі бойынша деректерді нақтылау мақсатында қосымша зерттеулер жүргізу, көмекші техникалық және пайдалану құжаттамасын әзірлеуді жалғастыру, автоматтандырылған өлшеу жүйелерін енгізу мүмкіндігі және қызметкерлерді (инженерлік-техникалық персоналды қоса алғанда) қосымша жалдау жалғасуда.

ERG Recycling

ERG Recycling компаниясы қалдықтарды қайта өңдеу, қайталама қолдану және коммерциялық пайдалану жөніндегі іс-шараларды іске асыра отырып, Топтың Қазақстандағы басқа да кәсіпорындарына қолдау көрсетеді. Бұл компанияның қызметі қоршаған ортаны қорғау саласындағы кәсіпорындардың міндеттемелерін қысқартуға және олардың активтерінің құнын барынша арттыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ тұйық цикл экономикасы тұжырымдамасына сәйкес келеді.

Қалдықтарды қайта өңдеу, қайталама қолдану және коммерциялық пайдалану жөніндегі іс-шаралар шеңберіндегі жұмыс Ақтөбе ферроқорытпа зауытында іске асырылады. Онда қордаланып қалған қожды, сондай-ақ өндіріске қайта тартылатын хром концентратын, сондай-ақ құрылыс материалдарын өндіруде және жол құрылысында пайдаланылуы мүмкін инертті материалдарды ала отырып, ұсақ дисперсті қождарды қайта өңдеу жалғасуда. Сонымен қатар, жаңа ерітінді-бетон кешені

пайдалануға берілді. Ол шикізат ретінде қордаланып қалған қожды қайта өңдеу кезінде түзілетін инертті материалдарды пайдалана отырып, жоғары маркалы бетон және соның негізіндегі өнімдерді шығарады.

Сонымен қатар, Ақсу ферроқорытпа зауытының қожды қайта өңдеу цехы тұндыру кешенінің жыл бойғы жұмысының нәтижесінде осы кәсіпорындағы қожды қайта өңдеу үлесі 71%-ға өсті.

Дөң ТКБК-да аршылған таужыныстардың үйінділерінен

жетілмеген және «жоғалған» кендерді өндіру жалғасты. Бұл феррохром мен хром кенін өндіруді ұлғайтуға ықпал етті. Сонымен қатар, ERG Green жобасы шеңберінде жаңа шламды қалдықтарды қайта өңдеу кешеннің құрылысы аяқталды. Бұл объектіде құрамындағы хром тотығын 55%-ға дейін ала отырып, шламды қалдықтарды байытуды едәуір арттыруға мүмкіндік беретін инновациялық технология қолданылады. Келешекте кешеннің өнімділігі жылына – 500 мың тоннадан

астам хром концентраты және оның жұмысы кәсіпорынның шламды қалдықтарының қоршаған ортаға әсерін азайтуды қамтамасыз етеді.

2022 жылы қалдықтарды одан әрі мамандандырылған басқаруды оңайлату мақсатында оларды бөлек жинау жобасын іске асыру жалғастырылды.

Нәтижелілік көрсеткіштері

2022 жылғы қалдықтардың жалпы массасы туралы ақпарат, мың тонна

Көрсеткіш	Қауіпті	Қауіпті емес	Тау-кен өнеркәсібі мен карьерлердің қауіпті емес қалдықтары	Жиыны
Түзілген қалдықтардың саны	262.69	2,353.69	12,474.61	15,090.99
Жинау, тасымалдау, кәдеге жарату, қайта өңдеу және көму жөніндегі операцияларды орындайтын субъектілерге берілген қалдықтардың саны	10.18	35.27	0	45.46
Өнеркәсіп алаңында қалдықтардың меншік иесінің өзі қайта өңдеген, кәдеге жаратқан қалдықтардың саны	104.99	2,346.79	11,338.38,	13,790.16
Орналастырылған (көмілген) қалдықтардың саны	132.59	160.57	1,136.23	1,429.39



Орналастырылған (көмілген) қалдықтардың үлес салмағы 2022 жылы өндірілген ферро-қорытпаның тоннасына – 0.84 тоннаны (2021 жыл: 1.03 тонна). Өзгеріс ферроқорытпа өндірісінің ұлғаюына негізделді.

Экология саласындағы тиімді басқару (жалғасы)

Энергия және климаттың өзгеруі

Компанияның менеджмент жүйесі ISO 50001 стандартының талаптарына сәйкес сертификатталған. Ақтөбе ферроқорытпа зауытының табиғи газбен жұмыс істейтін меншікті электр станциясы зауыттың электр энергиясына қажеттілігінің 30%-дан астамын қамтамасыз етеді. Қалған энергия энергия жүйесінен¹ сатып алынады.

Қазхром климаттың өзгеруі мәселелеріне ерекше назар аударады және өндірістің энергия тиімділігін арттыру мен жаңартылатын көздерден электр энергиясын өндіретін өз қуаттарын әзірлеуді қоса алғанда, парниктік газ шығарындыларын азайтуға бағытталған бастамаларды іске асырады (одан әрі толығырақ).

2022 жылы Топтың ESG комитеті жаңартылатын энергия көздерінің үлесін арттыру және парниктік газ шығарындыларын азайту саласындағы мақсаттарды қоса алғанда, ұзақ мерзімді ESG-мақсаттары мен іс-шаралар жоспарларын әзірлеуді жалғастырды. Бұған қоса, Топ деңгейінде климаттың өзгеруіне байланысты физикалық тәуекелдерді бағалау да жүргізілді.

2023 жылдың басында Қазхромды қоса алғанда, Топтың Қазақстандағы кәсіпорындары үшін Климаттың өзгеруіне әсер ету мен бейімделуді басқару саясаты бекітілді.

Бұған қоса, 2021 жылы құрылған көміртексіздендіру жөніндегі ERG талдау орталығы осы саладағы құзыреттер орталығы ретінде әрекет етеді. Орталық өндірісіміздің көміртегі сыйымдылығын төмендету жөніндегі бастамаларды іске асыруға басшылық етеді және сыртқы стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады, сондай-ақ Қазақстан экономикасын көміртексіздендіру жөніндегі бірқатар мемлекеттік бастамаларды іске асыруға қатысады.

2022 жылы Қазхром өнімдерінің көміртегі ізін есептеу жұмысы басталды. Бұл біздің өнімдеріміздің көміртегі ізін қысқартудың әлеуетті мүмкіндіктерін анықтауға және клиенттеріміздің бұл мәселені анағұрлым нақты түсінуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы процестің шеңберінде біз өнім берушілерімізден олар жеткізетін өнімдердің көміртегі ізі туралы ақпаратты сұратып отырамыз. Мәселен, 2023 жылдан бастап Компанияның өндірістік процестерінде пайдаланылатын, өздері өндіретін өнімнің парниктік газ шығарындылары туралы ақпарат беру қажеттілігі туралы толықтырулар енгізу бөлігінде өнім берушілерге қойылатын, үлгілік Шарттың талаптары қайта қаралды.

Бұған қоса, ферроқорытпалар әртүрлі елдерде газ, жел және атом энергетикасының инфрақұрылымын дамыту үшін қажет болаттардың арнайы

сұрыптарын өндіруде маңызды рөл атқарады.

Негізгі мәселелер мен бастамалар

Энергия тиімділігін арттыру

2022 жылы Қазхром және Қазақстандағы басқа да ERG кәсіпорындары үшін белгіленген энергия тиімділігінің нысаналы индикаторлары Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісілді.

Қазхромның энергия тиімділігін едәуір арттыра алатын стратегиялық жобалардың мысалдары мыналарды:

- Ақсу және Ақтөбе ферроқорытпа зауыттарында жылуды кәдеге жарату жөніндегі әлеуетті жобаларды;
- Ақсу және Ақтөбе ферроқорытпа зауыттарында компрессорлық қондырғыларды анағұрлым тиімділеріне ауыстыру мүмкіндігін қамтиды.

2022 жылы ферроқорытпа газын пайдалану есебінен өндірісті ұйымдастыру жөніндегі жоспарды іске асыру да жалғасты. Ол ферроқорытпа өндірісінің жанама өнімі болып табылады және бастапқы энергия тұтынуды қысқартуға мүмкіндік береді. Осы бастаманың шеңберінде Ақтөбе ферроқорытпа зауытында қуаты 100 МВт феррогазбен жұмыс істейтін электр станциясы құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесін жүргізу аяқталды. Жобалаудың бірінші кезеңіне қызметтерді берушімен келісімшартты дайындау жөніндегі жұмыстар басталды.

Жаңғыртымды энергия көздері

Қазақстанда жаңғыртымды көздерден электр энергиясын өндіру бойынша белгіленген ұлттық мақсаттарға қол жеткізуге жәрдемдесу жөніндегі жұмыс шеңберінде Қазхром жаңғыртымды энергетика саласындағы жобаларды дамытуды жалғастыруда.

Нәтижелілік көрсеткіштері

Энергия тұтыну, МВт.сағ

2022 жылы энергия сыйымдылығының көрсеткіші – өндірілген ферроқорытпалардың тоннасына 7,158 МВт. сағат (2021 жыл: 7,225 МВт.сағ).

2022 жылы Қазхром кәсіпорындарында энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар бағдарламасын іске асыру жалғастырылды. Бағдарлама шамамен 23 мың МВт. сағатты немесе 82.83 ТДж-ні үнемдеуге мүмкіндік берді.

Атмосфераға парниктік газ шығарындылары, CO₂ тонналары (бал.)

2022 жылы CO₂ үлестік шығарындылары өндірілген ферроқорытпалардың тоннасына – 2.65 тонна (2021 жыл: 2.69 тонна).

2022 жылы Қазхромның 262 жұмыскері энергетикалық менеджмент бойынша оқытудан өтті:

- «Энергетикалық менеджмент жүйесі. ISO 50001: 2018» атты курс (60 адам);
- «ISO 9001:2015, ISO 14001:2015; ISO 45001:2018 және ISO 50001:2018 бойынша интеграцияланған басқару

Жаңғытымды энергетика саласындағы жобалар портфелін дамыту жөніндегі бастамаларды іске асыру жалғасуда. Бұл Дөң ТКБК ауданында қуаты – 150 МВт-тан асатын жел электр станциясын (Хромтау-1) салу жобасын қамтиды. Қазіргі уақытта объектіні жобалау жұмыстары орындалып жатыр.

Жобалау мен құрылысты бастау – 2023 жылға, ал объектіні пайдалануға беру 2024 жылға жоспарланған. Бұл ретте қуаты – 150 МВт қосымша электр станциясын салу арқылы осы алаңда желді генерациялайтын қуаттарды одан әрі кеңейту үшін мүмкіндік бар.

Пайдалану түрі	Энергия көзі	2021	2022
Тікелей	Көмір	781,390	731,667
	Табиғи газ	3,377,225	3,434,169
	Дизель отыны	278,889	256,111
	Мазут	58,333	74,167
	Бензин	11,945	10,556
	Барлығы	4,507,781	4,506,670
Жанама	Электр энергиясы	7,630,006	7,681,117
	Жылу энергиясы	25,556	24,167
	Бу	18,333	14,167
	Барлығы	7,673,895	7,719,451
Жиыны		12,181,676	12,226,121

Көрсеткіш	2021	2022
Тікелей шығарындылар (1-қамту) ¹	1,145,718	1,139,816
Жанама шығарындылар (2-қамту) ²	3,405,132	3,387,997
Шығарындылар жиыны	4,550,850	4,527,813

- жүйесінің ішкі аудиторы» (50 адам);
- «ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018 базасында сапа, экология, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, энергия менеджменті ИМЖ-сін³ үздіксіз жақсарту» (123 адам);
 - «ISO 31000:2019 талаптарына шолу жасай отырып, ISO

- 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018 және ISO 50001:2018 негізіндегі МЖ және ИМЖ жөніндегі уәкіл» (25 адам);
- «ISO 31000:2018 талаптарына шолу жасай отырып, ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018 бойынша ИМЖ ішкі аудиторларының білімін жаңарту және біліктілігін арттыру» (4 адам).

1. Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі

Экология саласындағы тиімді басқару (жалғасы)

Биологиялық алуантүрлілік

Биоалуантүрлілік экологиялық әл-ауқаттың кепілі болып табылады. Осыған байланысты, биоалуантүрлілік мәселелерін басқарудың негізінде келесі қағидаттар жатыр:

- Экологиялық әсерлерді анықтау және бағалау;
- Алдын алу және болғызбау іс-шараларын іске асыру;
- Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару жүйесін үнемі жетілдіру.

Қазхромның өндірістік активтері Қарағанды, Ақтөбе және Павлодар облыстарында, негізгі жер үсті су объектілерінен (Ақтөбе ферроқорытпа зауытын қоспағанда) алыс орналасқан. Қазхром бөлімшелерінің жанында табиғи қорықтар, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар немесе мәдени мұра объектілері жоқ.

Қорғалуды талап ететін бірегей, сирек кездесетін және аса құнды жануарлардың қоғамдастықтары Қарағанды облысының кен орындары ауданында тіркелген жоқ. Ақтөбе облысының аумағында, Қазхромның бөлімшелерінен алыс жерде, Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген сирек кездесетін, эндемикалық және реликті жануарлардың 20-ға жуық түрі мекендейді. Павлодар облысындағы іргелес аумақтың жануарлар дүниесі ашық ландшафт жағдайында өмір

сүруге бейімделді, соның нәтижесінде жануарлар мен құстардың белгілі бір ортасы қалыптасты, сондықтан түрлік құрамға, фаунаың санына, мекендеу ортасына, көбею жағдайларына қосымша әсер ету анықталған жоқ.

Кен орнында жұмыстарды жүргізу кезінде барлық қызметкерлер жануарлар дүниесінің сирек кездесетін түрлерін сақтау қажеттілігі туралы ескертіледі. Қандай да бір жануарлар мен құстарды аулауға тыйым салынады.

2022 жылы (жетінші жыл қатарынан) Қазхром балық аулауды қадағалау инспекциясы қызметкерлерімен бірлесе отырып, Елек өзеніне балық жіберу жобасын іске асыруды жалғастырды. Осы мақсаттарға Компания жыл сайын шамамен 4 млн теңге бағыттайды.

Қазхром объектілерінің аумағындағы өндірістік жұмыстардың өсімдіктер мен жануарлар әлеміне әсерін рұқсатты деп қарауға болады.



Жергілікті қоғамдастықтарды дамыту және олардың әл-ауқаты



Адам құқықтарын сақтау Компанияның және кәсіпорындар жұмыс істейтін өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтардың орнықты дамуының кепілі болып табылады.

Қазхромның басымдықтарының бірі – әлеуметтік-экономикалық дамуға және кәсіпорындары жұмыс істейтін өңірдегі жергілікті қоғамдастықтардың әл-ауқатына жәрдемдесу. Бұл, өзгелермен қатар, жергілікті қоғамдастықтармен үнемі өзара іс-қимыл жасауды және халықаралық экологиялық стандарттарды сақтауды, халықтың өмір сүру

жағдайларын жақсарту мен әл-ауқатын арттыруды, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдауды және бизнес-ортаны дамытуды көздейді.

Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасай отырып, Компания адам құқықтарын сақтайды, жергілікті қоғамдастықтардың мәдени мұрасы мен дәстүрлерін құрметтейді, тәуекелдерге, әсерлерге, оларды төмендетуге және мониторингке ерекше назар аударуды қоса алғанда, өз қызметінің әлеуетті әсерін бағалау мақсатында олармен ынтымақтастық жасайды,

сондай-ақ алынған пікірлерді жобалық жоспарлау және әлеуметтік инвестициялар процесінде ескереді.

Жергілікті қоғамдастықтарға әсер

Жергілікті қоғамдастықтарға әсерді басқару халықаралық стандарттарға сәйкес келетін экологиялық менеджмент жүйелері арқылы жүзеге асырылады. Бірінші кезекте, олар жергілікті су айдындары мен атмосфераға зиянды шығарындыларды анықтауға, болғызбауға және/немесе барынша азайтуға бағдарланған.

Кез келген ірі жобаларды немесе операциялық өзгерістерді іске асыруды бастағанға дейін Қазхром Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және қолданылатын халықаралық стандарттарға сәйкес қоршаған ортаға әсерді кешенді бағалау мен қоғамдық тыңдау өткізеді. Компания іске асырған өндірісті жаңғырту және кеңейту жөніндегі барлық жобалар міндетті мемлекеттік экологиялық сараптамадан ойдағыдай өтті.

2022 жылы келесі операциялық өзгерістерге байланысты қоғамдық консультациялар өткізілді:

- Дөң ТКБК-да шламдарды қайта өңдейтін байыту фабрикасының қалдықтарын флотациялық байыту учаскесін салу,
- Ақтөбе ферроқорытпа зауытының өндірістік сарқынды суларының жергілікті тазарту құрылыс жайларын салу,
- Ақтөбе ферроқорытпа зауытының ЖЖМ қоймасын салу және т.б.

Сонымен қатар, жергілікті қоғамдастық өкілдерінің шағым беруі үшін жалпыға бірдей қолжетімді ERG Жедел желісі бар (<https://erg.integrityline.org/>).

Бұған қоса, Дөң ТКБК өндірістік бөлімшелердің аумағына іргелес аудандарда тұрғын ғимараттардың құрылысын жүргізбейді. Ақсу зауыты қалалық елді мекеннен тыс жерде орналасқан. Зауыттың жанында тұрғын құрылыстар жоқ. Ақтөбе зауытының ауданында да құрылыс жұмыстары жүргізілмейді.

Қазхром жергілікті қоғамдастықтардың өкілдері арасында үнемі ауқымды сауалнамалар жүргізіп тұрады, бұл Компанияға стейкхолдерлердің басымдықтарын және өзінің өңірлік даму бағдарламасының нысаналы бағыттарын айқындауға сеп. Мәселен, 2022 жылы жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттері арасында зерттеулер, тұрғындардың әлеуметтік көңіл күйіне мониторинг және қалалық ортаның сапасын бағалау жүргізілді. Сонымен қатар, Компания жас ұрпақ арасында

экоойлауды қалыптастыру бойынша іс-шараларды іске асырады. 2022 жыл ішінде Компания Ақтөбе мен Хромтауда «Жасыл мектеп» жобасын іске асыруды жалғастырды, ол мектеп оқушыларын табиғатқа ұқыпты қарауға, қалдықтарды сұрыптауға, табиғи ресурстарды үнемдеуге үйретуге арналған.

Бұдан бөлек, Ақтөбе, Хромтау және Ақсу қалаларының мектептерінде пластикті пайдалануды азайтуға бағытталған «Пакет, кет!» акциясы өткізілді. Акция барысында экологиялық дәріс оқылып, «Мен жауаптымын» ұранымен экологиялық шоппер сөмкелерді мектеп оқушылары үйде жинаған ескі полиэтилен пакеттерге айырбастау жүргізілді.

Жыл сайын «Жасыл Қазхром» корпоративтік қозғалысы аясында қызметкерлер ағаш егеді. 2022 жылы Ақтөбеде, Ақсу мен Хромтауда 36 мыңға жуық көшет егілген.

2019 жылы бастау алған қаңғыбас жануарлардың санын адамгершілікпен қысқарту жөніндегі жобаны іске асыру 2022 жылы жалғасын тапты.

Жергілікті қоғамдастықтарды дамыту және олардың әл-ауқаты (жалғасы)

Әлеуметтік инвестициялар

2022 жылы кәсіпорындарымыз жұмыс істейтін өңірдегі ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамуды қолдауға арналған үш жылдық өңірлік даму бағдарламасының жаңа кезеңі іске қосылды. Бағдарлама ұлттық және өңірлік деңгейлерде мемлекеттік органдармен әріптестікте, оның ішінде өзара ынтымақтастық туралы өңірлік меморандумдар арқылы іске асырылады.

Бағдарлама жыл сайын жүргізілетін әлеуметтану зерттеулері шеңберінде анықталған кәсіпорындарымыз жұмыс істейтін өңірдегі даму қажеттіліктерін талдау нәтижелеріне негізделген.

Басым бағыттар мыналарды қамтиды:

- Өмір сүру деңгейін арттыру (тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды, қоғамдық көлікті және қалалық кеңістікті абаттандыруды қоса алғанда);
- Білім беру және жастардың кәсіптік біліктілігін арттыру (жергілікті білім беру бағдарламалары мен кәсіпкерлікті дамыту бағдарламаларын қолдауды қоса алғанда);
- Денсаулық сақтау (медициналық мекемелерді жаңғыртуды және

Әлеуметтік инвестициялар, млн теңге

Инвестициялардың типі	2021	2022
Тікелей инвестициялар	5,399	21,238
Өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар	5,186	3,689

- дәрігерлердің біліктілігін арттыруды қоса алғанда);
- Спорт пен саламатты өмір салтын кеңінен тарату (жергілікті спорттық инфрақұрылымды және жастар спорт лигаларын дамытуды қоса алғанда).

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған ұлттық дамудың басым міндеттерін орындауға жәрдемдесу жұмысы шеңберінде 2022 жылғы қаңтарда Қазхромды қоса алғанда, ERG Тобы «Қазақстан халқына» мемлекеттік қоғамдық әлеуметтік қорының құрылуын қолдауға 30 млрд теңге бағыттады. Қор, өзгелермен қатар, денсаулық сақтауды, білім беру мен әлеуметтік қызметтерді жетілдіруді, ұлттық дамудың басым міндеттерін шешу мақсатында құрылды.

Сонымен қатар, 2022 жылы ішінде Компанияның әлеуметтік инвестициялары:

- Жергілікті оқу орындарына (мысалы, Ақсу қара металлургия колледжіне, Хромтау тау-кен техникалық колледжіне, «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе

өңірлік университеті» КЕАҚ-ға, «ERG Мектепке»¹ бағдарламасын іске асыруға, «ERG колледждерге»² бағдарламасын қаржыландыруға, Хромтау қаласының №4 орта мектебіне);;

- Жергілікті медициналық мекемелерді жабдықтаумен жарақтандыруға және жас мамандарды тартуға;
- Халықтың әлеуметтік тұрғыда осал топтарына және өңірлік балалар үйлеріне;
- Арнайы техника сатып алу үшін коммуналдық қызметтерді қолдауға;
- Тұрғын үйлердің қасбеттері мен шатырларын жөндеуге;
- Халықаралық және республикалық спорттық іс-шараларды қолдауға және балалардың спорттық жарыстарға қатысуына;
- Спорт құрылыс жайларын (балаларға, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған спорт алаңдарын) салуға бағытталды.



2022 жылы Қазхром Елек өзенінің бойындағы жағажайды Эко-парк форматында абаттандыру бойынша «Әлия Молдағұлова даңғылы бойындағы желілік парк» жобасын бастады, «Ақтөбе экспресс» – ұзындығы 19 км болатын 41-разъезд бен Жіңішке станциясы арасындағы көлік дәлізі бойынша мобильді теміржол құрамын іске қосуды, жалпы алаңы 11 мың ш.м. және 2.9 га іргелес абаттандырылатын аумағы бар ультра заманауи мәдени объект – Драма театрын салуды бастады. Бүгінгі таңда жобалау-сметалық құжаттаманы жасау бойынша жұмыс жүріп жатыр.

Бұдан басқа, Қазхром Хромтау қаласында Tugan Qala бағдарламасын іске асыруды

жалғастырды. Осы бағдарлама шеңберінде жергілікті халық өздерінің әлеуметтік жобаларының идеяларын tugan-qala.kz онлайн порталында ұсыну арқылы әкімдіктермен жасалған меморандумдар шеңберінде Компания бөлетін қаражатты үлестіруге тартылады. Бұл жобалар қоғамдық саябақтарды, балалар мен спорт алаңдарын жайластыруды, көшелерді жарықтандыруды ұйымдастыру мен көгалдандыруды қоса алғанда, қалалық ортаны жақсартуға бағытталған. Жоба аясында тұрғындар әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту жөніндегі идеяларды ұсынып қана қоймай, сонымен қатар, ең қызықты жобаларға дауыс береді, сондай-ақ олардың іске

асырылуына авторлық қадағалауды жүзеге асырады. Ұсынылған идеяларды бастапқы бағалауды сарапшылық кеңес жүргізеді, оның құрамына стейкхолдерлердің кең тобының өкілдері кіреді. Жеңімпаз жобаларды қорытынды іріктеу жергілікті тұрғындар арасында онлайн-дауыс беру нәтижелері бойынша өткізіледі. 2022 жылы Tugan Qala жобасын іске асыруға Хромтау қаласында мектептердің аумақтарын, аулалар мен көшелерді абаттандыру, баскетбол, футбол және workout алаңдарын, балаларға арналған ойын алаңын сатып алу және орнату, көшелерді көгалдандыру және т.б. бойынша 11 жоба іріктеп алынды.

1. «ERG Мектепке» бағдарламасы Ақтөбе, Қостанай және Павлодар облыстарының 200-ден астам орта мектебінде STEM-оқытуды дамытуға бағытталған. Бағдарлама жетекші бөгде оқу ұйымдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен серіктестікте іске асырылады.

2. «ERG колледждерге» бағдарламасы Топтың кәсіпорындары орналасқан Ақтөбе, Павлодар және Қостанай облыстарындағы 14 колледж бен ERG-дің стратегиялық әріптестігін білдіреді. Бұл бағдарлама Топтың мамандарға деген болашақ қажеттіліктерін ескере отырып, сондай-ақ «Жаңа кәсіптер атласын» қолдану нәтижелерін ескере отырып, осы оқу орындарында оқытуды ұйымдастыруға бағытталған. Ол мұғалімдердің кәсіби даярлығын ұйымдастыру және жаңа перспективалы білім беру бағдарламаларын әзірлеуге үшін негіз болады.

Әдеп және комплаенс

ERG халықаралық компания ретінде іскерлік әдеп пен кәсіби біліктіліктің ең жоғары стандарттарын ұстанады. Осы стандарттарды сақтау және оларға сәйкестік жөніндегі міндеттемелеріміз парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, адам құқықтарын сақтау, теңдік пен әртүрлілікті қамтамасыз ету, мүдделер қақтығысын болғызбау, құпия ақпарат пен дербес деректерді қорғау сияқты негізгі мәселелерге қатысты Топтың саясатын белгілейтін ERG Корпоративтік мінез-құлық кодексінде көрсетілген.

ERG-дің комплаенс менеджмент жүйесі комплаенс саласындағы мынадай негізгі тәуекелдерді басқаруды қамтиды:

- Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптарды сақтамау;
- Ақша қаражатын жылыстатуға қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптарды сақтамау;
- Адам құқықтарын сақтамау;
- Дербес деректерді қорғау жөніндегі талаптарды сақтамау;
- Халықаралық санкцияларды сақтамау.

Корпоративтік мінез-құлық кодексін қолдау және комплаенс-тәуекелдерді тиімді басқару үшін ERG-де комплаенс менеджменттің жаппай жүйесінің бір бөлігі ретінде іске асырылатын комплаенс саласындағы тиісті саясаттар мен рәсімдер қабылданған. Атап айтқанда, Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясат, Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясат, Адам құқықтарын сақтау саясаты, Халықаралық экономикалық санкциялар талаптарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі саясат және т.б. Аталған саясаттар мен рәсімдер Қазхромда да бекітілген¹.

ТМәселен, Компанияда Дербес деректерді қорғау туралы саясат пен ERG деректерді қорғау жөніндегі комплаенс-бағдарламасы қабылданған. Жұмысқа орналасу процесінде әрбір қызметкер ERG қағидаларына және қолданылатын заңнаманың талаптарына сәйкес Дербес деректерді жинау мен өңдеуге арналған келісімге қол қояды. Бұдан бөлек, дербес деректер туралы ережелер үшінші тұлғалармен жасалатын шарттардың үлгілеріне қосылған.

ERG сатып алу порталы да әлеуетті өнім берушілердің дербес деректерін, оның ішінде аттестаттау процесінде дербес деректерді жинау мен өңдеуге арналған келісімді қамтиды..

ERG-дің негізгі әдеп қағидаттарының бірі – әлеуетті комплаенс-тәуекелдерді уақтылы анықтау және оларды тиісінше басқару үшін әрбір мәміле бойынша барлық контрагенттерді (үшінші тұлғаларды) тиісінше сәйкестендіру және бағалау қағидаты. Ол үшін ERG-де Контрагенттерді кешенді тексеру (KKT) рәсімі қабылданған, ол Қазхромда да енгізілген. KKT рәсімі мынадай элементтерді қамтиды:

- Тәуекелдерді бағалауға негізделген және тәуекелдердің анықталуына қарай оларды азайту үшін тиімді бақылау жүйесін әзірлеуге мүмкіндік беретін барлық ERG контрагенттерімен өзара іс-қимыл жасауды басқаруға қатысты көзқарас;
- Контрагенттерді сәйкестендіру, сыныптау, бағалау және мониторинг үшін өлшемшарттардың нақты әрі айқын жинағы;

- Заңсыз кірістерді заңдастыру мен терроризмді қаржыландыруды, сондай-ақ адам құқықтарын бұзуды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа және басқа да қаржылық қылмыстарға қарсы іс-қимыл жасауға арналған бақылау жүйелері мен құралдары;
- Үшінші тараптармен өзара іс-қимыл жасау кезінде халықаралық санкциялар режимдерінің сақталуын қамтамасыз ететін бақылау жүйелері мен құралдары.

ERG Комплаенс оқыту бағдарламасы арқылы жұмыскерлердің күнделікті қызмет барысында және басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде Компанияның әдеп стандарттары мен тиісті жүріс-тұрыс модельдерін түсінуін қамтамасыз етуге көмектеседі. Бұл бағдарлама онлайн оқыту модульдерін, күндізгі оқытуды, сондай-ақ әртүрлі коммуникация форматтарын қамтиды. Мәселен, 2022 жылы:

- Қазхромның **2,468** қызметкері жаңартылған ERG Корпоративтік мінез-құлық кодексіне, сондай-ақ ERG құндылықтары мен іскерлік мінез-құлық стандарттарына арналған онлайн курстан өтті;
- Қазхромның **1,154** қызметкері «Бизнесті жүргізу кезінде адам құқықтарын құрметтеу» онлайн курсы шеңберінде жұмысқа орналастырудың, адам құқықтарын қорғау мен бәсекелестіктің әділ практикасының аспектілерін зерделеді;
- Қазхромның **80** нысаналы қызметкері үшін KKT мәселелері бойынша мамандандырылған сессиялар ұйымдастырылды, олардың шеңберінде парақорлық, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, сондай-ақ санкцияларды сақтау мәселелері талқыланды.

Бұған қоса, ERG, оның ішінде Қазхром қызметкерлері үшін 2022 жылы:

- Мынадай:
 - ESG-комплаенс және Құндылықтарды сақтаушылар атты ERG кәсіби мамандар лигасының алаңындағы ашық қарым-қатынас жасау мәдениеті;
 - Кіріктірілген еңбек қауіпсіздігі атты ERG кәсіби мамандар лигасының шеңберінде адам құқықтарын қорғау мәселелері бойынша комплаенс сессиялары өткізілді.
- Ашық қарым-қатынас жасау мәдениетінің қағидаттарына, іскерлік сыйлықтарды беру және/немесе алу кезіндегі әлеуетті комплаенс-тәуекелдерге, дербес деректерді қорғау қағидаттарына, KKT қағидалары мен міндеттеріне, сондай-ақ ақша қаражатын жылыстатуға қарсы іс-қимыл мәселелеріне қатысты «Compliance Know-How» форматындағы электронды түсіндірме коммуникациялардың сериялары (бес) жіберілді;
- Вестник ERG корпоративтік газетінде дербес деректерді қорғау, ақша қаражатын жылыстатуға қарсы іс-қимыл, іскерлік сыйлықтарды беру және/немесе алу, мүдделер қақтығысы, ашық қарым-қатынас жасау мәдениеті және ERG Жедел желісі жұмысының қағидаттары саласындағы комплаенс-тәуекелдер мәселелерін жария ететін мақалалар (сегіз) жарияланды.

ERG ашық қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру қамында белсенді жұмыс істейді, ол Топтың барлық кәсіпорындарының (Қазхромды қоса алғанда) барлық қызметкерлеріне және іскерлік серіктестерге ERG Корпоративтік тәртіп кодексінің, ERG жеткізушілері тәртіп кодексінің немесе басқа да ERG саясаттары мен рәсімдерінің мәселелерімен, оның ішінде ERG Жедел желісінің арналары

арқылы еркін жүгінуге және олардың қағидаттарының ереже бұзылуына байланысты проблемалар немесе күдіктер туралы хабарлауға мүмкіндік береді. ERG Жедел желісі – тәуелсіз оператор қызмет көрсететін және аптасына жеті



күн тәулік бойы жұмыс істейтін толық құпия байланыс арнасы. ERG Жедел желісінің байланыстары жалпыға бірдей қолжетімді және оның ішінде ERG сайтында (<https://www.erg.kz/en/content/o-kompanii/eticheskie-principy>) жарияланған.

Топтың ішкі аудит қызметі ішкі аудит және Форензик туралы ережеге сәйкес келесі функцияларды жүзеге асырады:

- Тәуекелдерді азайту үшін Топ басшылығына ішкі бақылаулардың тиімділігін тәуелсіз, объективті және анық бағалауды ұсыну үшін процестер, маңызды жобалар мен бастамалар аудиті;
- Алаяқтық пен теріс пайдаланудың болжамды, қабылданып жатқан және жасалған актілерін болғызбау, анықтау және жолын кесу жөніндегі шаралар кешені;
- Ереже бұзушылықтарды жедел, объективті және білікті тергеп-тексеру.

2022 жылы Жедел желіге жіберілген хабарлар негізінде бірнеше тексеру жүргізіліп, мәселелерді реттеу бойынша тиісті шаралар қабылданды.

1. Бекітілген кодекстердің, саясаттардың, бағдарламалар мен рәсімдердің тізбесі: ERG Корпоративтік мінез-құлық кодексі. ERG өнім берушілерінің мінез-құлық кодексі. Байланысты тараптармен шарттарға қатысты саясат. Дербес деректерді қорғау туралы саясат. Мүдделер қақтығысын болғызбау туралы саясат. Монополияға қарсы заңнамаға және бәсекелестікті қорғау туралы заңнамаға сәйкестікті қамтамасыз ету саясаты.	Агенттердің корпоративтік нормалар мен ережелерді сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі саясат. Халықаралық экономикалық санкциялар талаптарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі саясат. Сыйлықтар және мәдени - ойын-сауық іс-шаралары жөніндегі саясат. КӘЖ және демеушілік қолдау саласындағы жобалар жөніндегі саясат. Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясат. Алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясат.	Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясат. Адам құқықтарын сақтау саясаты. Іскерлік әдеп қағидаттарын сақтау және ереже бұзушылықтар туралы корпоративтік ақпарат беру саясаты. ERG деректерді қорғау жөніндегі бағдарламасы: негізгі құрамдастар. ERG санкцияларды сақтау жөніндегі бағдарламасы: негізгі қағидаттар. ERG қақтығыс аймақтары мен жоғары тәуекел аймақтарын айқындау және бағалау рәсімі (CAHRA).
---	---	---

Әдеп және комплаенс (жалғасы)

Компанияда ақпараттық қауіпсіздікті басқару процесі құрылған. 2022 жылы IT қауіпсіздігі және қауіп-қатерлер туралы хабардар болу бойынша онлайн-курстардан 89% (4,808 ДК-ні пайдаланушы қызметкердің 4,302-сі) өтті. Онлайн курстарға мыналарды қамтиды:

- Жаңа қызметкерлерге арналған ақпараттық қауіпсіздік бойынша тренингтері
- Ақпараттық қауіпсіздік бойынша жыл сайынғы міндетті тренингтер;
- Ақпараттық қауіпсіздік бойынша жіберілімдер;
- Фишингтік сервистің көмегімен хабардар болуды тексеру;
- Нақты бөлімдер үшін хабардар болуды арттырудың мамандандырылған курстары.

Қазхромның монополияға қарсы реттеу және бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы сақтауы қабылданған Монополияға қарсы заңнамаға және бәсекелестікті қорғау туралы заңнамаға сәйкестікті қамтамасыз ету саясатымен қамтамасыз етіледі. Бұл саясат, оның ішінде бәсекелестікке қарсы практиканы бақылау жүйелерінің тиімділігіне мониторинг мәселелерін реттейді. Қазхромды қоса алғанда, өңірлік деңгейде бәсекелестікке қарсы келісімдер мен сөз байласуды болғызбау, әлеуетті монополистердің Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзуының алдын алу жөніндегі рәсімдер де бар. 2022 жылы мемлекеттік органдар тарапынан



бәсекелестікке кедергі келтіруге және монополияға қарсы заңнаманы бұзуға байланысты тексерулер жүргізілген жоқ.

Жеткізушілермен өзара іс-қимыл

ERG бизнесті ең жоғары әдеп стандарттарына сәйкес жүргізу міндеттемесін алды және өзінің іскерлік серіктестерінен дәл сондай қағидаттарға сәйкес болуды талап етеді. ERG әдеп қағидаттарына сәйкес жеткізілім тізбектерін жауапты басқаруды қамтамасыз етуге қатысты жеткізушілерден болжалдарымызды көрсететін ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексін қабылдады.

Бұл Кодекс, оның ішінде Қазхромда бекітілген және Топтың компанияларымен жұмыс істеу кезінде жеткізушілерге оны сақтау

міндетті болып табылады. Бизнесті әдепті жүргізудің ең жоғары стандарттарын ұстану міндеттемелері өнім берушілермен жасалатын барлық шарттарға үлгілік ескертпелер ретінде де қосылған.

ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексі Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын, Халықаралық еңбек ұйымының Еңбек саласындағы түпкі қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясын, БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын қоса алғанда, тиісті халықаралық конвенциялардың талаптарына сай келеді, ERG-дің БҰҰ Жаһандық шартына қатысуына жәрдемдеседі және жеткізілімдер тізбегін жауапты басқару практикаларына қосымша ретінде қызмет етеді. Онда

жазылған талаптарды сақтау ERG-мен ынтымақтастық жасау үшін міндетті шарт болып табылады. Сонымен қатар, өнім берушілер өз қосалқы мердігерлерінің Кодекстің талаптарын орындауын қамтамасыз етуге міндетті.

ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексінң негізгі талаптары:

- Жұмыскерлерге қайсысының басым болатынына қарай, ERG-дің тиісті саясаттары мен рәсімдерінің және қолданылатын ұлттық немесе халықаралық стандарттардың талаптарына сай келетін қауіпсіз және денсаулық үшін қолайлы еңбек жағдайларын ұсыну;
- Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік таныту;
- Мәжбүрлі және еріксіз еңбекті, сондай-ақ балалар еңбегін пайдаланбау;
- ERG адам құқықтарын сақтау саясатын, сондай-ақ БҰҰ-ның адам құқықтары аспектісінде Кәсіпкерлік қызметтің басшылық қағидаттарын, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Пайдалы қазбалар жеткізілімдерінің тізбегін жауапты басқару үшін лайықты сақтықтың басшылық қағидаттарын және Адамның қауіпсіздігі мен құқықтарына қатысты ерікті қағидаттарды сақтау;
- Кен және пайдалы қазбалардың жеткізілімдеріне қатысты кешенді тексерулер барысында ақпарат беру

туралы сұрау салулар бойынша ERG-мен ынтымақтастық жасау.

ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексін енгізу шеңберінде:

- Кодекс Қазхромның негізгі жеткізушілеріне жіберілді;
- Кодекстің талаптары біздің келісімшарттарымызға қосылды;
- Кодекстің талаптары шарттар жасамас бұрын контрагенттерді кешенді тексеру процесіне енгізілді.

Жеткізушілердің, оның ішінде Қазхромның хабардар болуын арттыру мақсатында 2023 жылғы ақпанда ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексін онлайн оқыту іске қосылды. ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексі Қазхромда сақталатын жеткізілімдердің тізбегін жауапты басқару практикаларына қосымша ретінде қызмет етеді. Оның талаптары шарт жасасар алдында жеткізушілер мен мердігерлерді құқықтық мәртебесі, қаржылық өміршеңдігі және заңнамалық талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бағалауды, сондай-ақ ККТ-ден өтуін көздейді.

Бұдан бөлек, өндірістік алаңдарда қызметтерді ұсынатын компаниялармен жасалатын шарттар компанияларда қажетті сертификаттардың болуынан бастап қалдықтарды әкету мен кәдеге жаратуға дейінгі бірқатар аспектілер бойынша заңнаманың талаптарынан асып түсетін өндірістік қауіпсіздік және экология саласындағы талаптарды (ескертпелерді) көздейді. Мұндай мердігерлер қауіпсіздік талаптарын сақтаудың

алдын ала бағалауынан өтеді, оларды бұзғаны үшін белгіленген мөлшерде айыппұл алынады. Тәуекел деңгейі жоғары жұмыстарды орындайтын мердігерлермен жасалатын шарттар қосымша қадағалау және бақылау шараларын көздейді.

Шарттар үшінші тұлғалармен шарттық қатынастар шеңберінде комплаенс-тәуекелдерді жұмсарту мақсатында комплаенс талаптарының жиынтығын көрсететін комплаенс ережелерді қамтиды.

Қазхром жергілікті өнім берушілермен ынтымақтастықты дамытуды жалғастыруда. 2022 жылы жергілікті жеткізушілерден сатып алу үлесі – 56%.

2021 жылдан бастап ERG кәсіпорындары үшін тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді берушілер арасында жыл сайынғы «ERG Supplier Award» байқауын өткізу шеңберінде «Sustainability Award» санатында өнім берушілерді бағалау жүргізіледі. Осы санатта жеткізушінің адам құқықтары, қоршаған ортаны қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін қоса алғанда, орнықты даму аспектілері саласындағы үздік практикаларға сәйкестігі бағаланады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

- > Корпоративтік басқарудың негіз қалаушы қағидаттары
- > Акционерлік капитал және акционерлер
- > Еншілес және тәуелді компаниялар
- > Басқару органдарының құрылымы
- > Негізгі басшылар командасы
- > Деректердің анықтығы туралы мәлімдеме

Корпоративтік басқарудың негіз қалаушы қағидаттары

Қазхромның корпоративтік басқаруы әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсіби біліктілік және құзыреттілік негізінде құрылады. Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы Компанияның қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейді және оның табысты қызметіне, оның ішінде нарықтық құнның өсуіне және қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты қолдауға ықпал етеді.

Қазхромның корпоративтік басқару қағидаттары Компанияны басқаруға байланысты туындайтын қатынастарда сенім қалыптастыруға бағытталған және 2017 жылғы 13 наурызда Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен Корпоративтік басқару кодексінде қамтылған барлық қағидалар мен ұсынымдардың негізі болып табылады.

Еншілес және тәуелді компаниялар

Атауы, мекенжайы	Негізгі қызмет түрі	Басшысы	Қатысу үлесі
«Ақжар-хром» ЖШС Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Шиловский көшесі №11В, «Өрлеу» қызметтерді ұсыну жөніндегі кешені	Техногендік минералдық түзілімдерді (шламды қалдықтарды) қайта өңдеу	Елена Александровна Гайдукова	100%
«Дөң мұнай базасы» АҚ 031100, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Окраина көшесі, 12	Тауарларды, оның ішінде мұнай өнімдерін, халық тұтынатын тауарларды өндіру және өткізу	Наталья Фроловна Иванова	95.53%
«BTS» ЖШС 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сарайшық көшесі, 11, 5-кеңсе	Бизнеске арналған ІТ шешімдерін әзірлеу және енгізу	Андрей Александрович Антонинов	37.99%
«ERG Көмек» корпоративтік қоры 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 30-үй	Коммерциялық емес қайырымдылық ұйымы	Болат Танешович Оразов	
Eurasian Digital Ventures I Limited Partnership 010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/17, 145-кеңсе	Венчурлік инвестициялау	Галымжан Ибраевич Ахметов	69.51% «Қазхром» ТҰК» АҚ шектеулі серіктес болып табылады

Акционерлік капитал және акционерлер

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания акцияларының бес және одан көп пайызын иеленетін акционерлердің құрамы

Акционердің атауы: KCR International B.V.



2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бағалы қағаздардың шығарылымы туралы мәліметтер

Ценные бумаги	Барлығы, дана	Жай акциялар, дана	Артықшылықты акциялар, дана
Жарияланған акциялар	158,069,700	142,949,700	15,120,000
Орналастырылған акциялар	109,850,711	99,953,939	9,896,772
Компания сатып алған акциялар	3,921	493	3,428

Корпоративтік басқарудың негіз қалаушы қағидаттары

1. Акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты

Қазхром «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген акционерлердің негізгі құқықтарының іске асырылуын және акционерлердің корпоративтік басқарудың негізгі шешімдерін қабылдауға тиімді қатысуын қамтамасыз етеді..

2. Директорлар кеңесі мен атқарушы органның Компанияны тиімді басқару қағидаты

Директорлар кеңесінің қызметі акционерлердің мүдделерін барынша сақтау, Компания қызметіне жалпы басшылық ету қағидаты негізінде құрылады және оның нарықтық құнын арттыруға бағытталған.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз етеді, корпоративтік жанжалдарды бақылайды және реттейді.

Басқарманың қызметі акционерлердің мүдделерін барынша сақтау қағидаты негізінде құрылады және Қазхром акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесіне толық есеп береді.

3. Компанияның қызметі туралы ақпараттың ашықтығы мен оны ашудың объективтілігі қағидаты

Қазхром акционерлер мен инвесторлардың мүлктік және өзге де құқықтарына елеулі әсер етуі мүмкін өз қызметінің негізгі нәтижелері, жоспарлары мен перспективалары туралы ақпаратты уақтылы жариялайды, сондай-ақ Қазхром Жарғысында

көрсетілген мерзімдерде акционерлердің сұрау салуларына уақтылы және толық көлемде жауап береді.

4. Заңдылық және әдеп қағидаттары

Қазхром Қазақстан Респуб-ликасының заңнамасына, іскерлік әдептің жалпыға ортақ қабылданған қағидаттарына (әдет-ғұрыптарына) және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етеді. Компанияның ішкі құжаттары заңнаманың талаптары мен корпоративтік және іскерлік әдеп нормалары негізінде әзірленеді.

5. Дивидендтік саясат тиімділігінің қағидаттары

Қазхромның дивидендтік саясаты Қазақстан Респуб-ликасының қолданыстағы заңнамасына және 2021 жылы Қазхром акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен Дивидендтік саясат туралы ережеге қатаң сәйкес жүзеге асырылады.

6. Тиімді кадр саясатының қағидаттары

Қазхромның корпоративтік басқаруы ұжымдық шартта, оның ішінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген өз қызметкерлерінің құқықтарын қорғау негізінде құрылады әрі әлеуметтік мәселелерді

шешуде және еңбек жағдайларын регламенттеуде Қазхром мен оның қызметкерлері арасындағы әріптестік қатынастарды дамытуға бағытталған.

7. Қоршаған ортаны қорғау қағидаты

Қазхром қызметі барысында қоршаған ортаға ұқыпты және ұтымды қарауды қамтамасыз етеді.

8. Корпоративтік жанжалдарды реттеу саясатының қағидаты

Корпоративтік жанжалдар туындаған жағдайда қатысушылар акционердің құқықтарын да, Қазхромның іскерлік беделін де тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер арқылы оларды шешу жолдарын іздестіреді.

Корпоративтік жанжалдарды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған кезде, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге тиіс.

Қазхром қызметін жер қойнауын пайдалану құқығын қоса алғанда, оның барлық юрисдикция-ларындағы, сондай-ақ табиғи монополиялар саласындағы әртүрлі нормативтік-құқықтық талаптарға сәйкес жүзеге асырады.



Басқару органдарының құрылымы

Басқару органдарының құрылымы

Жоғары орган:
Акционерлердің жалпы жиналысы

Басқару органы:
Директорлар кеңесі

Атқарушы орган:
Басқарма

Акционерлердің жалпы жиналысы

Акционерлердің жалпы жиналысы Компанияның жоғары органы болып табылады және оның қызметін қамтамасыз ету мен дамуының барлық негізгі мәселелерін шешеді, сондай-ақ акционерлердің құқықтарын қамтамасыз ету процесінде шешуші рөл атқарады.

Акционерлердің жалпы жиналысын ұйымдастыру және өткізу тәртібі Компанияның Жарғысында айқындалған және мынадай талаптарға сәйкес келеді:

- Барлық акционерлерге әділ әрі тең қарау;
- Барлық акционерлер үшін жалпы жиналысқа қатысу қолжетімділігі;
- Барынша көп ұйымдастырушылық және есепті ақпарат беру;
- Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің қарапайымдылығы мен айқындығы.

Миноритарлық акционерлердің құқықтары, сондай-ақ миноритарлық акционерлермен өзара іс-қимыл жасау жүйесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Компанияның Жарғысы

мен ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Миноритарлық акционерлер Қазақстан Республикасының заңдарында және Компанияның Жарғысында айқындалған тәртіппен Компанияны басқаруға қатысады.

2022 жылы акционерлердің он жалпы жиналысы өткізілді.

Директорлар кеңесі

Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау рәсімін акционерлердің жалпы жиналысы жүзеге асырады және ол барлық акционерлер үшін айқын әрі түсінікті болуға тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау процесі барлық акционерлердің, оның ішінде Компанияның жарғылық капиталында миноритарлық үлесті иеленетін акционерлердің пікірі мен мүдделерін ескере отырып іске асырылады. Директорлар кеңесіне кандидаттар мен оның мүшелерінің іскерлік ортада оң жетістіктері мен беделі болуға тиіс. Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде 30%-ы тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің кәсіби функцияларын мүдделер қақтығысын болғызбай, адал және ақылға қонымды түрде, Компания мен акционерлердің мүддесінде лайықты қамқорлықпен және сақтықпен орындайды. Олар өз қызметінің заңнаманың талаптары мен Компанияда қолданылатын Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарына ғана емес, сонымен қатар, әдеп стандарттары мен іскерлік әдептің жалпығы ортақ қабылданған нормаларына толық сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Компанияның Директорлар кеңесі лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде әлеуетті мүдделер қақтығысын, оның ішінде Компанияның мүлкін құқық аясынан тыс пайдалануды және мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалайды және мүмкіндігіне қарай жояды. Стратегия мен негізгі саясаттарды бекітеді, Компаниядағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын әртүрлі мәселелерді қарауға қатыса отырып, Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі өзінің ерік-жігерін білдіреді және қолда бар жұмыс тәжірибесін, сондай-ақ тиісті салалардағы білімін ескере отырып, өз бетінше шешім қабылдайды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 53-бабына сәйкес Директорлар кеңесі Компанияның есепті кезеңдегі қаржылық жай-күйін, қызметінің нәтижелерін және ақша қаражатының қозғалысын көрсететін Компанияның жылдық қаржылық есептілігін Акционерлердің жалпы жиналысы оны бекіткенге дейін алдын ала қарайды және бекітеді. Директорлар кеңесінің отырыстарына дайындық барысында оның мүшелеріне күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша толық және анық ақпаратты қамтитын материалдар ұсынылады.

2022 жылы Директорлар кеңесінің 58 отырысы өткізілді, онда, өзгелермен қатар, мынадай негізгі мәселелер қаралды:

- Жасалуына Компанияның мүдделі мәмілелерді жасасу туралы;
- Компанияның міндеттемелерін өзінің меншікті капиталы мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайтатын мәмілелерді жасасу туралы;

- Акционерлердің жалпы жиналыстарын шақыру, олардың күн тәртібін қалыптастыру туралы;

- Компанияның қаржылық есебін алдын ала бекіту;

- 2021 жылғы үшінші тоқсанның; 2021 жылдың; 2022 жылғы бірінші жартыжылдықтың және 2022 жылғы үшінші тоқсанның қорытындысы бойынша

Компанияның таза кірісі мен бөлінбеген пайдасын бөлу тәртібі, Компанияның бір жай акциясына есептегендегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстар;

- Жарғылық капиталына қатысу үлесінің он және одан көп пайызы Компанияға тиесілі заңды тұлғаға қатысушылардың жалпы жиналысының

құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау.

Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің ешқайсысында Компанияның да, оның еншілес немесе тәуелді ұйымдарының да жарғылық (акционерлік) капиталына қатысу үлесі (акциялары) жоқ.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарманың құрамы

Т.А.Ә., туған жылы	Хронологиялық тәртіппен соңғы үш жылдағы және қазіргі уақытта атқаратын лауазымдары (оның ішінде қоса атқаратын жұмыс бойынша)
Серік Кәрімжанұлы Шахажанов , 1977 ж.т. Директорлар кеңесінің төрағасы	• 2023 жылғы ақпаннан қазіргі уақытқа дейін «Еуразиялық Топ» ЖШС Бас директоры • 2017 жылғы шілдеден 2023 жылғы ақпанға дейін «Еуразиялық Топ» ЖШС Басқарма төрағасы
Данияр Равшанович Рахматуллаев , 1985 ж.т. Директорлар кеңесінің мүшесі	• 2023 жылғы ақпаннан қазіргі уақытқа дейін «Еуразиялық Топ» ЖШС Бас директорының қаржы жөніндегі орынбасары • 2018 жылғы қазаннан 2023 жылғы ақпанға дейін «Еуразиялық Топ» ЖШС Басқарма төрағасының қаржы жөніндегі орынбасары
Сергей Леонидович Прокопьев , 1984 ж.т. Директорлар кеңесінің мүшесі	• 2023 жылғы ақпаннан қазіргі уақытқа дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ Бас директоры • 2022 жылғы қыркүйектен 2023 жылғы ақпанға дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ президенті • 2021 жылғы сәуірден 2022 жылғы қыркүйекке дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ өндіріс жөніндегі вице-президенті • 2014 жылғы тамыздан 2021 жылғы сәуірге дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы-Ақсу ферроқорытпа зауытының директоры
Бейбіт Төлеуов , 1958 ж.т. Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор	• 2021 жылғы ақпаннан қазіргі уақытқа дейін Теміртау электрметаллургия комбинаты АҚ (ТЭМК) тау-кен инженері – маркшейдері • 2013 жылдан 2021 жылғы ақпанға дейін «Fincraft Resources» АҚ бас геологы, жер қойнауын пайдалану жөніндегі басқарушы директоры
Болат Мамытханұлы Рақышев , 1947 ж.т. Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор	• 2012 жылдан қазіргі уақытқа дейін Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институтының зертханалар тобының меңгерушісі

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарманың құрамы

Т.А.Ә., туған жылы	Хронологиялық тәртіппен соңғы үш жылдағы және қазіргі уақытта атқаратын лауазымдары (оның ішінде қоса атқаратын жұмыс бойынша)
Сергей Леонидович Прокопьев , 1984 ж.т.	• 2023 жылғы ақпаннан қазіргі уақытқа дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ Бас директоры • 2022 жылғы қыркүйектен 2023 жылғы ақпанға дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ президенті • 2021 жылғы сәуірден 2022 жылғы қыркүйекке дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ өндіріс жөніндегі вице-президенті • 2014 жылғы тамыздан 2021 жылғы сәуірге дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы-Ақсу ферроқорытпа зауытының директоры
Азамат Әділғазыұлы Бектібаев , 1964 ж.т.	• 2017 жылғы сәуірден 2023 жылғы ақпанға дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ Басқарма мүшесі • 2021 жылғы сәуірден қазіргі уақытқа дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы – Дөң тау-кен байыту комбинатының директоры • 2018 жылғы желтоқсаннан 2021 жылғы 31 наурызға дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ техникалық даму жөніндегі вице-президенті • 2017 жылғы наурыздан 2018 жылғы желтоқсанға дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ президентінің бірінші орынбасары – өндіріс және техникалық мәселелер жөніндегі вице-президенті
Марат Турсынбекович Кудеков , 1980 ж.т.	• 2022 жылғы маусымнан 2023 жылғы ақпанға дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ Басқарма мүшесі • 2023 жылғы ақпаннан қазіргі уақытқа дейін экономика және контроллинг жөніндегі директор • 2021 жылғы қаңтардан 2023 жылғы ақпанға дейін қаржы-экономикалық мәселелер жөніндегі вице-президент • 2018 жылғы қаңтардан 2020 жылғы желтоқсанға дейін Eurasian Resources Group Тобының ұзақ мерзімді жоспарлау және талдау департаментінің директоры
Дамир Куанышевич Кенжигарин , 1980 ж.т.	• 2022 жылғы маусымнан 2023 жылғы ақпанға дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ Басқарма мүшесі • 2022 жылғы мамырдан қазіргі уақытқа дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ персонал және әлеуметтік мәселелер жөніндегі операциялық директоры • 2020 жылғы шілдеден 2022 жылғы мамырға дейін «Шұбаркөл көмір» АҚ персонал және әлеуметтік мәселелер жөніндегі операциялық директоры • 2019 жылғы тамыздан 2020 жылғы шілдеге дейін әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі менеджер, Персонал және әлеуметтік мәселелер жөніндегі блок – Әлеуметтік жобалар департаменті «Еуразиялық Топ» ЖШС

Басқару органдарының құрылымы (жалғасы)

Дивидендтер туралы ақпарат

Көрсеткіш (теңге)	31.12.2021	31.12.2022
Бір жай акцияның баланстық құны	5,391	2,009
Бір артықшылықты акцияның баланстық құны	937	927
Көрсеткіш (теңге)	2021	2022
Жалғасып жатқан қызметтен жай акцияға шаққандағы базалық және бөлінген пайда	3,956	4,424

Жай және артықшылықты акцияның баланстық құны Қазақстан қор биржасының листинг қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес есептелді.

2020 – 2022 жылдар аралығында төленген дивидендтер

Қорытындысы бойынша дивидендтер төленетін кезең	Бір жай акцияға төленетін дивиденд мөлшері, теңге	Бір артықшылықты акцияға төленетін дивиденд мөлшері, теңге	Heriz
2019 жылдың қорытындысы бойынша	63.50	100	Компанияның Жарғысы, 27.06.2020 жылғы жылдық Акционерлер жалпы жиналысының хаттамасы
2020 жылғы 3-тоқсанның қорытындысы бойынша	535	535	Компанияның Жарғысы, 04.12.2020 жылғы кезектен тыс Акционерлер жалпы жиналысының хаттамасы
2020 жылдың қорытындысы бойынша	666	666	Компанияның Жарғысы, 31.05.2021 жылғы жылдық Акционерлер жалпы жиналысының хаттамасы
2021 жылғы 3-тоқсанның қорытындысы бойынша	319.84	319.84	Компанияның Жарғысы, 03.12.2021 жылғы кезектен тыс Акционерлер жалпы жиналысының хаттамасы
2021 жылғы 3-тоқсанның қорытындысы бойынша	691.79	691.79	Компанияның Жарғысы, 09.03.2022 жылғы кезектен тыс Акционерлер жалпы жиналысының хаттамасы
2021 жылдың қорытындысы	794.06	794.06	Компанияның Жарғысы, 30.05.2022 жылғы жылдық Акционерлер жалпы жиналысының хаттамасы
2022 жылғы 1-жартыжыл-дың қорытындысы	1,066.57	1,066.57	Компанияның Жарғысы, 10.11.2022 жылғы кезектен тыс Акционерлер жалпы жиналысының хаттамасы
2022 жылғы 3-тоқсанның қорытындысы	4,952.35	4,952.35	Компанияның Жарғысы, 05.12.2022 жылғы кезектен тыс Акционерлер жалпы жиналысының хаттамасы

Ақпараттық саясат және қызмет туралы ақпаратты ашу

Қазхромның қызметі туралы ақпаратты ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компания Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Ақпаратты жариялау кезінде Қазхром ұсынылатын ақпараттың толықтығы, анықтығы мен уақтылылығы қағидаттарын басшылыққа алады.

Қазхром акционерлер мен инвесторлардың мүліктік және өзге де құқықтарына елеулі әсер етуі мүмкін өз қызметінің негізгі нәтижелері, жоспарлары мен перспективалары туралы ақпаратты уақтылы жариялайды, сондай-ақ Компанияның Жарғысында көрсетілген мерзімдерде акционерлердің сұрау салуларына уақтылы және толық көлемде жауап береді. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты Компания мынадай: қаржылық есептілік

депозитарийінің, Қазақстан қор биржасының, «Астана» халықаралық қаржы орталығы ақпараттық тұғырнамасының – «AIX» жария интернет-ресурстарында жариялайды.

Қазхром акционерлердің, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғалардың келіп түсетін барлық сұрау салуларына Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Компанияның Жарғысында белгіленген мерзімдерде уақтылы әрі толық көлемде жауап береді.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

Мүдделі тараптармен өзара іс қимыл жасау үшін Компанияда мынадай құжаттар бекітіліп, қолданылады:

- «Тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау тәртібі» әдіснамалық нұсқаулығы – осы ішкі құжат мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау кезінде Компанияның тәуекелдері мен мүмкіндіктерін сәйкестендіру және бағалау тәртібін айқындайды.
- «Байланысты тараптармен шарттарға қатысты саясат» – бұл саясат осы саясатта айқындалған байланысты тараптармен шарттарды қарау мен мақұлдауға қатысты қолданылады.

Жалақылар мен барлық көтермелеу түрлерінің жиынтық мөлшері туралы ақпарат

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылардың мөлшерін, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерлері мен еңбекке ақы төлеу және сыйақы беру шарттарын айқындау «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. 2021 жылғы жұмыстың қорытындысы бойынша 2022 жылы төленген Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы сомасы – 1,310 млн теңгені (табыс салығын ескере отырып), 2021 жылы 844 млн теңгені (табыс салығын ескере отырып) құрады. Директорлар кеңесі мен

Басқарма мүшелеріне зейнетақылар бойынша сыйақыларды қамтамасыз ету үшін жинақтар көзделмеген.

Компанияның Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтауы туралы есеп

Компания өз қызметінде Акционерлер жалпы жиналысының 2017 жылғы 13 наурыздағы шешімімен бекітілген Корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.

Компанияда уәкілетті органдар мынадай ішкі құжаттарды бекітіп, олар сақталады:

- Директорлар кеңесі туралы ереже
- Корпоративтік тәртіп кодексі
- ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексі
- Агенттердің корпоративтік нормалар мен ережелерді сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі саясат
- Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл саясаты
- Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты
- Алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты
- Монополияға қарсы заңнамаға және бәсекелестікті қорғау туралы заңнамаға сәйкестікті қамтамасыз ету саясаты
- Мүдделер қақтығысын болғызбау саясаты
- Дербес деректерді қорғау саясаты
- Ақпараттық қауіпсіздік саясаты

- Сыйлықтар және мәдени ойын-сауық іс-шаралар саясаты
- Байланысты тараптармен шарттарға қатысты саясат
- Халықаралық экономикалық санкциялар талаптарының сақталуын қамтамасыз ету саясаты
- Ақпаратты жіктеу саясаты
- Адам құқықтарын сақтау саясаты
- Корпоративтік әлеуметтік есеп беру және демеушілік қолдау саласындағы жобалар саясаты
- ERG санкцияларды сақтау жөніндегі бағдарламасы: негізгі қағидаттар
- ERG деректерді қорғау жөніндегі комплаенс-бағдарламасы: негізгі құрамдастар

Компанияның органдары «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Төралқасының 2021 жылғы 27 сәуірдегі № 4 шешімімен мақұлданған Қазақстан Республикасының Корпоративтік басқару кодексіне қосылу туралы шешім қабылдаған жоқ.

Негізгі басшылар командасы

**Сергей Прокопьев**

«Қазхром» ТҰК» АҚ Бас директоры

Ферроқорытпа өндірісінде түрлі лауазымдарда 20 жылдан астам тәжірибесі бар.

Сергей Прокопьев еңбек жолын 2002 жылы Ақсу ферроқорытпа зауытының ферроқорытпа цехында ферроқорытпа пешінің көрікшісі болып бастады. 2006 жылы Инновациялық Еуразия университетін бітіргеннен кейін ыстық жұмыс учаскесінде шебер, аға шебер, ферроқорытпа

цехының бастығы болып еңбек еткен. 2013 жылы өндірістік басқарманың бастығы лауазымына тағайындалды, 2014 жылы техникалық директордың өндіріс жөніндегі орынбасары лауазымына және одан кейін Ақсу ферроқорытпа зауытының директоры лауазымына тағайындалды.

Зауытта жұмыс істеген кезеңде Сергей Прокопьев өндірісті дамытуға елеулі үлес қосты. Оның бастамасымен және басшылығымен тауарлы өнім өндірудің қосымша көлемдерін алуға мүмкіндік берген бірқатар жаңашыл ұсыныстар іске асырылған. Атап айтқанда, бұл қыс мезгілінде қосымша тауарлы өнім мен металл концентратын алу мақсатында тұндыру кешенін жауып, жылылау жөніндегі жоба, металл концентратын сеппе ретінде қолдану бөлігінде технологияны өзгерту, қождарды қайта өңдеу схемасын өзгерту, құю машинасын автоматтандыру қамында пилоттық жобаны енгізу және көптеген басқа да ұсыныстар.

2021 жылғы сәуірден бастап өндіріс жөніндегі вице-президент болып, «Қазхром» ТҰК» АҚ басқару блогына кірді. 2022 жылғы қыркүйекте Сергей Прокопьев – «Қазхром» ТҰК» АҚ президенті, 2023 жылғы ақпанда Бас директоры болып тағайындалды. Оның басым міндеттерінің қатарында ферроқорытпа өндірісінің ілгері технологияларын енгізу, тау жыныстарын өндіру мен бекітудің озық технологияларын енгізу, өндіріс өнімділігін арттырудың озық әдістерін енгізу бар.

Сергей Прокопьев Инновациялық Еуразия университетін «Қара және түсті металдар металлургиясы» мамандығы бойынша, РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясын «Қара және түсті металдар металлургиясы» мамандығы бойынша – «Іскерлік әкімшілендіру шебері» біліктілігі бойынша бітірді. Мәскеу қаласының ЕУ Бизнес академиясында «Қаржылық емес менеджерлерге арналған қаржы І: есепке алу, талдау, бюджет» бағыты бойынша оқытудан өтті.

**Азамат Бектібаев**

«Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы – Дөң тау-кен байыту комбинатының директоры

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде 30 жылдан астам, оның ішінде 10 жыл басшылық лауазымдарда тәжірибесі бар, техника ғылымдарының кандидаты болып табылады. 2004 жылдан бері ERG құрылымында жұмыс істеп келеді.

Өзінің кәсіби жолын КСРО-ның 50 жылдығы атындағы Белогорск КБК «Огневка» кенішінде тау-кен жұмысшысы қызметінен бастаған. 1994 жылы ғылым саласында жұмыс істеді, аспирантураны бітірді және кандидаттық диссертациясын қорғап, техника ғылымдарының кандидаты дәрежесін алды.

2004 жылы Азамат Бектібаев ERG тау-кен өндірісі департаментінің тау-кен бөлімінің бастығы лауазымына келді. Кәсіби өсудің барлық кезеңдерінен өтіп, 2014 жылы Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары болып тағайындалды. Азамат Бектібаев елдің ең ірі тау-кен металлургиялық компаниясы – ERG кәсіпорындарының бүкіл өндірістік қызметіне, атап айтқанда, кен өндіру және тауарлық өнімді: ферроқорытпаларды, темір кенді шикізатты, сазбалшықты, алюминийді, көмір мен электр энергиясын шығаруға жауапты болды. ERG кәсіпорындарында жаңа технологияларды, экономикалық тиімділік бағдарламаларын әзірлеу мен енгізуге жетекшілік етті.

Азамат Бектібаев геоақпараттық жүйелер сияқты озық құралдарды қолдана отырып, ERG-де жүйелі стратегиялық жоспарлауды енгізуге бастамашы болды. Оның басшылығымен бөлімшелер үшін технологияларды, жабдықтар мен материалдарды таңдау кезінде жаңа көзқарастарды пайдалану жұмыстары басталды, өндірістік блокты толық қайта ұйымдастыру жүзеге асырылды.

2017 жылдан бастап ол Президенттің бірінші орынбасары – Өндіріс және техникалық мәселелер жөніндегі вице-президент лауазымында «Қазхром» ТҰК» АҚ басқару блогына кірді. 2021 жылдан бері ол Дөң ТКБК директоры лауазымын атқарып келеді.

Азамат Бектібаев 1986 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген.

М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің MBA бағдарламасын сәтті аяқтап, іскерлік әкімшілендіру магистрі дәрежесін алған. 50-ден астам ғылыми мақала мен 12 өнертабыстың авторы.

Негізгі басшылар командасы (жалғасы)



Константин Семеренко

«Қазхром» ТҰК» АҚ техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі директоры

Ақсу ферроқорытпа зауыты мен «Қазхром» ТҰК» АҚ-дағы түрлі лауазымдарда жабдықтарға техникалық қызмет көрсету мен оларды жөндеуде 20 жылдан астам тәжірибесі бар.

2000 жылы Павлодар мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін Константин Семеренко Ақсу ферроқорытпалар зауытына №4 балқыту цехында слесарь-жөндеуші қызметін атқарған. 2007 жылдан бастап жүк көтергіш тетіктерді жөндеу жөніндегі шебер, механикалық жабдықтарды жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі аға шебер және механикалық жабдықтар жөніндегі цех бастығының көмекшісі лауазымдарын атқарды, онда № 4 балқыту цехы механикалық жабдықтарының ТҚЖЖ жүйесін ұйымдастыру және басқару мәселелерімен айналысты.

2013 жылы бизнес-талдаушы ретінде ERP жүйесін енгізу жөніндегі жобаға қатысуға шақырылды. 2014 жыл ішінде осы жобада «Жөндеу» бағытын басқарды.

Жоба аяқталғаннан кейін 2014 жылы Ақсу ферроқорытпалар зауытының бас механигі лауазымына оралды. 2018 жылы «Қазхром» ТҰК» АҚ Басқару аппаратына сенімділік жөніндегі басшы лауазымына шақырылды.

2020 жылғы желтоқсаннан бастап техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі вице-президент болып, «Қазхром» ТҰК» АҚ басқару блогына кірді, ал 2023 жылы техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі директор болып тағайындалды. Оның басым міндеттерінің қатарына жөндеудің прогрессивті технологияларын, жабдықты уақтылы баптау мен жөндеуді қызмет көрсету жүйелерін енгізу, жабдықтың қалыпты техникалық жай-күйін, тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, бос тұрып қалуын азайту кіреді.



Марат Кудиков

Экономика және контроллинг жөніндегі директор

Қаржыны басқаруда 15 жылдан астам тәжірибесі бар.

2001 жылы Марат Кудиков Алматыдағы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Халықаралық экономикалық қатынастар» мамандығы бойынша бітірген. 2009 жылы – Cass Business School-ден қаржы магистрі дәрежесін, ал 2016 жылы London Business School-ден MBA дәрежесін алды. ERG-ге келгенге дейін қазақстандық және халықаралық ұйымдарда микроқаржыландыру индустриясында жұмыс істеді.

Еуразиялық Топтың командасына Марат Кудиков 2006 жылы қосылды. Жұмысты басқарушы компанияның қазақстандық кеңсесінде экология, стандарттау және сертификаттау департаментінің маманы болып бастады. Содан кейін қаржы блогына ауысты, онда ERG қазақстандық және еуропалық кеңселерінде әртүрлі лауазымдарда жұмыс істеді.

2013 жылы Топтың стратегиялық жоспарлау және инвестициялық талдау департаменті директорының орынбасары қызметіне тағайындалды. Оның міндеттеріне ұзақ мерзімді жоспарлау процесін басқару және күрделі жобаларды қаржылық бағалау жүйесі мен Топ деңгейінде инвестициялық шешімдер қабылдау жүйесін құру кірді.

2015 жылдан 2017 жылға дейін Марат Кудиков Лондондағы Bryanston Resources халықаралық консалтингтік агенттігіне консультант жұмысына ауысты және Африкадағы ERG активтеріне баса назар аудара отырып, стратегиялық жоспарлау процестеріне қатысты.

2018 жылдан 2020 жылға дейін ERG ұзақ мерзімді жоспарлау және талдау департаментінің директоры болып жұмыс істеді, онда Топтың барлық активтері үшін ұзақ мерзімді қаржылық жоспарлау мәселелерімен айналысты.

2021 жылғы қаңтардан бастап қаржы-экономикалық мәселелер жөніндегі вице-президент лауазымында «Қазхром» ТҰК» АҚ топ-менеджерлер командасына қосылды. 2023 жылы Экономика және контроллинг жөніндегі директор болып тағайындалды. Оның міндеттер тобына қаржылық және экономикалық қызметтің барлық бағыттары бойынша компанияның қызметін ұйымдастыру кіреді. Бизнес бойынша серіктестермен, мемлекеттік билік өкілдерімен қарым-қатынасты қолдау. Сонымен қатар, ол нарықтағы үрдістердің өзгеруін ескере отырып, компанияның даму стратегиясына тұрақты мониторинг пен талдауды жүзеге асырады. Компанияның даму бизнес-жоспары мен бюджеттерді әзірлеуге қатысады, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

Негізгі басшылар командасы (жалғасы)



Нұргүл Нұрғалиева

«Қазхром» ТҰК» АҚ персонал және мәдениет жөніндегі директоры

Әртүрлі лауазымдарда персоналды басқаруда 20 жылдан астам тәжірибесі бар. Негізгі операциялық құзыреттері Compensation & Benefits, ұйымдастырушылық дизайн және ресурстық жоспарлау, персоналды бағалау және дамыту, процестерді автоматтандыру және орталықтандыру болып табылады.

Нұргүл Нұрғалиева еңбек жолын 2001 жылы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-да бастады, онда жобалық-конструкторлық бюродағы инженер-экономистен филиал директорына дейінгі жолдан өтті.

2018 жылы ERG-re Compensation & Benefits сарапшысы ретінде қосылды. Кейін Еуразиялық Топтың HR бизнес-серіктесі, жиынтық сыйақы және әлеуметтік жобалар жөніндегі директоры лауазымдарын атқарды. 2021 жылы – «Business & Technology Services» ЖШС-ның (ERG AT-бөлімшесі) персонал жөніндегі директоры, 2022 жылы ERG өтемақылары мен жеңілдіктер жөніндегі директоры болып тағайындалды.

2023 жылы Нұргүл Нұрғалиева персонал және мәдениет жөніндегі директор болып, «Қазхром» ТҰК» АҚ басқару блогына кірді. Оның міндеттерінің қатарында – кадр саясатын, ынталандыру жүйесін жетілдіру, өнімділіктің өсуін қамтамасыз ету, персоналды дамыту және іріктеу стратегиясы, сондай-ақ корпоративтік мәдениетті ілгерілету және нәтижелілікті басқару.

Нұргүл Нұрғалиева Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін «Экономика» мамандығы бойынша бітірген, экономика саласындағы магистр дәрежесі бар.



Деректердің анықтығы туралы мәлімдеме

Компанияның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі мен Басқарма Қазхромның жылдық есебі мен қаржылық есептілігінің анықтығына жауапты.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

- > Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі
- > Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс
- > Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп
- > Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп
- > Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп
- > Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Қазхром» ТҰК» АҚ Акционерлеріне және Директорлар кеңесіне:

Біздің пікіріміз

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілік «Қазхром» ТҰК» АҚ-ның (бұдан әрі - «Компания») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірге - «Топ») 2022 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сонымен қатар көрсетілген күнмен аяқталған жыл ішіндегі шоғырландырылған қаржылық нәтижелер мен шоғырландырылған ақша қаражаты қозғалысын барлық маңызды жағынан Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шынайы түрде көрсетеді.

Аудит мәні

Біз Топтың көлесі қамтитын шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік:

- 2022 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған бухгалтерлік баланс;
- көрсетілген күнмен аяқталған жыл ішіндегі пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есептілік;
- көрсетілген күнмен аяқталған жыл ішіндегі капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептілік;
- көрсетілген күнмен аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептілік және
- есеп саясатының елеулі элементтерінің қысқаша сипаттамасын және басқа да түсіндірме ескертпелерді қоса, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер.

Пікір білдіру негіздемесі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттар бойынша Біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі Біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті бойынша аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған.

Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіру үшін негізді қамтамасыз ету үшін жеткілікті әрі тиісті болып табылады деп есептейміз.

Тәуелсіздік

Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары кеңесі (ХБЭСК кодексі) шығарған Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық этика кодексіне (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарына сәйкес қоса алғанда) және Қазақстан Республикасындағы біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитімізге қолданылатын этикалық талаптарына сәйкес Топқа тәуелсіз болып табыламыз. Біз шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитімізде қолданылатын ХБЭСК кодексінің басқада этикалық міндеттерімізді және Қазақстан Республикасының этикалық талаптарына сәйкес этикалық міндеттерімізді орындадық.

«ПрайсотерхаусКуперс» ЖШС
Әл-Фараби даңғылы 34, ғимарат А, 4 кабат, А25d5f6 Алматы, Қазақстан
Т: +7 (727) 330 3200, Ф: +7 (727) 244 6868, www.pwc.com/kz



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

2-бет

Қызметтің үздіксіздігіне қатысты айтарлықтай белгісіздік

Біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 2-ескертпесіне назар аударамыз, онда ERG тобының 2024 жылы төлем міндеттемелерін орындауға және/немесе қолданыстағы заңдар мен ережелерге сәйкес төлем кестесін өзгертуге мүмкіндік беретін қолайлы шешімді табу қабілетіне қатысты елеулі тәуекелдер мен белгісіздіктер көрсетілген. Бұл оқиғалар және шарттар 2 Ескертпеде көрсетілген басқа мәселелермен бірге Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмен тудыруы мүмкін елеулі белгісіздіктің бар екендігін көрсетеді. Біз бұл мәселе бойынша өзгертілген пікір білдірмейміз.

Аудит жасауда қолданылатын әдіснама

Қысқаша шолу

Маңыздылық	• Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылығы: 21,441,000 мың теңге, соңғы үш жылдағы салық салуға дейінгі орташа алынған пайданың 5% ретінде есептелген және ағымдағы жылдағы салық салуға дейінгі пайданың шамамен 3.6% құрайды.
Топтың аудит көлемі	• Біз бір елдегі бір кәсіпорынға аудит бойынша жұмыс жүргіздік. • Топтың аудиторлық командасы Ақтөбе, Хромтау және Ақсу қалаларына барды. • Аудит көлемі барлық активтердің 99.9%, Топ табысының 99.9% және Топ салық салынғанға дейінгі пайдасының 99% қамтиды.
Аудиттің негізгі мәселелері	• Қарыздар бойынша ковенанттарды орындау • Түсімді тану

Аудитті жоспарлау кезінде біз маңыздылықты анықтап, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдеріне бағалау жүргіздік. Атап айтқанда, біз басшылықтың қандай салаларда субъективті пайымдаулар жасағанына талдау жасадық, мысалы, ол маңызды бағалау мәндеріне қатысты, атап айтсақ салдарынан белгісіздік туындауы мүмкін алдағы күндерге арналған болжамдарды қолдану және олардың орын алуына жол беру. Біздің барлық аудиттердегідей, біз басшылықтың ішкі бақылау жүйесін айналып өту қаупін қарастырдық, соның ішінде жосықсыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмалану қаупін тудыратын басшылықтың объективті емес белгілерінің болуына бағалау жасадық.

Маңыздылық

Біздің аудиттің көлемін анықтауға біздің маңыздылықты қолдануымыз әсер етті. Аудит шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне барынша сенімді болуға арналған. Бұрмалау жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Егер олар пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде жеке-жеке немесе жиынтықта қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, олар елеулі болып есептеледі.

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

3-бет

Кәсіби тұрғыдағы пікірімізге сүйене отырып, біз төмендегі кестеде көрсетілгендей, маңыздылық үшін, оның ішінде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейінде табыстылық үшін белгілі бір сандық шекті мәндерді белгіледік. Осы мәндердің көмегімен және сапалық факторларды ескере отырып, біз аудиттің көлемін, сондай-ақ аудиторлық рәсімдердің сипатын, мерзімдерін және көлемін айқындадық және егер болған жағдайда бұрмаланулардың (жеке-жеке және жиынтығында алынған), тұтастай шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсерін бағаладық.

Топты тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылығы	21,441,000 мың теңге
Біз оны қалай анықтадық	соңғы үш жылдағы салық салуға дейінгі орташа алынған пайданың шамамен 5%
Маңыздылық деңгейін анықтау үшін қолданылған базалық көрсеткіштің негіздемесі	Біз салық салуға дейінгі пайданың маңыздылық деңгейін анықтау үшін базалық көрсеткіш ретінде пайдалану туралы шешім қабылдадық, өйткені біз дәл осы базалық көрсеткішті оқырмандар Топтың нәтижелерін бағалау үшін жиі қарастырады деп санаймыз және ол жалпы қабылданған базалық көрсеткіш болып табылады. Біз соңғы үш жылдағы салыққа дейінгі орташа алынған пайданы соңғы уақытта байқалған тауар бағасының айтарлықтай құбылмалылығын ескере отырып, маңыздылық деңгейін түзету үшін пайдаландық. Біз маңыздылықты 5% деңгейінде белгіледік, бұл біздің кәсіби пайымдауымызша, осы саладағы пайдаға бағдарланған компаниялар үшін қолайлы сандық маңыздылық шектерінің диапазонына түседі және ағымдағы жылғы салық салуға дейінгі пайданың шамамен 3.6% құрайды.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері - бұл біздің кәсіби пікірімізге сәйкес ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті аясында және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қаралды және біз бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

«Қызметтің үздіксіз болуының қатысты айтарлықтай белгісіздігі» бөлімінде баяндалған мәселеге қоса, біз төменде сипатталған мәселелерді өз есебімізде хабарланатын негізгі аудит мәселелері ретінде анықтадық.



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

4-бет

Аудиттің негізгі мәселелері	Аудиттің негізгі мәселелеріне қатысты қандай аудиторлық процедуралар орындалды
Қарыздар бойынша ковенанттарды орындау <i>Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 2-ескертпесі.</i> Топ Eurasian Resources Group S. à r.l. ("ERG") тобының еншілес компаниясы болып табылады. Алдыңғы және ағымдағы кезеңдерде ERG және оның еншілес компаниялары әртүрлі қызметті қаржыландыру үшін кредиттік келісімдер жасады. Топ осы кредиттік келісімдердегі Тараптардың бірі болып табылады және шоғырландырылған бухгалтерлік баланстың құрамында көрсетілген алынған қарыздардан басқа, топ тікелей бас компания алған қарыз бойынша кепілгер болып табылады (17-ескертпесі). 2-ескертпеде көрсетілгендей, 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ERG Тобы, Топты қоса алғанда, өзінің барлық банктік міндеттемелері мен қаржылық келісімдерін орындады. Қарыздар бойынша ковенанттарды орындау өте маңызды болып саналады, өйткені ол Топтың қарыздарын жіктеуге және қаржылық кепілдіктерді бағалауға, сондай-ақ Топтың жалпы өтімділік жағдайына әсер етеді. Біз бұл мәселеніТоп үшін және шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін маңыздылығына байланыстынегізгі аудит мәселесі деп санадық.	Біздің аудиторлық процедуралар ERG және Топтың қарыздар бойынша ковенанттарға сәйкестігін бағалауды қамтыды. Біз төмендегілерге назар аудардық: – алынған қарыздар бойынша шарттарды, сондай-ақ пайдалануға қолжетімді және өтеуді талап ететін сомаларды тексеру; – Топтың қарыздар келісімдері талаптары бойынша қаржылық және қаржылық емес шарттардың әрқайсысына сәйкестігін тексеру, оның ішінде қарыз берушілерден талап ету құқығынан бас тарту туралы (тиесілі болса) алынған барлық растауларды тексеру; – ERG аудиторлық тобынан ERG тобының және оның еншілес компанияларының қарыздар бойынша ковенанттарды орындау туралы растау алу; – алынған қарыздарды жіктеудің және қаржылық кепілдіктерді өлшеудің дұрыстығын тексеру.

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)



Аудиттің негізгі мәселелері	Аудиттің негізгі мәселелеріне қатысты қандай аудиторлық процедуралар орындалды
-----------------------------	--

Түсімді тану

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 19-ескертпесі, 27-ескертпесі және 28-ескертпесі

Сатып алушыларға жеткізілетін ферроқорытпаларды сатудан түскен түсім сату күніндегі алдын ала бағалау негізінде танылады. Мұндай кірістерге түзетулер «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС талаптарына сәйкес келеді, ал оған «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» 15 ХҚЕС жатпайды және сатып алушылармен жасалған шарттардан басқа көздерден түсетін түсімді білдіреді.

19-ескертпеде көрсетілгендей, 2022 жылғы түсім сатып алушылармен жасалған шарттардан басқа көздерден 62,535,791 мың теңге (2021 жыл: 110,119,693 мың теңге) мөлшеріндегі кірісті қамтиды. 27-ескертпеде көрсетілгендей, егер ферроқорытпалардың нарықтық бағасы 10 пайызға төмен болса, салық салуға дейінгі таза пайда 12,162,335 мың теңгеге азаяды (2021 жыл: 5,942,773 мың теңге). Сондықтан, сатып алушылармен жасалған көлімшарттардан басқа көздерден алынған кірістер дебиторлық берешектің өділ құнын дұрыс анықтамау және жыл соңындағы өділ құнын өзгеруінің дұрыс емес есептеулері нәтижесінде бұрмалануы мүмкін, бұл танылған кірістің мөлшеріне әсер етеді.

Сондай-ақ, басшылық қызметтің мақсатты көрсеткіштеріне жету үшін басшылық сезінуі мүмкін қысымға байланысты бағалауды манипуляциялау және кірісті мерзімінен бұрын тану арқылы ішкі бақылау құралдарын айналып өту нәтижесінде кірісті асыра бағалау қаупі бар.

Топтың кірісті тану процесіне бақылаудың операциялық тиімділігін сынауды және түсінуді, жобалауды бағалауды қамтиды, ол мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: көлімшарттарды авторизациялау, баға қосымшаларын бекіту, түсімді тану сәтін анықтау және ең маңызды алдын-ала бағалар негізінде танылған түзетулерді есептеу.

Біз сондай-ақ дизайнды бағаладық және АТ мамандарының көмегімен түсімді тану процесінде автоматты бақылау жұмысының тиімділігін тексердік.

Біз басшылықтың есеп саясатын және алдын ала бағаларды анықтау үшін басшылық қолданған әдіснаманы бағаладық. Сонымен қатар, біздің аудиторлық процедураларымызға ең маңызды алдын ала бағалар мен соңғы бағаларды көрсететін түзетулердің есептеулерін тексеру үшін жүйеде жасалған іске асыру туралы есептер мен бас кітаптың деректері арасындағы барлық салыстыруларды тексеру кірді.

Жылдың соңында анықталған алдын-ала бағалардың дәлдігін іріктеп бағалау үшін біз сыртқы талдаушылардың мәліметтері бойынша базистік бағалардың болжамдарын тексердік. Таңдау әдісімен біз:

- біз шарттармен және баға ұсыныстарымен таныстық;
- операция жасалған күнге алдын ала бағалар негізінде танылатын түсімді қайта есептедік; және
- олар негізінен жыл соңына жақын кезеңге назар аударып отырып, ілесіп құжаттарды тексердік.



Аудиттің негізгі мәселелері	Аудиттің негізгі мәселелеріне қатысты қандай аудиторлық процедуралар орындалды
-----------------------------	--

Топ аудитінің көлемін анықтау

Біздің жалпы аудит стратегиямызға және аудитті жоспарлау және аяқтау кезінде ресурстарды бөлуге айтарлықтай әсер ететіндіктен, бұл мәселе аудиттің негізгі мәселесі болып табылады деп санаймыз, өйткені кірісті танудың дұрыстығын бағалау үшін айтарлықтай күш қажет.

Біз жыл ішінде жөнелтілген көлемнің дұрыстығын тексеру үшін негізгі сатып алушыдан растау хатын алдық. Біз сондай-ақ кірісті тану бойынша есеп саясатына қатысты Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіндегі ашудың жеткіліктілігін бағаладық.

Аудит көлемін біз есеп процестері мен бақылау құралдары тобы пайдаланатын топтың құрылымын ескере отырып, сондай-ақ Топ өз қызметін жүзеге асыратын саланың ерекшелігін ескере отырып, тұтастай шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірімізді білдіру үшін жұмыстарды жеткілікті көлемде орындай алатындай етіп анықтадық.

Топтың активтері мен операциялары компания мен оның екі еншілес кәсіпорны арасында бөлінеді. Олардың ішінде біз компанияны толық көлемде аудит жүргізілген жалғыз маңызды компонент ретінде анықтадық. Біз Топтың басқа компанияларын маңызды емес компоненттер ретінде анықтадық, оларға қатысты біз қаржылық ақпараттың маңызды жолдары мен жалпы аналитикалық процедуралар бойынша аудиторлық процедуралар жүргіздік. Жалпы, біздің аудит көлемі барлық активтердің 99.9%, жалпы табыстың 99.9% және топтың таза пайдасының абсолютті мәнінің 99% қамтиды. Біз орындаған жоғарыда аталған іс-әрекеттер бізге Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемелер алуға және ол бойынша біздің пікірімізге негіздеме беруге мүмкіндік берді.

Басқа да ақпарат

Басшылық басқа ақпарат үшін жауап береді. Басқа ақпарат жылдық есепті қамтиды (бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілікті және осы есептілік туралы аудиторлық есепті қамтымайды), ол бізге осы аудиторлық есептің күнінен кейін беріледі деп күтілуде.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділік білдіретін қорытынды бермейміз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізуге байланысты біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген басқа ақпаратпен танысу, ол бізге ұсынылған кезде және басқа ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында алынған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктер бар-жоғын және басқа ақпаратта басқа да елеулі бұрмаланулар бар-жоғын қарастыру болып табылады.

Егер жылдық есеппен танысқан кезде оның құрамында елеулі бұрмалаушылық бар деген қорытындыға келсек, оны корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізуіміз керек.

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

7-бет

**Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың
шоғырландырылған қаржылық есептілікке жауапкершілігі**

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалуы мен әділ ұсынылуы және алаяқтық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмаланулар жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде, басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Топты таратуға оның қызметін тоқтатуға ниеттенген немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жол беру негізінде есептілік жасауға жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындалуын қадағалауға жауапты болады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілікте алаяқтық немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланулар жоқ екендігіне ақылға қонымды сенімділік алу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығару болып табылады. Ақылға қонымды бұл жоғары деңгейдегі көпіндікті білдіреді, бірақ ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит әрқашан олар болған кезде елеулі бұрмалануларды анықтайтындығына көпіндік бермейді. Бұрмалау алаяқтық әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, маңызды болып есептеледі.

ХАС-на сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит барысында кәсіби күдікшілікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Алаяқтық осы әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғарырақ, себебі алаяқтық әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;
- Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылған есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

8-бет

- біз басшылықтың қызметтің үздіксіздігіне жол беруінің заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздік бар ма деген қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық қорытындымызда шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз, немесе, егер мұндай ақпаратты ашу тиісті емес болып табылса, біздің пікірімізді өзгертуге тиістіміз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық қорытынды жасағанға дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- тұтастай алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ету үшін бақылаймыз.
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін ұйымдардың қаржылық ақпаратына немесе Топ ішіндегі қызметке қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Біз Топтың аудитін басқаруға, бақылауға және жүргізуге жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін толық жауаптымыз

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен өзара ақпараттық қатынастар жасаймыз, оларға өзге ақпараттан бөлек, жоспарланған аудиттің көлемі мен мерзімдерін, сондай-ақ, аудит нәтижесінде туындаған маңызды ескертпелер туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың маңызды жетіспеушіліктері туралы мәлімет береміз.

Біз сондай-ақ, корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды ұстанғанымыз туралы хабарлаймыз, және аудитордың тәуелсіздігіне ықпал етуіне негізі бар деп санауға болатын барлық өзара қарым-қатынастар мен өзге сұрақтар туралы, және қажет болған жағдайда, тиісті сақтық шаралары туралы мәлімдейміз.

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

9-бет

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға берілген мәліметтердің ішінен, біз ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілік аудиті үшін маңызды болып саналатындарын анықтаймыз және сондықтан олар аудиттің негізгі мәселелері болып есептеледі. Бұл мәселелерді өз қорытындымызда баяндаймыз, келесі жағдайлардан басқа кездерде: жария етуге заңды түрде немесе нормативтік актімен тыйым салынғанда, немесе сирек жағдайларда біз бұл ақпараттың біздің қорытындымызда хабарлануының қажет емес жағдайларда, өйткені бұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оны хабарлаудың қоғамдық маңызы бар пайдасынан асып кетеді.

Аудиттің жауапты жетекшісі және осы тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебін шығарған — Бауржан Бурханбеков.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС атынан

PricewaterhouseCoopers LLP

Бекітілді:

Дана Имхарбекова
Басқарушы (директор)
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
(1999 жылғы 21 қазанда берілген Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінің №0000005 жалпы мемлекеттік лицензиясы)

Қол қойылды:

Бауржан Бурханбеков
Аудитор-орындаушы
(2006 жылғы 30 қазанда берілген № 0000586 аудитордың квалификациялық куәлігі)

3 мамыр 2023 жыл
Алматы, Қазақстан




Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс

Мың қазақстандық теңгемен	Еск.	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	5	670,993,734	543,461,869
Материалдық емес активтер		647,570	580,607
Әділ құнмен бағаланған инвестициялар	6	12,621,999	29,133,179
Берілген қарыздар	4, 10	262,943,774	472,063,447
Кейінге қалдырылған табыс салығының активтері	25	-	1,176,596
Өзге активтер	7	55,859,687	40,343,963
Жиыны		1,003,066,764	1,086,759,661
Айналым активтері			
Тауарлық-материалдық қорлар	8	206,325,643	163,973,551
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	9	248,005,910	196,640,950
Берілген қарыздар	4, 10	2,752,955	4,360,145
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлемдер		27,261	103,889
Ақша қаражаты және олардың баламалары	11	77,769,037	217,816,572
Өзге активтер		81,260	87,243
Жиыны		534,962,066	582,982,350
АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ		1,538,028,830	1,669,742,011
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	12	106,505,027	106,505,027
Сатып алынған меншікті акциялар		(184,411)	(184,411)
Өзге резервтер		(177,226)	318,811
Бөлінбеген пайда		97,887,558	435,362,135
Компания акционерлеріне тиесілі капитал		204,030,948	542,001,562
Бақыланбайтын үлес		51,839	51,050
КАПИТАЛДЫҢ ЖИЫНЫ		204,082,787	542,052,612
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Алынған қарыздар	13	1,062,811,911	943,369,917
Жалдау бойынша міндеттемелер	13	1,998,579	2,309,895
Активтерді жою және қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелергеарналған резервтер	15	13,901,244	6,023,291
Артықшылықты акциялар бойынша міндеттемелер	13	6,501,553	6,600,719
Кейінге қалдырылған табыс салығының міндеттемелері	25	2,490,384	-
Қызметкерлерге сыйақы беру міндеттемелері	16	6,407,147	5,519,735
Қаржылық кепілдіктер	17	14,469,223	17,981,342
Жиыны		1,108,580,041	981,804,899
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Алынған қарыздар	13	797,136	1,433,946
Жалдау бойынша міндеттемелер	13	885,395	795,220
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	14	161,109,257	93,023,844
Қаржылық кепілдіктер	17	2,906,280	3,009,324
Төленуге жататын ағымдағы табыс салығы		45,311,408	36,401,474
Активтерді жою және қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелергеарналған резервтер	15	801,726	390,422
Қызметкерлерге сыйақы беру міндеттемелері	16	710,473	564,867
Төленуге жататын өзге де салықтар		12,844,327	10,265,403
Жиыны		225,366,002	145,884,500
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНЫ		1,333,946,043	1,127,689,399
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛДЫҢ ЖИЫНЫ		1,538,028,830	1,669,742,011

115-тен 147-ге дейінгі беттердегі ескертпелер Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.
2023 жылғы 3 мамылда акционерлердің жылдық жалпы жиналысының бекітуіне қол қойылды.



Семеренко К.В.
Бас директордың ма.



Джандосова Д.А.
Экономика және бақылау жөніндегі директордың м.а.

Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп

Экономика және бақылау жөніндегі директордың м.а.	Еск.	2022 ж.	2021 ж.
Түсім	19	1,289,288,331	1,059,418,450
Сатудың өзіндік құны	20	(589,254,987)	(458,741,785)
Жалпы пайда		700,033,344	600,676,665
Сату шығыстары		(11,424,974)	(8,178,147)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	21	(67,644,911)	(39,950,114)
Зерттеу, бизнесті дамыту және барлау шығыстары		(9,936,937)	(6,674,905)
Өзге операциялық шығындар		(17,803,052)	(9,431,195)
Өзге операциялық табыс	22	23,080,249	7,203,130
Операциялық пайда		616,303,719	543,645,434
Қаржылық табыс	23	105,906,503	37,906,793
Қаржылық шығыстар	24	(132,875,635)	(64,800,781)
Салық салғанға дейінгі пайда		589,334,587	516,751,446
Табыс салығының шығыстары	25	(103,421,957)	(82,169,350)
Жылдық табыс		485,764,120	434,582,096
Өзге жиынтық (залал)/ табыс:			
Кейіннен пайда немесе залалға қайта жіктелмейтін баптар:			
Еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылар бойынша міндеттемелерді қайта бағалау	16	(620,042)	(272,069)
Тікелей өзге жиынтық табыста көрсетілген табыс салығы	25	124,005	54,418
Басқа жиынтық залал		(496,037)	(217,651)
Жылдық жиынтық табыс		485,416,593	434,364,445
Жылдық жиынтық пайда:			
Компания акционерлеріне тиесілі		485,910,983	434,581,111
Бақыланбайтын үлеске тиесілі		1,647	985
Жылдық пайда		485,912,630	434,582,096
Жылдық жиынтық пайда:			
Компания акционерлеріне тиесілі		485,414,946	434,363,460
Бақыланбайтын үлеске тиесілі		1,647	985
Жылдық жиынтық табыс		485,416,593	434,364,445
Жай акцияға арналған базалық және ажыратылған пайда (теңге)	18	4,424	3,956

115-тен 147-ге дейінгі беттердегі ескертпелер Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

Компания акционерлеріне тиесілі								
Мың қазақстандық теңгемен	Еск.	Акционер-лік капитал	Сатып алынған меншікті акциялар	Басқа резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақылан-байтын үлес	Капитал-дың жиыны
2021 ж. 1 қаңтарындағы қалдық		106,505,027	(184,411)	536,462	108,083,322	214,940,400	50,923	214,991,323
Бір жылдағы пайда		-	-	-	434,581,111	434,581,111	985	434,582,096
Өзге жиынтық залал		-	-	(217,651)	-	(217,651)	-	(217,651)
Бір жылдағы жиынтық (залал)/ табыс		-	-	(217,651)	434,581,111	434,363,460	985	434,364,445
Дивидендтер	12	-	-	-	(107,302,298)	(107,302,298)	(858)	(107,303,156)
2021 ж. 31 желтоқсандағы қалдық		106,505,027	(184,411)	318,811	435,362,135	542,001,562	51,050	542,052,612
2022 ж. 1 қаңтарындағы қалдық		106,505,027	(184,411)	318,811	435,362,135	542,001,562	51,050	542,052,612
Жылдағы пайда		-	-	-	485,910,983	485,910,983	1,647	485,912,630
Өзге жиынтық залал		-	-	(496,037)	-	(496,037)	-	(496,037)
Бір жылдағы жиынтық (залал)/ табыс		-	-	(496,037)	485,910,983	485,414,946	1,647	485,416,593
Дивидендтер	12	-	-	-	(823,385,560)	(823,385,560)	(858)	(823,386,418)
Дивидендтер		106,505,027	(184,411)	(177,226)	97,887,558	204,030,948	51,839	204,082,787

115-тен 147-ге дейінгі беттердегі ескертпелер Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.



Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

Мың қазақстандық теңгемен	Еск.	2022 ж.	2021 ж.
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Салық салғанға дейінгі пайда		589,334,587	516,751,446
Түзетулер:			
Негізгі құралдардың тозуы		55,339,499	49,979,517
Материалдық емес активтердің амортизациясы		384,647	429,847
Қызметкерлерге берілетін сыйақылар		593,424	430,430
Қаржылық кепілдіктер		(3,615,164)	(3,001,119)
Активтерді жою жөніндегі міндеттемелерге арналған резервтер		(63,270)	(48,277)
Ескірген және өтімді емес тауарлық-материалдық қорларға арналған резервтер		158,136	128,619
Сауда және өзге де дебиторлық берешекке арналған резервтер		2,763,671	1,012,193
Бағамдық айырмашылық		(17,555,787)	(4,527,963)
Қаржы кірістері		(102,291,339)	(34,905,674)
Қаржы шығыстары		144,650,641	66,903,750
Заңды шығыстарға арналған резерв		5,752,801	-
Негізгі құралдардың құнсыздануына арналған резерв		2,409,309	-
Өзге түзетулер		78,692	(40,192)
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық қызмет бойынша ақша қаражатының қозғалысы:		677,939,847	593,112,577
Тауарлық-материалдық қорлардағы өзгерістер		(40,405,690)	(66,443,045)
Сауда және өзге де дебиторлық берешектегі өзгерістер		(40,055,722)	(84,448,746)
Алу шектеулері бар ақша қаражатындағы өзгерістер		-	(230,099)
Сауда және өзге де кредиторлық берешектегі өзгерістер		27,097,449	(3,020,223)
Активтерді жою және қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелерге арналған резервтердегі өзгерістер		(118,007)	(29,821)
Өзге де салықтар бойынша берешектегі өзгерістер		(190,977)	(5,345,509)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты:		624,266,900	433,595,134
Төленген табыс салығы		(93,474,142)	(39,546,049)
Табыс көзінен төленген табыс салығы		-	(11,636,820)
Алынған пайыздар		31,840,776	3,186,769
Төленген пайыздар	13	(157,158)	(91,865,477)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты		562,476,376	293,733,557
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(156,625,905)	(94,698,548)
Берілген қарыздар	10	(385,023,648)	(41,964,948)
Берілген қарыздарды өтеу	10	640,285,386	22,209,417
Банктік депозиттерді орналастыру		(16,181)	(23,430)
Банктік депозиттерді алу		25,323	18,763
Инвестицияларды сатып алу		(10,686,883)	(16,636,198)
Алынған дивидендтер		262,478	-
Инвестициялық қызметтен түскен/ инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		88,220,570	(131,094,944)
Қаржы қызметі бойынша пайдаланылған ақша қаражатының қозғалысы			
Қарыздардың түсуі	13	19,767,038	106,702,500
Қарыздарды өтеу	13	(178,727)	-
Қарыздарды ұйымдастырғаны үшін комиссия	13	-	(772,671)
Төленген дивидендтер	12	(822,526,759)	(107,638,313)
Жалдау шарттары бойынша төлем	13	(1,120,105)	(948,532)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		(804,058,553)	(2,657,016)
Валюта бағамы өзгеруінің ақша қаражаты мен ақша баламаларына әсері		13,314,072	2,149,602
Ақша қаражаты мен ақша баламаларының таза өзгеруі		(140,047,535)	162,131,199
Жыл басындағы ақша қаражаты және ақша баламалары	11	217,816,572	55,685,373
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен ақша баламалары	11	77,769,037	217,816,572

5-тен 38-ге дейінгі беттердегі ескертпелер Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер

1. Топ және оның негізгі қызметі

«Қазхром» ТҰК» АҚ (бұдан әрі – «Компания») 1995 жылғы 20 қазанда тіркелді. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылды. 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған Шоғырландырылған қаржылық есептілікке Компания және оның еншілес компаниялары (бұдан әрі – «Топ») кіреді.

«Қазхром» ТҰК» АҚ-ның тікелей бас компаниясы - Нидерландта тіркелген KCR International B.V., соңғы бас компаниясы - Люксембургте тіркелген Eurasian Resources Group S.à r.l. (бұдан әрі – «ERG»).

Топтың негізгі қызметі - хром және марганец кендерін өндіру, хром кенін сату, ферроқорыт-паларды өндіру және сату. Топтың өндірістік активтері Қазақстан Республикасында орналасқан.

Заңды мекенжайы: 030008, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, М.Мәметова көшесі, 4 «А».

Еншілес компаниялар	Тіркеу елі	Негізгі қызметі	Меншік үлесі, %
«Дөң мұнай базасы» АҚ	Қазақстан	Қоймалық сақтау қызметтері және жанар-жағармай материалдарын сату	95.53
«Ақжар-хром» ЖШС	Қазақстан	Магистральдық құбырлар арқылы су өндіру	100.00

2. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі ережелері

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау негізі.

Топтың 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған осы Шоғырлан-дырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ҚЕХС») сәйкес дайындалды.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есеп саясаты төменде сипатталған және ҚЕХС-ке негізделген. Бұл стандарттар халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын түсіндіру комитеті мезгіл - мезгіл шығаратын интерпретацияларға ұшырайды.

Осы Шоғырландырылған қаржылық есептілік бастапқы тануы әділ құнмен жүзеге асырылатын қаржы құралдарын қоспағанда, бастапқы құн қағидаты және өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құнмен бағаланатын қаржы құралдарын қайта бағалау негізінде дайындалды.

ҚЕХС сәйкес Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау бағалар мен болжамдарды қолдануды талап етеді. Сондай-ақ, ол басшылықтан Топтың есеп саясатын қолдану барысында кәсіби пайымдауларды қолдануды талап етеді. Пайымдаудың немесе күрделіліктің жоғары деңгейімен ерекшеленетін немесе болжамдар мен бағалар Шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсер ететін салалар

3-Ескертпеде көрсетілген.

Қызметтің үздіксіздігі қағидаты.

2022 жылдың ақпанында Украина мен Ресей арасында әскери қақтығыс басталды. Бірқатар елдер мен халықаралық ұйымдар, соның ішінде Америка Құрама Штаттары, Еуропалық Одақ, Швейцария және Ұлыбритания Ресей үкіметіне, әртүрлі компанияларға, соның ішінде ERG Тобының негізгі кредиторларына («Ресей Сбербанкі» ЖАҚ («Сбербанк»), ВТБ банкіне («ВТБ») және жеке тұлғаларға қарсы бірқатар санкциялар енгізілді. Қаржы және тауар нарықтарында елеулі бұзушылықтарға әкеп соқты. ERG Тобы комплаенс саясатымен бекітілген шеңберде оның шаруашылық қызметіне қолданылатын барлық санкцияларды сақтайды.

ERG Менеджерлер кеңесі 2024 жылдың 31 қазанына дейін өтімділікті қолжетімді деңгейге

қарастырды. Қарастырылып отырған кезең ішінде ERG Тобы талап етілетін ең төменгі айналым капиталынан жоғары позицияны ұстап тұру және борышқа қызмет көрсету мақсатында жеткілікті ақша ағындарын өндіреді деп болжайды.

ERG Тобы бизнестің операциялық қызметін қолдау үшін жеткілікті өтімділік қорының болуын және кредиттік келісімдер ковенанттарының орындалуын қамтамасыз ету үшін немесе қажет болған жағдайда вейверлерді алу үшін өзінің қаржылық жағдайын үнемі қадағалап отырады. 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ERG Тобы, оның ішінде Топ, қолданыстағы келісімдерді орындады.

2022 жылдың маусым айында Standard & Poor’s рейтинг агенттігі ERG Тобының кредиттік рейтингісін «тұрақты» болжаммен «B-»-тен «B»-ге жақсартты. ERG Тобы Standard & Poor’s компаниясынан кредиттік рейтингті алуды тоқтату шешімін қабылдады. 2023 жылдың наурызында Standard & Poor’s ERG Тобының өтініші бойынша ERG Тобының кредиттік рейтингін кері қайтарып алды. Кері қайтарып алу кезінде кредиттік рейтингтік болжамы «тұрақты» болды. 2022 жылдың желтоқсанында Moody’s «Тұрақты» болжаммен «B1» рейтингін растады.

ERG Тобының ағымдағы өтімділік болжамы 2024 жылы ағымдағы кредиттік келісімдер шеңберінде Сбербанк пен ВТБ банкіне жасалатын төлемдерді көздейді. ERG Тобы төлем міндеттемелерін орындауға және/немесе төлемдерді барлық қолданыстағы заңдар мен ережелерге сәйкес ауыстыруға мүмкіндік беретін әртүрлі ықтимал шешімдермен жұмыс істеуде. Жұмыс жалғасуда және 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында аяқталуы

екіталай, сондықтан осы қаржылық есептілік шығарылған кезде оның нәтижелеріне қатысты белгісіздік сақталады. Егер 2024 жылы қолайлы шешім табылмаса және ERG Тобы Сбербанкпен немесе ВТБ Банкімен жасалған қолданыстағы кредиттік келісімшарттарға сәйкес жоспарлы төлем жасамаса, мұндай төлемнің болмауы тиісті кредиторға кредиттік келісімшарттар бойынша өтелмеген қарызды төлеуді жеделдету құқығын бере алады.

ERG Менеджерлері қызметтің үздіксіздігі қағидаты негізінде ERG Тобының Шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауға қатысты қорытындыға келе отырып, ERG Тобының Сбербанктің және/немесе ВТБ Банкінің 2024 жылы Сбербанк немесе ВТБ Банк пайдалана алатын қарызды өтеуді жеделдету құқығын алуына кедергі жасау қабілетіне қатысты елеулі тәуекелдер мен белгісіздіктер бар екенін атап өтеді. Бұл елеулі тәуекелдер мен белгісіздіктер ERG Тобының жақын болашақта жұмысын жалғастыру қабілетіне үлкен күмән тудыруы мүмкін.

ERG Менеджерлерінің қорытындысын назарға ала отырып және Топтың 4-Ескертпеде көрсетілген топішілік операцияларды жүзеге асыратынын ескеріп, Топ ERG Тобының кредиттік шарттары бойынша кепілгер болып табылатындығын ескеріп, Топ басшылығы Топтың жақын болашақта өз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән тудыратын елеулі белгісіздік екенің қорытындады.

ERG Тобы өтімділіктің өзінің негізгі нарықтарындағы шикізат тауарларының бағасына тәуелділігін, валюта бағамдарының құбылмалылығына ұшырауын және қажет болған жағдайда қосымша қаржыландыруды тарту

қабілетін назарға алады. Шарттық міндеттемелерді орындау мақсатында қажетті жеткілікті өтімділікті қамтамасыз ету үшін ERG Тобы операциялық тиімділікке, айналым капиталын арттыруға, күрделі шығыстарды бөлу мен жұмсауға үнемі назар аударады.

ERG Менеджерлері ERG Тобының жақын болашақта операциялық қызметті жалғастыруына ресурстар жеткілігін болжамдайды және осылайша, Топ басшылығы Топтың жақын болашақта өзінің ағымдағы жай-күйінде өз қызметін жалғастыру мақсатында жеткілікті ресурстарға қол жеткізе алады және қызмет үздіксіздігі қағидатына сәйкес осы Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау орындылығына сенеді.

Жаңа стандарттар

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген стандарттарға түзетулер мен түсіндірмелер Топқа елеулі әсер етпеді. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін стандарттарға түзетулер Топқа елеулі әсер болмау болжамданады. Топ басқа да жаңа стандарттардың, стандарттарға енгізілген түзетулердің және түсіндір-мелердің әлеуетті әсерін бағалайды.

Функционалдық валюта және қаржылық есептілікті ұсыну валютасы.

Егер басқаша көрсетілмесе, осы Шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған барлық сандық деректер қазақстандық мың теңгемен (бұдан әрі – «теңге») көрсетіледі. Компа-нияның және оның еншілес компанияларының функцио-налдық валютасы - теңге.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

2. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шетел валютасындағы операциялар. Есепті күндегі жағдай бойынша шетел валюта-сында көрсетілген Топтың ақша активтері мен міндеттемелері осы күнге бекітілген Қазақстан қор биржасының (бұдан әрі – «ҚҚБ») ресми айырбастау бағамы бойынша теңгемен қайта есептелді. Шетел валютасындағы операциялар бастапқы тану кезінде операция жасалған күнге ҚҚБ айырбастау бағамымен ескеріледі. Кейіннен, шетел валютасында көрсетілген Топтың активтері мен міндеттемелерін қайта есептеу ҚҚБ бағамы бойынша ай сайынғы негізде жүзеге асырылады. Осы операциялар бойынша есеп айырысу күніне, сондай-ақ шетел валютасында көрсетілген ақша активтері мен міндеттемелерді қайта есептеу нәтижесінде туындайтын нәтижелер табыс немесе залал есепте көрсетіледі.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша АҚШ долларындағы қалдықтарды қайта есептеу мақсатында пайдаланылған ресми айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары 462.65 теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары 431.8 теңге). Теңгені басқа валюталарға айырбастауға қатысты валюта-лық бақылау ережелері қолда-нылады. Қазіргі уақытта теңге Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде еркін айырбасталатын валюта болып табылмайды.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік. Еншілес компаниялар - Топ бақылайтын құрылымдалған компанияларды қоса алғанда, инвестициялардың төменде көрсетілген объектілері. Топтың инвестициялар объектісін бақылау құқығы бар, егер ол:

- Инвестициялар объектісінің кірісіне елеулі әсер ететін маңызды қызметті басқару мүмкіндігін беретін өкілеттіктерге ие болса,
- Инвестициялар объектісіне қатысудан түсетін ауыспалы табысқа байланысты тәуекелдерге ұшырайды немесе осындай табыс алуға құқығы болса, және
- Инвестор табысының шамасына ықпал ету мақсатында инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін пайдалануға мүмкіндігі болса.

Топта басқа компанияға қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде әлеуетті дауыс беру құқықтарын қоса алғанда, қолданыстағы құқықтардың болуын және әсерін қарастыру қажет. Егер ұстаушының инвестициялар объектісінің маңызды қызметін басқаруға қатысты шешім қабылдау кезінде осы құқықты іске асыруға практикалық мүмкіндігі болса, құқық нақты болып табылады.

Топ инвестициялар объектісінде көпшілік дауыс құқығы болмаса да, инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктерге ие бола алады. Мұндай жағдайларда инвестициялар объектісіне

қатысты нақты өкілеттіктердің болуын анықтау үшін Топ басқа дауыс беру құқығын ұстаушылардың пакеттерінің мөлшері мен таралу дәрежесіне қатысты өз дауыс құқықтары пакетінің мөлшерін бағалауы керек.

Инвестициялар объектісінің қызметіне түбегейлі өзгерістер енгізуге байланысты немесе ерекше жағдайларда қолданылатын басқа инвесторлардың қорғау құқықтары Топтың инвестициялар объектісін бақылау мүмкіндігіне кедергі келтірмейді. Еншілес компаниялар өздерінің операцияларын бақылау құқығын Топқа берген күннен бастап Шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі және бақылау тоқтатылған күннен бастап Шоғырландырыл-ған есептіліктен шығарылады.

«Қазхром» ТҰК» АҚ мен еншілес компаниялар арасындағы барлық операциялар және осы операциялар бойынша іске асырылмаған пайда, сондай-ақ компаниялар арасындағы есеп айырысу бойынша қалдық алынып тасталады. Іске асырылмаған залал да алынып тасталады, бірақ берілетін активтің құнсыздану көрсет-кіштері ретінде қарастырылады. Компания және оның барлық еншілес компаниялары Топтың саясатына сәйкес бірыңғай есеп саясатын қолданады.

Бақыланбайтын үлес - бұл еншілес компанияның таза қызметі мен капиталының бөлігі, ол Топтың тікелей немесе

жанама иелік етпейтін капиталға қатысу үлесіне жатады. Бақыланбайтын үлес Топ капиталының жекелеген компонентін құрайды

Сегменттік есептілік. Топтың операциялары жоғары интеграцияланған және Топ басшылығымен ферро-қорытпалар өндірісімен ұсынылған бірыңғай есеп сегменті ретінде анықталған. Ферроқорытпа өндірісі хром кенін өндіруді және феррохром мен басқа ферроқорытпаларды сатуды қамтиды.

Операциялық шешім қабыл-дайтын Топтың басшылығы - бұл ресурстарды бөлетін және Топтың операциялық сегмент-терінің нәтижелерін бағалайтын адам немесе адамдар тобы. Операциялық шешімдерді қабылдайтын басшылық стратегиялық шешімдерді қабылдау үшін пайдаланылатын есептілікке сүйене отырып, операциялық бөлімшені анықтады. Басшылық шешімдер қабылдау кезінде сегмент қызметінің нәтижелерін операциялық пайда мен салық салғанға дейінгі пайда негізінде бағалайды.

Географиялық өңірлер қимасындағы кірістердің құрылымы туралы ақпарат 19-Ескертпеде көрсетілген.

Қазақстан Республикасын-дағы экономикалық орта. Топ өз қызметін жүргізетін экономикалық орта тауарлар бағасының өзгеруіне ұшырайды. Басшылық Топтың тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Акцияға арналған пайда. Артықшылықты акциялар сатып алынбайды және қатысушы акциялар болып саналады. Акцияға арналған пайда Компания иелеріне келетін пайданы немесе залалды есепті кезең ішінде айналымдағы акциялар санының орташа

өлшенген мәніне бөлу арқылы анықталады.

Негізгі құралдар. Негізгі құралдар есепте жинақталған тозуды және құнсызданудан болған залалды шегергенде сатып алу құны немесе бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Шаруашылық тәсілмен дайындалған немесе салынған негізгі құралдар объектілерінің бастапқы құны жұмсалған материалдардың, орындалған өндірістік жұмыстардың құнын және өндірістік үстеме шығыстардың бір бөлігін қамтиды.

Пайдалы қызмет мерзімі тұтастай алғанда осы объектінің пайдалы қызмет мерзімінен ерекшеленетін негізгі құралдар (компоненттер) объектісінің жекелеген маңызды бөлшектері бойынша тозуы осы бөлшектерді пайдаланудың болжамды мерзімдерін көрсететін амортизация нормалары бойынша жеке есептеледі. Негізгі құралдардың ірі тораптарын немесе компоненттерін ауыстыру шығыстары ауыстырылатын бөлшектерді бір мезгілде есептен шығарған кезде капиталдандырылады. Ауыстырылған бөлшектерді есептен шығарудан түскен кіріс немесе залал пайда немесе залал туралы есепте көрсетіледі.

Кейінгі шығыстар осы активтің баланстық құнына енгізіледі немесе Топтың осы активті пайдаланудан түсетін экономикалық пайда алу ықтималдығы болған және оның құнын сенімді бағалауға болатын жағдайда ғана жекелеген актив ретінде көрсетіледі. Барлық басқа жөндеу және техникалық қызмет көрсету шығыстары пайдаға немесе залалға жатқызылады.

Алынған өтемнің айырмасы және олардың баланстық құны сомасындағы негізгі құралдарды есептен шығарудан түскен пайда немесе залал пайда немесе залал туралы есепте көрсетіледі.

Тау-кен активтері жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жабылмаған залалды шегергенде бастапқы құнмен көрсетіледі. Өндірістік қуаттылықты белгілеу немесе ұлғайту үшін, сондай-ақ жобалау қуаттылығын игеру немесе карьерлерді қайта жаңарту кезеңінде тау-кен-құрылыс, тау-кен-күрделі және тау-кен дайындық жұмыстарын жүргізуге жұмсалған бағалау шығыстарын қоса алғанда, шығыстар тау-кен активтеріне ғимараттар мен құрылысжайлардың құрамына капиталдандырылады.

Тозу. Жерге тозу есептелмейді. Негізгі құралдар объектісінің бастапқы құны оны пайдалы пайдаланудың бүкіл мерзімі ішінде жою құнына дейін амортизацияланады. Негізгі құралдар объектісінің пайдалы қызметінің есептік мерзімі оның пайдалы қызмет ету мерзіміне де,/(немесе) аумағында осы негізгі құралдар объектісі орналасқан карьердің экономикалық тұрғыдан алынған резервтерін ағымдағы бағалауға да байланысты.

Тау-кен активтері олар жататын экономикалық тұрғыдан дәлелденген және ықтимал резервтерді бағалау негізінде өндірістік әдіспен амортизацияланады. Егер жекелеген активтің пайдалы қызметінің бағалау мерзімі карьердің тиісті қызмет ету мерзімінен кем болса, мұндай тау-кен активтері бойынша тозу түзу сызықты әдіспен немесе объектінің өндірістік сипаттамасына сүйене отырып, өндірістік әдіспен есептеледі. Тозу сомасы пайдада немесе залалда көрсетіледі.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

2. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Өндірістік әдіспен есептеу нәтижелеріне әсер ететін бағалау мәндерінің өзгеру сомаларын есепке алу перспективалы түрде жүргізіледі. Пайдалы қызметтің

күтілетін мерзімдері төмендегі кестеде келтірілген.

	Пайдалы қызмет мерзімі (жыл)
Ғимараттар мен құрылысжайлар	10 - 60
Машиналар мен жабдықтар	5 - 30
Өзге де жабдықтар мен автокөліктер	3 - 30
Тау-кен активтері-карьерлер мен шахталардың инфрақұрылымы	2 - 30
Тау-кен активтері-өзгелері	өндірістік әдіс

Активтің жою құны - бұл активтің жасы мен оның техникалық жағдайы оның пайдалы қызмет ету мерзімінің соңында күтілген техникалық жағдайына сәйкес келеді деген болжамға сүйене отырып, есептен шығару бойынша бағалау шығыстарын шегергенде, Топтың қазіргі уақытта активтің есептен шығарылуынан ала алатын бағалау сомасы. Активтердің жою құны және олардың пайдалы қызмет мерзімдері қайта қаралады және қажет болған жағдайда әрбір есепті кезеңнің соңына түзетіледі.

Аяқталмаған құрылыс бастапқы құнмен көрсетіледі. Құрылыс аяқталғаннан кейін активтер баланстық құнмен негізгі құралдардың құрамына ауыстырылады. Актив болжамды пайдалануға дайын болғанға дейін аяқталмаған құрылыстың тозуы есептелмейді.

Аршу шығыстары. Өндіру басталғанға дейін шахталар мен карьерлерді игеру барысында өндірілген бос жоғарғы таужынысты өндіруге және әкетуге арналған шығыстар шахталар мен карьерлерді пайдалану мерзімі ішінде өндірістік әдіспен амортизацияның есептелуімен тау-кен

активтерінің өзіндік құнының құрамында капиталдан-дырылады. Өндіру кезеңі барысында аршуға жұмсалған кейінгі шығыстар, аршу қызметіне жұмсалған шығыстар өндірілген қорлар нысанында пайда әкелсе, тауарлық-материалдық қорлардың өзіндік құнның құрамына енгізіледі.

Егер алынған пайда болашақта кенге қолжетімділікті жақсартса, онда Топ кейінгі шығыстарды ұзақ мерзімді актив – «Аршу қызметінің активі» ретінде таниды.

Топ аршу қызметінің активін келесі шарттар қанағаттан-дырылған жағдайда ғана таниды:

- Топқа аршу қызметіне байланысты болашақ экономикалық пайда (кенге қолжетімділікті жақсарту түрінде) түсу мүмкіндігі болған кезде;
- Топ қолжетімділігі жақсартылған кен денесінің құрамдас бөлігін анықтай алған кезде; және
- Көрсетілген компонентке қолжетімділікті жақсарту шығыстары сенімді түрде өлшенетін кезде.

Топ аршу қызметінің активін ол жататын негізгі құралдың құрамдас бөлігі ретінде ескереді. Бастапқыда Топ аршу қызметінің активін жұмсалған шығыстар бойынша өлшейді, бұл кеннің сәйкестендірілген компонентіне қолжетімділікті жақсартатын ашу қызметін жүзеге асыру үшін тікелей жұмсалған жинақталған шығыстарды және осы қызметке бөлінген және оған тікелей қатысты үстеме шығыстарды қамтиды. Бастапқы танудан кейін аршу қызметінің активі қолданыстағы актив сияқты, құнсызданудан болған тозу мен залалды шегергендегі өзіндік құнмен есепке алынуы тиіс. Аршу қызметінің активі өндіру көлеміне барабар өндірістік әдіспен амортизацияланады.

Аршу қызметінің активімен және өндірілген қорлармен (ағымдағы аршу) байланысты шығыстарды жеке-жеке бөлу мүмкін болмаған кезде, Топ бөлу базасы ретінде аршу коэффициентін пайдалана отырып, өндірістік аршу жұмыстарына арналған шығыстарды бөледі.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы. Басшылық әр есепті кезеңнің соңында қаржылық емес активтердің құнсыздану белгілерінің болуын

анықтайды. Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлық өзге де қаржылық емес активтердің баланстық құны баланстық құнын өтемеу мүмкіндігін көрсететін кез келген белгі болған кезде құнсыздану мәніне тексеріледі.

Құнсыздану мәніне тексеру жүргізу кезінде өтем сомасы екі шаманың үлкенімен бағаланады: «Пайдаланудағы құн» (яғни, ақша ағындарын өндіретін тиісті объект бойынша болашақта күтілетін ақша ағындарының таза келтірілген құны) және «Есептен шығару шығыстарын шегергендегі әділ құн» (активті сату кезінде алынған баға немесе бағалау күніне нарық қатысушылары арасындағы жай мәміле барысында міндеттемені беру кезінде төленген). Тиісті сатып алу-сату шарты немесе белсенді нарық болмаған кезде сату шығыстарын шегергендегі әділ құн «Созылған қол» қағидаты бойынша мәміле жасау нәтижесінде Топтың ақша қаражатын өндіретін бірлік үшін ала алатын сомасын көрсететін ең жақсы қолжетімді ақпаратты негізінде анықталады.

Ақша қаражатын өндіретін бірлік - бұл өзге активтерден немесе активтер топтарынан түсетін ақша ағындарына айтарлықтай тәуелді емес ақша ағындарын өндіретін активтердің ең кіші анықталған тобы.

Құнсыздану мәніне тексеру жүргізу кезінде пайдаланылатын бағалау мәндері «Активтердің құнсыздануы» ҚЕХС (IAS) 36 талаптарына сәйкес келтірілген карьерлердің егжей-тегжейлі жоспарларына және жұмыс бюджеттеріне негізделген. Болашақ ақша ағындары мыналарға негізделген:

- Экономикалық тұрғыдан негізделген өндіру сенімділігінің жоғары деңгейі бар резервтердің есептік көлеміне;

- Болашақ өндірістік көлемдерге;

- Болашақ тауарлық бағаларға (егер ағымдағы нарықтық бағалар ұзақ мерзімді перспективада, әдетте, үш жылдан бес жылға дейінгі мерзім ішінде Топ есептеген орташа бағадан ерекшеленбесе), сондай-ақ
- Өндірудің болашақ өзіндік құны, күрделі шығыстар, жою және қайта құнарландыру жұмыстарының құнына.

Егер активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетсе, актив құнсызданады және құнсыздану залалы Шоғырлан-дырылған бухгалтерлік баланста көрсетілген баланстық құнды активтің өтелетін құнына дейін азайту мақсатында пайда немесе залал туралы есепте көрсетіледі.

Бұрын танылған құнсыздану залалы соңғы тану сәтінен бастап құнсыздану залалы активтің өтелетін сомасын анықтау үшін пайдаланылған есептік бағалардағы өзгерістер болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Бұл қалпына келтіру жұмыстары пайда немесе залал туралы есепте танылады және оның шамасы алдыңғы жылдары құнсызданудан қандай да бір залал танылмаса, анықталатын тозуды шегергенде баланстық құн сомасымен шектеледі.

Қаржы активтерін саралау және кейіннен бағалау. Топ келесі бағалау санаттарын қолдана отырып, қаржы активтерін саралайды: пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын, өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланатын және амортизацияланған құнмен бағаланатын. Борыштық қаржы активтерін саралау және оларды кейіннен бағалау тиісті активтер портфелін және актив бойынша ақша ағындарының сипатта-маларын басқаруға арналған Топтың бизнес-моделіне байланысты. Басшылық бастапқы тану сәтіндегі қаржы

активтерінің саралауын анықтайды.

Топ келесі өлшемшарттардың екеуі де орындалған жағдайда ғана қаржы активтерін амортизацияланған құнмен бағаланатындар ретінде саралайды: а) актив бизнес-модельге сәйкес шартта көзделген ақша қаражатын алу мақсатында ұсталады; және б) шарттық талаптар тек борыштың негізгі сомасы мен пайыз есебінен төлемдерге алып келеді.

Амортизацияланған құнмен есепке алынатын қаржы активтеріне алдын ала бағамен есепке алынатын дебиторлық берешекті қоспағанда, берілген қарыздар, сауда дебиторлық берешегі, шартта көзделген ақша қаражатын алу мақсатында ұсталатын ақша қаражаты мен ақша баламалары және өзге де қаржы активтері жатады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

2. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Әділ құнмен бастапқы танылғаннан кейін әділ құнмен есепке алынатын инвестицияларды және алдын ала бағамен есепке алынатын сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, қаржы активтері залалды бағалау резервін шегергендегі амортизацияланған құнмен бағаланады. Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі кез келген жеңілдіктер мен сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын шығыстардың ескерумен айқындалады.

Амортизация пайда немесе залал туралы есептегі қаржы кірістеріне енгізіледі. Құнсыздану шығыстары пайда немесе залал деп танылады.

Сауда және өзге де дебиторлық берешек. Сауда және өзге де дебиторлық берешек (пайда немесе залал арқылы әділ құнмен алдын ала бағалаумен есепке алынатын дебиторлық берешектен басқа) бастапқыда әділ құнмен және кейіннен залалға арналған бағалау резервін шегергенде амортизацияланған құнмен есепке алынады.

Алдын ала төлемдер. Алдын ала төлем құнсыздануға арналған резервті шегергенде бастапқы құны бойынша қаржылық есептілікте көрсетіледі. Жеткізушілерге алдағы негізгі құралдардың жеткізілімдері

есебінен төленетін алдын ала төлемдер өзге де ұзақ мерзімді (айналымнан тыс) активтердің құрамында көрсетіледі. Тауарлық-материалдық қорлардың алдағы жеткізілімдері және қызметтер көрсету есебінен төленетін алдын ала төлемдер өзге де ағымдағы айналым активтерінің құрамында көрсетіледі.

Тауарлар мен қызметтер үшін шетел валютасындағы алдын ала төлемдер ақшалай емес бап болып табылады, сондықтан алдын ала төлемді жүзеге асыру күніндегі нарықтық бағам бойынша ескеріледі және есепті кезеңнің соңына қайта есептелмейді. Егер алдын ала төлемге жататын активтер, тауарлар немесе қызметтер алынбайды деген белгі болса, алдын ала төлемнің баланстық құны төмендейді және құнсызданудан болған тиісті залал бір жылдағы пайдада немесе залалда көрсетіледі.

Әділ құнмен ескерілетін инвестициялар. Егер Топ өздерінің қаржылық және операциялық қызметіне қатысты шешімдер қабылдауға қатыспаса, Топтың инвестициялары бар кәсіпорындарға қатысты бақылауы немесе айтарлықтай ықпалы болмайды. Мұндай кәсіпорындарға жұмсалған инвестициялар әділ құнмен ескеріледі. Әділ құнмен ескерілетін инвестициялардағы өзгерістер пайда немесе залал құрамында ескеріледі.

Қаржы активтерінің құнсыздануы. Топ амортизацияланған құнмен есепке алынатын қаржы активтерімен байланысты

күтілетін кредиттік залалдарды бағалайды. Қаржы активтері бойынша залалды бағалау резервтері дефолт тәуекелі және кредиттік залалдың күтілетін деңгейлері туралы жорамалдарға негізделген. Топ пайымдауды болжам деректерін жасау және залалды бағалау резервін есептеу үшін кіріс деректерін таңдау арқылы қолданады. Бұл пайымдау Топтың тарихи деректеріне, қолданыстағы нарықтық жағдайларға, сондай-ақ әрбір есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша қолданыстағы болжамды бағаларға негізделген.

Амортизацияланған құнмен бағаланатын қаржы активтері залалды бағалау резервін шегергенде бухгалтерлік баланста көрсетіледі.

Топ бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік сападағы өзгерістер негізінде құнсыздануды есепке алудың «Үш кезеңдік» моделін қолданады. Бастапқы тану кезінде құнсызданбаған қаржы құралы 1-Кезеңге жататын құрал ретінде сараланады. 1-Кезеңнің қаржы активтері үшін күтілетін кредиттік залал, егер ол 12 ай өткенге дейін («12 айлық күтілетін кредиттік залал») басталса, келесі 12 ай ішінде немесе шартқа сәйкес өтеу күніне дейін орын алуы мүмкін дефолттар нәтижесінде туындайтын барлық мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдың бір бөлігіне тең сомамен бағаланады. Егер Топ бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір өсуін анықтаса, онда актив 2-Кезеңге ауыстырылып, осы актив бойынша күтілетін кредиттік залал бүкіл мерзім ішінде, яғни

шартқа сәйкес өтеу күніне дейін күтілетін кредиттік залал негізінде бағаланады. Егер Топ қаржы активінің құнсызданғанын анықтаса, актив 3-Кезеңге ауыстырылып, ол бойынша күтілетін кредиттік залал бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залал ретінде бағаланады.

Сауда дебиторлық берешектің құнсыздануы. Топ сауда дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залалды бағалау үшін шарттың бүкіл мерзімі ішінде залалды бағалау резервін есептеуге мүмкіндік беретін резервтер матрицасы негізінде жеңілдетілген тәсілді пайдаланады. Резервтер матрицасы болжамды макроэкономикалық бағаның ескеруімен кредиттік залалдың тарихи тәжірибесі негізінде есептеледі және әрбір есепті күнге жаңартылады. Сауда дебиторлық берешек мерзімі өткен күндерге қарай санаттарға бөлінеді және дефолт коэффициенттерін тарихи талдау негізінде күтілетін кредиттік залалдың деңгейі анықталады. Залалды бағалау резервтеріндегі өзгерістер пайда немесе залал туралы есептің жалпы және әкімшілік шығыстарының құрамында көрсетіледі..

Қаржы активтерін тануды тоқтату. Топ келесі жағдайларда қаржы активтерін тануды тоқтатады:

(а) осы активтер өтелген кезде немесе осы активтермен байланысты ақша ағындарына құқықтардың мерзімі аяқталған кезде немесе (б) Топ қаржы активтерінен түсетін ақша ағындарына құқықтарды берген кезде немесе ақша ағындарын беру туралы келісім жасасқан кезде, сонымен бірге (і) осы активтерге иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен сыйақыларды берген кезде немесе (іі) осы активтерге иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен сыйақыларды бермеген немесе сақтамаған,

бірақ осы активтерге қатысты бақылау құқығынан айырылған кезде. Егер контрагенттің бүкіл активті толықтай байланысты емес үшінші тарапқа қосымша шектеусіз сатуға практикалық мүмкіндігі болмаса, бақылау сақталады.

Тауарлық-материалдық қорлар. Тауарлық-материалдық қорлар екі шаманың кішісімен есепке алынады: өзіндік құнмен және сатудың таза құнымен. Қорларды есептен шығару құны орташа өлшенген құнмен анықталады. Хром, марганец және басқа да өндірілген минералды ресурстар өндіру кезінде шикізат ретінде көрсетіледі және өндірудің орташа құнымен бағаланады. Дайын өнімнің және аяқталмаған өндірістің өзіндік құны шикізат пен материалдардың құнын, өндірістік жұмысшылардың жалақы шығыстарын және басқа да тікелей шығыстарды, сондай-ақ өндірістік үстеме шығыстардың тиісті үлесін (әдеттегі өндірістік қуаттылыққа сүйене отырып) қамтиды, бірақ қарыздар бойынша шығыстарды қамтымайды. Сатудың таза құны - бұл өндірісті аяқтау шығыстары мен сату шығыстарын шегергенде әдеттегі қызмет барысында сатудың бағаланған құны.

Ақша қаражаты және ақша баламалары. Ақша қаражаты мен ақша баламаларына банктердегі, кассадағы ақша қаражаты, талап етілгенге дейінгі немесе сатып алынған күннен бастап үш айдан кем өтеу мерзімі бар депозиттер, сондай-ақ үш айдан кем бастапқы өтеу мерзімі бар басқа да қысқа мерзімді жоғары өтімді инвестициялар жатады.

Банктерде үш айдан астам мерзімге орналастырылған ақша қаражаты шектеу шарттары болмаған және мерзімінен бұрын алу мүмкіндігі мен ниеті болған кезде ақша қаражаты мен ақша баламаларының құрамына

енгізіледі. Бұл ретте, инвестициялық табыс алу мақсатында үш айдан астам мерзімге орналастырылған және мерзімінен бұрын алу ниеті болмаған кезде ақша қаражаты өзге де айналым немесе айналымнан тыс активтердің құрамына енгізіледі.

Алу бойынша шектелген, үш айдан астам мерзімге орналастырылған ақша қаражаты өзге де айналымдағы немесе айналымнан тыс активтердің құрамына енгізіледі.

Акционерлік капитал. Жай акциялар капитал ретінде сараланады. Артықшылықты акция - бұл күрделі қаржы құралы, оның құрылымына бір мезгілде үлестік компонент пен міндеттеме кіреді. Міндеттеме бастапқыда басшылық бағалайтын шахталардың жұмыс істеу кезеңіне дисконтталған құн формуласының пайдалануымен міндетті жылдық дивидендтер сомасына пайыздық нарықтық мөлшерлемені қолдана отырып, әділ құнмен көрсетіледі.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

2. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Компания шахталардың жұмыс істеуінің болжамды кезеңінен артық ақша ағындарын немесе пайданы өндірмейтіндіктен, міндеттемелер компонентін бағалау мақсатында шектелмеген мерзім емес, шахталардың жұмыс істеу кезеңі пайдаланылады.

Кейіннен міндеттеме амортизацияланған құнмен өлшенеді. Ақша ағындарын бағалау мәндерінің өзгеруі нәтижесінде баланстық құнның өзгеруі қызметтің қаржылық нәтижелеріне жатады. Үлестік компонент бастапқы тану кезінде қалдық сомасымен, яғни артықшылықты акциялардың эмиссиясы нәтижесінде тартылған қаражат сомасы мен міндеттеменің әділ құны арасындағы айырмамен көрсетіледі. Артықшылықты акцияның үлестік компоненті кейіннен қайта бағаланбайды.

Сатып алынған меншікті акциялар. Компания немесе оның еншілес ұйымдары Компанияның акцияларын сатып алған жағдайда, төленген өтемақы, осы операцияға тікелей қатысты кез келген тікелей шығыстарды қоса алғанда, табыс салығын шегергенде осы акциялар қайта шығарылғанға, сатылғанға немесе өтелгенге дейін Компания иелеріне қатысты капиталдың жалпы сомасынан шегеріледі. Мәмілеге тікелей қатысы бар кез келген қосымша шығыстарды және

пайдаға салынатын салықтың тиісті сомасын шегергенде осындай акцияларды кейіннен сату немесе айналысқа қайта шығару кезінде алынған өтем Компанияның меншік иелеріне жатқызылатын капиталдың құрамына енгізіледі..

Дивидендтер. Артықшылықты акциялар бойынша міндетті жылдық дивидендтерден өзге дивидендтер міндеттемелер ретінде танылады және есепті кезеңнің соңындағы капитал сомасынан олар есепті кезең аяқталғанға дейін қоса алғанда жарияланған жағдайда ғана шегеріледі. Артықшылықты акциялар бойынша міндетті жылдық дивидендтер пайда немесе залал туралы есептің құрамындағы қаржылық шығыстар ретінде танылады.

Егер дивиденттер есепті кезең аяқталғанға дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті кезең аяқталғаннан кейін, бірақ Шоғырландырылған қаржылық есептілік бекітілген күнге дейін шығарылымға ұсынылса немесе жарияланса, дивидендтер туралы ақпарат есептілікте көрсетіледі.

Активтерді жою және қалпына келтіру және қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерге арналған резервтер. Активтерді жою және қалпына келтіру және қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелер олардың туындау ықтималдығы жоғары және олардың

сомаларын негізді бағалау мүмкіндігі болған кезде танылады.

Активтер мен қалдықтар полигондарын жою және қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерді пайдалану салдарын жою шығыстарының құрамына қайта құнарландыру мен жоюға (ғимараттарды, құрылысжайлар мен инфрақұрылым объектілерін бұзу, машиналар мен жабдықтарды демонтаждау, қалдық материалдарды әкету, қоршаған ортаны тазарту, шығарындыларға мониторинг жүргізу және бүлінген жерлерді қалпына келтіру) жұмсалатын шығыстар кіреді.

Жою, қайта құнарландыру және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге арналған бағалау шығыстарының резервтері бағаланған болашақ шығыстардың дисконтталған құны негізінде карьерді игеру немесе қоршаған ортаны ластау барысында жердің бұзулуының тиісті фактісінен пайда болатын міндеттеме туындайтын есепті кезеңдегі негізгі құралдардың өзіндік құнына қалыптас-тырылады және жатқызылады.

Активтерді жою және қалпына келтіру және қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерге арналған резервтер бұзушылық фактілеріне немесе болашақта залал келтіруге байланысты туындауы ықтимал қандай да бір қосымша міндеттемелерді қамтымайды. Шығыстарды бағалау жою және қайта құнарландыру және қалпына

келтіру жоспары негізінде жүргізіледі.

Шығыстар сомаларының бағалау мәндері белгілі өзгерістерді, мысалы, жаңартылған бағалау сомаларын және активтерді пайдаланудың қайта қаралған мерзімдерін немесе опера-циялық қызметтің белгіленген мерзімдерін ескере отырып, тұрақты негізде ресми тексерулердің жүргізілуімен пайдалануға қарай жыл сайын есептеледі.

Топ өз шығындарын техникалық-экономикалық негіздеме мен инженерлік зерттеулерге сүйене отырып, қолданыстағы техникалық ережелер мен қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу нормаларына және қалпына келтіру әдістеріне сәйкес бағалайды.

Резервтердің дисконтталған құнын анықтау кезінде пайдаланылатын амортизация немесе дисконттың «күшін жою» сомасы әрбір есепті кезеңдегі қызмет нәтижелеріне жатқызылады. Дисконттың амортизациясы қаржы шығыстарының құрамында көрсетіледі.

Карьерді өңдеу, есептік бағаларды жаңарту, пайдаланудың есептік мерзімдерін өзгерту және дисконттау нормаларын қайта қарау барысында жердің бұзулуының жаңа фактілері нәтижесінде туындайтын активтерді жою және қалпына келтіру және қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерге арналған резервтердегі өзге де өзгерістер негізгі құралдардың құнын түзетеді. Бұл шығыстар кейіннен осы активтерге сәйкес келетін амортизация әдісінің қолданылуымен байланысты активтердің пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде амортизацияланады.

Өндіру кезеңі барысында жердің бүлінуімен байланысты активтерді жою және қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелерге резервтердегі өзгерістер пайда немесе залал туралы есепте көрсетіледі.

Резервтер жою кезінде емес, операциялық қызмет мерзімі ішінде жүйелі қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде әрбір есепті кезеңнің соңында қалпына келтіру бойынша аяқталмаған бағалау жұмыс-тарымен қалыптастырылады және шығыстар пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Жалдау. Шарт жасау сәтінде Топ шарттың тұтастай немесе оның жекелеген компоненттерінің жалдау шарты болып табылатындығын бағалайды. Егер осы шарт бойынша өтемақы орнына белгілі бір кезең ішінде сәйкестендірілген активтің пайдаланылуын бақылау құқығы берілсе, шарт тұтастай алғанда немесе оның жекелеген компоненттері жалдау шарты болып табылады. Топ қысқа мерзімді және төмен құны бар активтерді жалға алуды қоспағанда, жалдаудың барлық түрлерін тану мен бағалаудың бірыңғай тәсілін қолданады. Топ жалдау басталған күні жалдау бойынша міндеттемені және пайдалану құқығы түріндегі активті таниды.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер. Топ пайдалану құқығы нысанындағы активтерді бастапқы құны бойынша модельдің қолданылуымен, жинақталған тозуды және құнсызданудан жинақталған залалды шегергенде және жалдау шартын түрлендіру нәтижесінде жалдау бойынша міндеттемені түзете отырып, қайта бағалайды. Пайдалану құқығы түріндегі активтің бастапқы құны мыналарды қамтиды:

- Жалдау бойынша міндеттемені бастапқы бағалаудың шамасы;

- Жалдау басталу күніне немесе осындай күнге дейін жалдау төлемдері алынған ынталандыру жалдау төлемдерін шегергенде;

- Жалға алушы шеккен кез келген бастапқы тікелей шығыстар; және

- Мұндай шығыстар тауарлық-материалдық қорларды өндіруге жұмсалған жағдайларды қоспағанда, жалға алушының базалық активті демонтаждау және ауыстыру, ол орналасқан учаскені қалпына келтіру немесе базалық активті жалдау шарттарына сәйкес талап етілетін жай-күйге келтіру кезінде шеккен шығыстарын бағалау. Мұндай шығыстарға қатысты жалға алушының міндеті жалдау басталған күні немесе белгілі бір кезең ішінде базалық активті пайдалану салдарынан туындайды.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша тозу түзу сызықты әдіспен есептеледі. Егер жалдау шарты жалдау мерзімінің соңына дейін жалға алушыға базалық активке меншік құқығын берсе немесе пайдалану құқығы нысанындағы активтің бастапқы құны жалға алушының сатып алу опционын орындау ниетін көрсетсе, онда пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша тозу жалдау басталған күннен бастап базалық активті пайдалы пайдалану мерзімінің соңына дейін есептеледі. Олай болмаған жағдайда, пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша тозу жалдау басталған күннен бастап келесі күндердің ертерегіне дейін есептеледі: пайдалану құқығы нысанындағы активті пайдалы пайдалану мерзімінің аяқталу күні немесе жалдау мерзімінің аяқталу күні. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер де құнсыздануға жатады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

2. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Жалдау бойынша міндеттемелер. Топ жалдау басталған күні осы күнге дейін жүзеге асырылмаған жалдау төлемдерінің келтірілген құнымен жалдау міндеттемесін бағалайды. Жалдау шарты бойынша мөлшерлемені анықтауда қиындықтар туындаған жағдайда, Топ жалдау төлемдерін жалдау шартында белгіленген пайыздық мөлшерлемені немесе қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдалана отырып, дисконттайды. Топ жалдау басталған күннен кейін жалдау міндеттемесін келесідей бағалайды:

- Жалдау міндеттемесі бойынша пайыздарды көрсету үшін баланстық құнды ұлғайту;
- Жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін баланстық құнын төмендету; және
- Жалдау шарттарын қайта бағалауды немесе түрлендіруді көрсету үшін баланстық құнды қайта бағалау.

Қаржы міндеттемелерінің саралануы. ГТоп қаржы міндеттемелерін келесі бағалау санаттарына саралайды: пайда немесе залал арқылы әділ құнмен есепке алынатын қаржы міндеттемелері және амортизацияланған құнмен есепке алынатын қаржы міндеттемелері. Басшылық өздерінің қаржы міндеттемелерін

бастапқы тану кезінде саралайды.

Алынған қарыздар. Алынған қарыздар бастапқыда мәміле шығыстарын шегергенде әділ құнмен көрсетіледі және кейіннен амортизацияланған құнмен есепке алынады.

Нарықтық мөлшерлемелерден өзгеше пайыздық мөлшерлемелермен қарыздарды алу сәтінде ұқсас қарыздар бойынша нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді ескере отырып, дисконтталған борыштың негізгі сомасын және ол бойынша пайыздарды өтеу шотына енгізу сомасын қамтитын әділ құнға дейін қайта бағалау жүргізіледі.

Мәміле бойынша шығыстарды шегергенде міндеттеменің әділ құны мен алынған қаражаттың таза сомасы арасындағы айырма қарыздарды бастапқы тану кезінде пайданы / залалды құрайды. Қарыздарды бастапқы тану кезіндегі пайда/залал сомасы қаржы кірістері/ шығыстары құрамындағы пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

Кейіннен алынған қарыздардың баланстық құны қарыздардың қаржы шығыстары ретінде амортизация сомасының көрсетілуімен қарыздарды бастапқы тану кезінде пайда сомасымен есептелген амортизацияның есебімен түзетіледі.

Топтың міндеттемелер бойынша есеп айырысу мерзімін есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі айға ауыстыруға сөзсіз құқығы болмаған кезде алынған

қарыздар қысқа мерзімді міндеттемелердің құрамында көрсетіледі.

Топ квалификацияланатын активтер бойынша күрделі шығыстар жасамағанда болдырмауға болатын несиелер мен қарыздар бойынша шығыстарды капиталдандырады. Қаражаттар квалификацияланатын активті пайдалануға дайындау үшін қарызға алынған жағдайларды қоспағанда, қарыздар бойынша капиталдан-дырылған шығыстар Топтың қаржыландыруының орташа құны негізінде есептеледі (орташа өлшенген пайыздық шығыстар квалификацияланатын активтерге арналған шығыстарға қолданылады). Егер бұл жағдай орын алса, осы қарыз қаражатын уақытша инвестициялаудан түскен кез келген инвестициялық табысты шегергендегі кезең ішінде нақты қарыздар бойынша жұмсалған нақты шығындар капитал-дандырылады.

Капиталдандырудың басталу күні (а) Топ квалификацияланатын активке байланысты шығыстарды көтерген кезде; (б) ол қарыздар бойынша шығыстарды көтерген кезде; және ол активті пайдалануға дайындау үшін қажетті әрекеттерді жасаған кезде басталады. Қарыздар бойынша шығыстардың капиталдан-дырылуы квалификацияланатын активтің құрылысы және оны пайдалануға дайындау ұзақ мерзім ішінде үзілген кезде тоқтатылады. Қарыздар бойынша шығыстардың капиталдандырылуы активті пайдалануға немесе сатуға

дайындау үшін қажетті барлық жұмыстар аяқталған күнге дейін жалғасады.

Қаржы міндеттемелерін тануды тоқтату. Топ қаржы міндеттемесі орындалған, жойылған немесе мерзімі өткен кезде оны тануды тоқтатады.

Егер қолданыстағы қаржы міндеттемесі сол кредитор алдындағы басқа қаржы міндеттемесімен ауыстырылса немесе қолданыстағы қаржы міндеттемесінің шарттарында елеулі өзгеріс болса, мұндай ауыстыру немесе өзгерту бастапқы қаржы міндеттемесін тануды тоқтату және жаңа қаржы міндеттемесін тану ретінде ескеріледі.

Топ сапалық және сандық факторларға негізделген өзгерістің маңыздылығын бағалайды. Егер қолданыстағы қаржы міндеттемесі сол кредитордың алдындағы басқа қаржы міндеттемесімен бастапқы міндеттемелерден айтарлықтай ерекшеленбейтін шарттармен ауыстырылса немесе қолданыстағы міндеттеме шарттарының өзгерістері шамалы өзгеше болса, мұндай ауыстыру немесе өзгерту бастапқы қаржы міндеттемесін тануды тоқтату және жаңа қаржы міндеттемесін тану ретінде ескерілмейді. Тиісті баланстық құнның айырмасы есепті кезеңдегі пайда немесе залал арқылы көрсетіледі.

Қаржылық кепілдіктер. Қаржылық кепілдіктер - бұл Топтың белгілі бір дебитордың борыштық құралдың шарттарына сәйкес белгіленген мерзімде өз берешегін өтеуге қабілетсіздігі салдарынан шеккен залалын кепілдікті ұстаушыға өтеу үшін төлемдер жүргізуге міндетті келісімшарттар. Топ қаржылық кепілдіктерді сыйлықақы алған сәтте немесе сыйлықақысыз кепілдіктер (Топ ішіндегі кепілдіктер) болған жағдайда, дебитор

қаржыландырушы ұйымнан қарыз қаражатын алған кезде таниды.

Топ сыйлықақысыз кепілдіктер бергенде немесе нарықтық сыйлықақыдан өзгеше сыйақы мөлшерлемесімен кепілдіктер бергенде, әділ құн бағалау әдістерін қолдану арқылы анықталады (мысалы, осындай құралдардың нарықтық құны, пайыздық мөлшерлеменің дифференциалдары).

Қаржылық кепілдік бойынша міндеттемені бастапқы тану кезіндегі залал өзге қаржылық шығыстар құрамындағы пайдада немесе залалда танылады. Қаржылық кепілдік бойынша міндеттеменің амортизациясы кепілдік мерзімі ішінде түзу сызықты әдіспен есептеледі және тиісті кірістер басқа қаржы кірістерінің құрамында көрсетіледі. Әрбір есепті кезеңнің соңында кепілдіктер (i) бастапқы тану кезінде көрсетілген соманың амортизацияланбаған қалдығының; (ii) күтілетін кредиттік залалдар моделін пайдаланылуымен айқындалған кепілдік бойынша залалды бағалау резерві сомасының ең үлкенімен бағаланады. Қаржылық кепілдіктер бойынша залалды бағалау резервінің сомасын анықтау тәртібі берілген қарыздардың құнсыздануын айқындау тәртібіне ұқсас.

Сауда және өзге де кредиторлық берешек. Сауда және өзге де кредиторлық берешек контрагенттің өзінің шарттық міндеттемелерін орындау фактісі бойынша есептеледі. Топ кредиторлық берешекті әділ құны бойынша таниды. Кейіннен кредиторлық берешек амортизацияланған құнмен есепке алынады.

Табыс салығы. ВШоғырландырылған қаржылық есептілікте табыс салығы есепті кезеңнің соңында қолданылатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетіледі.

Табыс салығы бойынша шығыстарға ағымдағы (корпоративтік табыс салығы) және кейінге қалдырылған салықтар жатады. Табыс салығы бойынша шығыстар өзге де жиынтық табыстың құрамында немесе тікелей меншікті капиталдың құрамында сол немесе басқа бір есепті кезеңде көрсетілетін операцияларға қатысты салықтарды қоспағанда, пайда немесе залал туралы есепте көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған табыс салығы активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың Шоғырлан-дырылған қаржылық есептіліктегі баланстық құны арасында туындайтын болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық залалына және уақытша айырмаларға қатысты міндеттемелердің баланстық әдісімен есептеледі.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

2. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Бастапқы тану үшін қолданыстағы ерекше жағдайға сәйкес кейінге қалдырылған салықтар бухгалтерлік және салық салынатын пайдаға әсер етпеген кезде бизнес бірлестіктерімен байланысты емес операциялар бойынша активті немесе міндеттемені бастапқы тану кезінде туындайтын уақытша айырмаларға қатысты танылмайды. Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелерді есепке жатқызу Топтың Шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілген әрбір жекелеген еншілес ұйым шеңберінде ғана жүргізіледі. Кейінге қалдырылған табыс салығы есепті кезеңнің соңында қабылданған корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі бойынша есептеледі, оны қолдану уақытша айырмаларды қалпына келтіру немесе болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық залалын пайдалану кезеңінде күтіледі.

Салық салынатын базадан азайтылатын және болашақ кезеңдерге ауыстырылған уақытша айырмаларға қатысты кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер болашақта осындай шегерімдер сомасына азайтылуы мүмкін салық салынатын пайда алудың жеткілікті ықтималдығы болған жағдайда ғана танылады.

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер тиісті

салық жеңілдіктерін пайдалану мүмкін болатын дәрежеде ғана танылады. Салық салынатын пайданың болашақ шамаларын және болашақта пайдаланылуы ықтимал салық жеңілдіктерінің сомасын анықтау кезінде басшылық соңғы екі жылдағы салық салынатын пайданың сомалары және қалыптасқан жағдайларда дәлелді деп есептелетін болашақ табысқа қатысты күтулер негізінде кәсіби пайымдаулар мен бағаларды қолданады.

Түсімді тану. Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсетін түсім тауарларды немесе қызметтерді бақылау осы тауарларға немесе қызметтерге айырбастау үшін Топ күткен сомада сатып алушыға берілген кезде танылады. Кіріс ҚҚС пен жеңілдіктерді шегергендегі мәміле бағасының мөлшерінде көрсетіледі.

Белгілі бір тауарларды сатудан түскен түсім тауарды межелі жерге жеткізу кезінде сату бағасының өзгеруі, сондай-ақ клиенттің өнімнің саны мен сапасын тексеруі нәтижесінде түзетілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда түсім бастапқыда тауарды жөнелту сәтінде әділ құнымен танылады. Әдетте, соңғы бағалар 3 ай ішінде қалыптасады. Түсімге осындай түзетулер «Қаржы құралдары» ҚЕХС 9 сәйкес ескеріледі, демек, ауыспалы өтемге қатысты «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсетін түсім» ҚЕХС 15 ережелері қолданылмайды. Мұндай түзетулер сатып алушылармен жасалған шарттардан басқа

көздерден алынған кірісті/ залалды білдіреді.

Ферроқорытпалар мен өзге де өнімдерді сатудан түскен түсім уақыт сәтінде танылады.

Қызметкерлерге сыйақы беру. Топ өз қызметкерлеріне ұжымдық шарттың ережелеріне сәйкес еңбек қызметі аяқталғаннан кейін төленуге жататын сыйақыларды (зейнеткерлікке шығуына байланысты біржолғы жәрдемақылар, зейнеткерлерге материалдық көмек) және қызметкерлерге өзге де ұзақ мерзімді сыйақыларды (еңбекке жарамсыздық жағдайында, мерейтойы мен қайтыс болуына байланысты қызметкерлерге материалдық көмек көрсету) ұсынады.

Еңбек қызметі аяқталғаннан кейін төленетін сыйақыларды алу құқығы, әдетте, зейнеткерлікке шыққанға дейінгі қалған жұмыс мерзіміне және қызметкерде ең төменгі жұмыс өтілінің болуына байланысты беріледі.

Топтың еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылар белгіленген төлемдері бар қорға айналдырылмаған зейнетақы жоспарлары болып табылады және қайта қаралған «Қызметкерлерге берілетін сыйақылар» ҚЕХС (IAS) 19 сәйкес бағаланады. Белгіленген төлемдері бар қорға айналдырылмаған зейнетақы жоспарлары бойынша актуарлық және инвестициялық тәуекелдер Топқа жатқызылады.

Қаржы кірістері мен шығыстары. Қаржылық кірістерге келтірілген құн дисконтының күшін жоюға

байланысты кірістер, қаржылық кепілдіктердің амортизациясы, қарыздарды түрлендіруден түскен кірістер, депозиттер, берілген қарыздар және басқа да инвестицияланған қаражат бойынша пайыздық кірістер жатады. Қаржы шығыстарына қарыздардың пайыздық шығыстары, қаржылық кепілдіктерді тану шығыстары, активтерді жою және қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелерге құрылған резервтер бойынша дисконттың күшін жоюмен байланысты пайыздық шығыстар, қарыздарды түрлендіруден болған залал және т.б. жатады.

Сонымен қатар, қаржы кірістері мен шығыстары тиісті қаржы активтері мен міндеттемелеріне байланысты бағамдық айырмашылықтардан пайда мен залалды қамтиды.

Пайыздық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісінің көмегімен уақыт кезеңдері негізінде танылады. Қарыздарға байланысты шеккен барлық пайыздық және өзге де шығыстар, негізгі құралдарды қаржыландыру мақсатында алынған қарыздар бойынша шығыстар туындаған жағдайларды қоспағанда, қаржы шығыстарының бір бөлігі ретінде есептен шығарылады. Бұл жағдайда, шығыстар активті қалыптастыру және оны мақсатына сай пайдалануға дайындау үшін қажетті уақыт кезеңіне капиталдандырылады.

3. Есеп саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалар және кәсіби пайымдаулар

Топ бағалауды пайдаланып, келесі қаржылық кезең ішінде есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелерге әсер ететін болжамдар жасайды. Бағалау мен пайымдау үнемі сыни талдауларға ұшырайды және басшылықтың алдыңғы тәжірибесіне және басқа факторларға, соның ішінде

қалыптасқан жағдайларда дәлелді деп есептелетін болашақ оқиғаларға қатысты болжамдарға негізделген. Топ басшылығы есеп саясатын қолдану барысында бағалауды талап ететіндерден бөлек өзге пайымдауларды қолданады. Шоғырландырылған арнайы мақсаттағы қаржылық ақпаратта көрсетілген сомаларға ең маңызды әсер ететін пайымдаулар және келесі қаржылық кезеңдегі активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын елеулі түзетулер енгізу қажеттілігіне әкелуі мүмкін бағалаулар төмендегіні қамтиды:

Жер қойнауын пайдалану келісімшарттары. Топтың хром кенін өндірумен байланысты жер қойнауын пайдалануға арналған негізгі келісімшарты 2041 жылы аяқталады. Топ басшылығы мұндай келісімшарт 2074 жылы карьердің күтілетін пайдалы қызмет мерзімі аяқталғанға дейін номиналды құны бойынша ұзартылады деп болжайды.

Осы Шоғырландырылған қаржылық есептілікте негізгі құралдардың тозу шығыстары мен баланстық құны жер қойнауын пайдалану келісімшарттары карьердің пайдалы қызмет мерзімі аяқталғанға дейін ұзартылады деген болжам негізінде көрсетілді.

Тау-кен активтері мен минералдық қорлардың пайдалы қызметін бағалау мерзімдері. Негізгі құралдардың құрамындағы тау-кен активтері дәлелденген және ықтимал минералды қорлардың негізінде өндірістік әдіспен карьердің пайдалы қызметінің тиісті мерзімі ішінде амортизацияланады.

Кен қорының бағасы кезеңнен кезеңге қарай өзгеруі мүмкін. Бұл Топтың қаржылық нәтижелеріне әсер етуі мүмкін. Қорлардағы мұндай өзгерістер тозудың есептелуіне, активтердің

баланстық құнына және активтерді жою міндеттеме-леріне арналған резервтердің мөлшеріне әсер етуі мүмкін.

Топтың кен қорларының бағасы технологиялық және экономикалық тұрғыдан негізделуі мүмкін және тиісті тау-кен активінен заңды түрде бекітілген құқықтар негізінде өндірілетін өнімнің үздік бағасына сүйенеді. Баға кеннің мөлшері мен сұрыптарын, өндірудің өндірістік технологиялар мен нормаларын, болжамды тауарлық бағалар мен өндірістік шығыстарды қоса алғанда, бірқатар факторлардың ескерілуімен қалыптастырылған.

Кен қорларының бағасы, негізінен, барлау нәтижелері, минералды қорлар және кен қорлары туралы есептіліктің Австралазиялық кодексі негізінде есептеледі («JORC» Кодексі, 2012), ол негізделген болжамдарды қолдануды талап етеді, соның ішінде:

- Дәлелденген және болжамды қорларды, қорларды бағалауды және кеңейту міндеттемелерін қамтитын болашақ өндірістің бағалары;
- Қолданыстағы нарықтық бағаға негізделген болашақ тауарлық бағалар, форвардтық бағалар және Топтың ұзақ мерзімді орташа бағасы; және
- Өндірістің Болашақ ақшалай шығыстары, инвестициялар және қалпына келтіру міндеттемелері.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

3. Есеп саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалар және кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Активтерді жою және қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелерге арналған резервтер. Табиғат қорғау заңнамасына және жер қойнауын пайдалану келісімшарттарына сәйкес Компанияның өзінің операциялық қызметі нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген залалды жою және тау-кен активтері мен қалдықтарды орналастыру полигондарын жою және жұмыстар аяқталғаннан кейін жерді қалпына келтіру жөніндегі заңды міндеттемесі бар.

Резервтер бұрынғы операциялық қызметтің салдарынан міндеттеменің туындауына қарай жою және қайта құнарландыру шығыстарының дисконтталған құны негізінде қалыптастырылады.

Тау-кен активтерін жою және қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелерге арналған резервтер Топтың Қазақстан Республикасының қолданыстағы табиғат қорғау заңнамасын және Топтың келісімшарттық аумақта жер қойнауын пайдалану салдарын жою және қайта құнарландыру жұмыстарын жүргізудің ағымдағы нормалары мен әдістеріне сәйкес техникалық-экономикалық негіздемемен және инженерлік зерттеулермен нығайтылған өзге де операциялық қызмет жөніндегі байланысты бағдарламасын түсіндіруі негізінде айқындалады.

Залалды жою шығыстарының бағасы табиғатты қорғау талаптары мен заңнаманы түсіндіруде ықтимал өзгерістерге ұшырайды.

Активтерді жою және қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелерге арналған резервтер олардың түзілу ықтималдығы және олардың сомаларын дәлелді бағалау мүмкіндігі болған кезде танылады.

Қоршаған ортаны қорғау резерві - жаңа Экологиялық кодекс. 2021 жылы қоршаған ортаға теріс әсер ететін өндірістік объектілерді пайдалану тоқтатылғаннан кейін оларды пайдалану салдарын жоюды талап ететін Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексі (бұдан әрі – «Кодекс») қабылданды. Объектілерді пайдалану салдарын жою тиісті активтердің сипатына және қоршаған ортаға ықтимал әсерге байланысты болады.

Кодекстің талаптары салыстырмалы түрде жаңа болғандықтан, оның ережелерін түсіндіру мен қолдануда белгісіздік бар. Топ алғаш рет 2022 жылғы 31 желтоқсан жағдай бойынша объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді (15-Ескертпе) Кодекстің ағымдағы түсіндірмесі және жүргізілген техникалық талдау нәтижесінде бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер негізінде мойындады.

Топ міндеттемені бағалау кезінде елеулі пайымдауды қолданды. Кодекстегі кез-келген болашақ өзгерістер, оның интерпретациясындағы және қолдану

тәжірибесіндегі өзгерістер Топтың пайымдаулары мен бағаларына әсер етуі мүмкін, сондықтан объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі тиісті міндеттемелерін қайта қарауға әкеп соғуы мүмкін. Мұндай бағалауды жүргізудегі елеулі пайымдаулар инфляция мен дисконттау мөлшерлемелерін және дисконттау кезеңін бағалауды қамтиды. Басшылық дисконттау мерзімін айқындау кезінде объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі іс-шаралар 2074 жылы күтілетін кен орындары толық игерілгеннен кейін жүргізілетін болады деген пайымдауды қолданды. Бағалауда пайдаланылған негізгі жорамалдар 15-Ескертпеде келтірілген.

Топ жүргізген қолданыстағы заңнаманың талдауы негізінде басшылық негізгі құралдардың жекелеген объектілерін 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерден алып тастау керек деген қорытындыға келді, өйткені:

- Мұндай активтер қоршаған ортаға елеулі теріс әсер етпейді;
- Осы объектілердегі өндірістік процестер қоршаған ортаға теріс әсерді азайту мақсатында демонтаждау және қайта құнарландыру жұмыстарын жүргізуді талап ететін салдарға әкеп соқпайды;
- Технологиялық машиналар мен жабдықтар сияқты жекелеген объектілер бойынша оларды есептен шығарудан және/немесе қайта

бейіндеуден жою құнын өтеу мүмкіндігі бар, нәтижесінде қоршаған ортаға теріс елеулі айтарлықтай төмендейді және оларды демонтаждау қажеттілігі туындамайды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің елеулі жорамалдарға сезімталдығын талдау мынадай түрде ұсынылды:

Мың теңгемен	Болжамдардағы өзгерістер	Объектілерді пайдалану салдарын жою бойынша міндеттемелердің азаюы/ұлғаюы
Инфляция мөлшерлемесі	(1%)/ 1%	(1,310,455)/ 2,137,495
Дисконттау мөлшерлемесі	(1%)/ 1%	2,018,736/ (1,246,937)
Жою мерзімі	(10 лет)/ 10 лет	2,414,974/ (1,398,585)

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы. Әрбір есепті кезеңнің соңында Топ олардың ықтимал құнсыздану белгілерін анықтау мақсатында активтерге (ақша ағындарының бірліктеріне) талдау жүргізеді. Басшылық ішкі және сыртқы факторларды талдау негізінде есепті кезеңде құнсыздану белгілерінің жоқтығын анықтады.

Берілген қарыздардың құнсыздануы. Күтілетін кредиттік залалды бағалау дефолт ықтималдығын, қарыз бойынша болашақ ақша ағындарының жиналуын және қалпына келтіру мерзімдерін қоса алғанда, айтарлықтай болжамдарды қолдануды талап етеді. Мұндай болжамдардағы өзгерістер өтелетін құнға немесе осындай активтердің резервтеріне әсер етуі мүмкін. Басшылық болжамдарды үнемі қайта қарайды. Берілген қарыздар бойынша күтілетін кредиттік залал салыстырмалы рейтингісі бар компаниялардың кредиттік тәуекелі негізінде есептелді. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берілген қарыздар 1-Кезеңге жатқызылды. Басшылықтың бұл пайымдауы ERG қызметінің үздіксіздігін бағалауға негізделген.

Қаржылық кепілдіктердің құнын бағалау. Топ қаржылық кепілдіктердің әділ құнын анықтау мақсатында кредиттік своп әдісін қолданады. Қаржылық кепілдік міндеттемесінің әділ құны қарыздың кепілдік берілген сомасының, пайыздық

мөлшерлеменің және тәуекел көрсеткіштерінің есебімен есептеледі. Топ басқа бірлескен кепілгерлермен толық жауапкершілікте болатын кредиттік шарттар мақсатында нарықтық комиссия ұқсас кредиттік рейтингісі бар компаниялардың кредиттік-дефолттық своптарының ескеруімен анықталады және бірлескен кепілгерлер арасында бөлінеді. Бұл Топтың берілген кепілдіктермен байланысты кредиттік тәуекелге ұшырағыш-тығына басшылықтың үздік бағасын білдіреді. Басшылықтың бұл пайымдауы ERG Тобы қызметінің үздіксіздігін бағалауға негізделген.

Кепілдіктердің құны бірлескен кепілгер компанияларының таза активтерінің әділ құны негізінде бірлескен кепілгерлер арасында бөлінеді.

Басшылық Топтың кепілдендірілген міндеттемелерді өтеуге мәжбүр болатынын екіталай деп санайды.

Салық заңнамасы және трансферттік баға белгіленімі туралы заңнама. Қазақстандық салық заңнамасы мен трансферттік баға белгілеу жөніндегі заңнама әртүрлі интерпретацияларға ұшырайды.

Әділ құнмен ескерілетін инвестициялар. Топ кәсіпорындарға қатысты бақыланбайды немесе айтарлықтай әсер етпейді, өйткені Топ олардың қаржылық және операциялық қызметіне қатысты шешім қабылдай алмайды.

Табыс салығы. Топ инвестициялық келісімшарт бойынша шегерілетін шығыстар мен салық салынатын кірістерді есептеуде қолданылатын пайымдаулардағы өзгерістер салдарынан 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға табыс салығы бойынша шығысты түзеткен.

4. Байланысты тараптармен жасалған есеп айырысулар мен операциялар

Бас компания: ақпарат 1-Ескертпеде көрсетілген.

Жалпы бақылаудағы компаниялар: ERG бақылауындағы компаниялар.

Б класындағы Менеджерлердің бақылауындағы компаниялар: Б класындағы Менеджерлер және олардың бақылауындағы барлық компаниялар Б класындағы Менеджерлердің ERG-дің жай акцияларына жанама иеленуінің ету нәтижесінде Топтың байланысты тараптары болып табылады. Б класының Менеджерлері ERG Менеджерлер кеңесінің мүшелері болып табылады.

Мемлекеттік кәсіпорындар: Қазақстан Республикасы және онымен байланысты заңды тұлғалар. Қазақстан Республикасы ERG-ге елеулі ықпал ету негізінде Компанияның байланысты тарабы болып табылады.

Негізгі басшылық; өкілеттіктері бар және Топтың операцияларын жоспарлауға, үйлестіруге және тікелей немесе жанама түрде бақылауға жауапты тұлғалар.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

4. Байланысты тараптармен жасалған есеп айырысулар мен операциялар (жалғасы)

Төменде 2022 жылғы 31 желтоқсан күні байланысты тараптармен жасалған

операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар берілген:

Мың қазақстандық теңгемен	Бас компания	Жалпы бақылауын-дағы компаниялар	Б класындағы Менеджер-лердің бақылауын-дағы компаниялар	Мемлекеттік кәсіпорындар	Негізгі басшылық
АКТИВТЕР					
Әділ және бастапқы құнмен есепке алынатын инвестициялар	-	12,621,999	-	-	-
Берілген қарыздар¹	21,921,895	243,774,834	-	-	-
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	-	2,406,316	3,078,691	3,975,304	-
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	-	22,972,660	145,887	988,811	-
Ақша қаражаты және оның баламалары	-	-	64,049,327	42,282	-
Өзге де айналым активтері	-	-	81,261	-	-
МІНДЕТТЕМЕЛЕР					
Жалдау бойынша міндеттемелер	-	6,996	-	298,289	-
Артықшылықты акциялар бойынша міндеттемелер	5,294,012	-	-	-	-
Қызметкерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер	-	-	-	-	54,715
Қаржылық кепілдіктер	17,282,712	-	-	-	-
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	918,946	26,204,273	336,351	2,059,891	-

2022 жылдың 31 желтоқсан күні жағдай бойынша Топтың белгілі бір шарттар орындалған кезде 2025 жылға дейінгі кезең ішінде жүзеге асырылатын ERG S.àr.l. еншілес кәсіпорны Eurasian Digital Ventures 1 Limited Partnership компаниясына 43

миллион АҚШ долларына (19,893,950 мың теңге) дейін капиталды инвестициялау бойынша өтелмеген міндеттемесі болды (31 желтоқсан 2021 жыл: 58 миллион АҚШ доллары (25,044,400 мың теңге)).

Төменде 2021 жылғы 31 желтоқсан күні байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар берілген:

Мың қазақстандық теңгемен	Бас компания	Жалпы бақылауын-дағы компаниялар	Б класындағы Менеджер-лердің бақылауын-дағы компаниялар	Мемлекеттік кәсіпорындар	Негізгі басшылық
АКТИВТЕР					
Әділ және бастапқы құнмен ескерілетін инвестициялар	-	29,133,179	-	-	-
Берілген қарыздар¹	476,423,592	-	-	-	-
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	-	1,876,480	2,536,428	435,394	-
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	-	30,381,545	299,143	788,996	-
Ақша қаражаты және ақша баламалары	-	-	58,431,386	-	-
Өзге де ағымдағы активтер	-	-	87,243	-	-
МІНДЕТТЕМЕЛЕР					
Жалдау бойынша міндеттемелер	-	-	-	271,897	-
Артықшылықты акциялар бойынша міндеттемелер	5,294,012	-	-	-	-
Қызметкерлерге сыйақы беру міндеттемелері	-	-	-	-	28,890
Қаржылық кепілдіктер	20,891,859	-	-	-	-
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	918,946	19,606,780	287,483	590,553	-

Төменде 2022 жылдың 31 желтоқсан күні аяқталған жылдағы байланысты тараптармен жасалған

операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

Мың қазақстандық теңгемен	Бас компания	Жалпы бақылауын-дағы компаниялар	Б класындағы Менеджер-лердің бақылауын-дағы компаниялар	Мемлекеттік кәсіпорындар	Негізгі басшылық
Түсім	-	1,957,796	9,086	387,944	-
Сатудың өзіндік құны	-	(138,335,962)	(11,501,378)	(27,686,236)	-
Өзге операциялық кірістер	-	3,266,103	11,073	31,417	-
Өзге де операциялық шығыстар	-	(641,187)	(1,229,019)	(108,783)	-
Сату шығыстары	-	(664,215)	(11,305)	(503,510)	-
Зерттеу, бизнесті дамыту және барлау шығыстары	-	(4,580,817)	(777)	(89,686)	-
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-	(50,290,575)	(495,408)	(221,268)	(1,316,631)
Қаржы кірістері	43,966,727	29,214,075	1,180,251	23,950	-
Қаржы шығыстары²	42,661,525	(59,996,309)	11,874,672	(97,389)	-

Төменде 2021 жылдың 31 желтоқсан күні аяқталған жылдағы байланысты тараптармен жасалған

операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

Мың қазақстандық теңгемен	Бас компания	Жалпы бақылауын-дағы компаниялар	Б класындағы Менеджер-лердің бақылауын-дағы компаниялар	Мемлекеттік кәсіпорындар	Негізгі басшылық
Түсім	-	1,695,290	7,147	967,703	-
Сатудың өзіндік құны	-	(109,737,518)	(9,711,272)	(25,704,250)	-
Өзге операциялық кірістер	-	3,376,151	8,754	2,935	-
Өзге де операциялық шығыстар	-	(274,879)	(537,128)	(10,161)	-
Сату шығыстары	-	(809,213)	(4,611)	(411,020)	-
Зерттеу, бизнесті дамыту және барлау шығыстары	-	(1,702,908)	(712)	(35,869)	-
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-	(25,627,455)	(394,259)	(203,885)	(827,106)
Қаржы кірістері	36,790,063	-	915,511	9,088	-
Қаржы шығыстары³	13,303,426	(7,911,712)	2,112,932	(123,858)	-

Топтың негізгі басшылығының сыйақысы:

Топтың негізгі басшылығының сыйақысы	2022 ж.	2021 ж.
Жалақы және өзге де сыйлықақылар	850,844	575,577
Еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылар және өзге де ұзақ мерзімді сыйақылар	(589,254,987)	(458,741,785)
Негізгі басшылықтың жалпы сыйақысының жиыны	1,316,631	827,106

Бас компания. Бас компанияның қалдықтары мен операцияларына, негізінен берілген қарыздар, қаржылық кепілдіктер, қаржы кірістері және қарызға байланысты қаржы шығыстары жатады.

Жалпы бақылаудағы компаниялар. 2022 және 2021 жылдар ішінде Топ, негізінен, ферроқорытпаларды сатты, сонымен қатар, айналым капиталын толықтыру мақсатында қаржы алды. Ферроқорытпалардың бағасы әлемдік нарықтардың бағасына байланысты. Топ материалдарды,

электр энергиясын, басқару қызметтерін сатып алды және демеушілік көмек көрсетті, сонымен қатар, айналым капиталын толықтыру мақсатында қаржы бөлді.

Б класындағы Менеджер-лердің бақылауындағы компаниялар. Б класындағы Менеджерлердің бақылауындағы компаниялармен жүргізілетін есеп айырысу және операциялар, негізінен, Б класындағы Менеджерлердің бақылауымен банк арқылы жүзеге асырылатын қазынашылық операциялар

және сақтандыру қызметтерін білдіреді.

Мемлекеттік кәсіпорындар. Топ мемлекеттік кәсіпорындармен тауарлар мен қызметтерді сатып алуды және сатуды жүзеге асырады. Мұндай мәмілелер, әдетте, нарықтық шарттарда немесе нарықтың барлық қатысушылары үшін белгіленген тарифтер негізінде жүзеге асырылады. Топ табиғи газды жеткізу және тасымалдау қызметтерін, теміржол қызметтерін және электр энергиясын тасымалдау қызметтерін сатып алды.

1. Берілген қарыздар бойынша залалдарды бағалау резерві 10-Ескертпеде көрсетілген

2. Қаржы шығыстарының құрамында бас компанияға берілген 6,644,378 мың теңге сомаға қарыздар бойынша залалды бағалау резервін қалпына келтіру, сондай-ақ берілген қарыздар мен депозиттер бойынша бағамдық айырмадан түсетін кірістер көрсетілген.
3. Қаржы шығыстарының құрамында 1,122,048 мың теңге сомасына бас компанияға берілген қарыздар бойынша залалды бағалау резервін қалпына келтіру, сондай-ақ берілген қарыздар мен депозиттер бойынша бағамдық айырмадан түсетін кірістер көрсетілген.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

5. Негізгі құралдар

Мың қазақстандық теңгемен	Жер	Ғимараттар мен құрылыс-жайлар	Машиналар мен жабдық	Өзгелер	Аяқталма-ған құрылыс	Жиыны
2020 ж. 31 желтоқсандағы құны	5,159,116	226,945,427	352,143,088	29,185,462	193,389,344	806,822,437
Жинақталған тозу	(33,156)	(96,033,809)	(208,037,288)	(14,637,524)	-	(318,741,777)
2020 ж. 31 желтоқсандағы баланстық құн	5,125,960	130,911,618	144,105,800	14,547,938	193,389,344	488,080,660
Түсімдер	143,176	1,109,802	12,219,988	2,506,086	82,841,457	98,820,509
Активтерді жою және қалпына келтіру жөніндегі міндеттемеге арналған резервтегі өзгерістер	-	2,011,671	6,144	-	-	2,017,815
Сатуға арналған активтерге ауыстыру	(5,849)	(749,693)	(75)	-	-	(755,617)
Орын ауыстырулар	29,129	23,535,226	37,147,183	1,532,492	(62,244,030)	-
ТМҚ-ға/ТМҚ-дан ауыстыру	-	(614,839)	614,839	-	9,625,112	9,625,112
Тозу	(25,343)	(15,160,336)	(35,488,803)	(2,490,347)	-	(53,164,829)
Есептен шығару	(65,818)	(988,389)	(78,096)	(2,972)	(68,385)	(1,203,660)
Құнсыздануды қалпына келтіру/(құнсыздану)	-	9,943	(38,425)	-	70,361	41,879
2021 ж. 31 желтоқсандағы құны	5,259,754	246,245,694	396,649,030	32,775,974	223,613,859	904,544,311
Жинақталған тозу	(58,499)	(106,180,691)	(238,160,475)	(16,682,777)	-	(361,082,442)
2021 ж. 31 желтоқсандағы баланстық құн	5,201,255	140,065,003	158,488,555	16,093,197	223,613,859	543,461,869
Түсімдер	466,197	5,183,884	14,783,939	2,998,997	159,352,803	182,785,820
Активтерді жою және қалпына келтіру жөніндегі міндеттемеге арналған резервтегі өзгерістер	-	7,819,788	(5,807)	-	-	7,813,981
Орын ауыстырулар	-	36,564,073	22,782,236	2,186,508	(61,532,817)	-
ТМҚ-ға/ТМҚ-дан ауыстыру	-	-	-	-	(2,486,483)	(2,486,483)
Тозу	(35,334)	(17,999,172)	(36,793,998)	(2,862,655)	-	(57,691,159)
Есептен шығару	-	(273,681)	(59,695)	-	(147,611)	(480,987)
Құнсыздану	-	(264,523)	(448,325)	-	(1,696,459)	(2,409,307)
2022 ж. 31 желтоқсандағы құны	5,725,952	294,990,020	429,224,677	37,297,724	317,103,292	1,084,341,665
Жинақталған тозу	(93,834)	(123,894,648)	(270,477,772)	(18,881,677)	-	(413,347,931)
2022 ж. 31 желтоқсандағы баланстық құн	5,632,118	171,095,372	158,746,905	18,416,047	317,103,292	670,993,734

Аяқталмаған құрылысқа түсетін түсімдер 10,951,222 мың теңге мөлшерінде қарыздар бойынша капиталдандырылатын шығындарды қамтиды (2021 жылғы 31 желтоқсан: 9,155,095 мың теңге). Капиталдандыру мөлшерлемесі 7.67% құрады (2021 жыл: 8.4%).

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтердің баланстық құны 3,331,552 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсан: 3,207,288 мың теңге).

6. Әділ құнды инвестициялар

Компанияның атауы	Тіркеу елі	Қызметі	2022 ж.		2021 ж.	
			Мың теңге	Меншік үлесі, %	Мың теңге	Меншік үлесі, %
Eurasian Digital Ventures 1 Limited Partnership	Қазақстан (АХҚО)	Венчурлық инвестициялау	7,253,881	71.52	23,765,061	69.51
«Business and Technology Services» ЖШС	Қазақстан	ERP-жүйелерін енгізу және қолдау	5,364,899	37.99	5,364,899	37.99
«ENRC Credit» несиелік серіктестігі» ЖШС	Қазақстан	Несиелеу	3,219	0.0016	3,219	0.0016
Әділ құнды инвестициялардың жиыны			12,621,999		29,133,179	

7. Өзге де айналымнан тыс активтер

Өзге де айналымнан тыс активтер, негізінен, негізгі құралдарға берілген ұзақ мерзімді аванстармен және

жалпы сомасы 52,553,678 мың теңгеге тиісті қызметтермен ұсынылған (2021 жылғы 31 желтоқсан: 37,680,522 мың теңге).

8. Тауарлық-материалдық қорлар

Мың қазақстандық теңгемен	2022 ж.	2021 ж.
Сатып алынған шикізат пен материалдар	104,815,253	97,395,832
Аяқталмаған өндіріс	55,891,260	33,748,261
Дайын өнім	35,124,433	15,969,645
Өз өндірісінің шикізаты мен материалдары	22,973,450	29,461,735
Өзгелер	105,425	173,379
Минус: ескірген және өтімсіз тауарлық-материалдық қорлардың резервтері	(12,584,178)	(12,775,301)
Тауарлық-материалдық қорлардың жиыны	206,325,643	163,973,551

9. Сауда және өзге де дебиторлық берешек

Мың қазақстандық теңгемен	2022 ж.	2021 ж.
Алдын ала бағамен ескерілетін сауда дебиторлық берешек	136,234,604	106,104,233
Сауда дебиторлық берешек	17,799,301	16,738,234
Аккредитивтер	7,518,873	7,086,550
Өзгелер	5,463,139	548,981
Минус: залалды бағалау резервтері	(3,111,319)	(666,318)
Қаржы активтерінің жиыны	163,904,598	129,811,680
Алдын ала төлемдер	45,582,882	47,723,984
Өтелетін ҚҚС және өзге де салықтар	40,760,227	21,017,715
Өзгелер	138,252	156,036
Минус: залалды бағалау резервтері	(2,380,049)	(2,068,465)
Қаржылық емес активтердің жиыны	84,101,312	66,829,270
Сауда және өзге де дебиторлық берешектің жиыны	248,005,910	196,640,950

Амортизацияланған құнмен есепке алынатын сауда дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залал:

Мың қазақстандық теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан		2021 жылғы 31 желтоқсан		Баланстық құн
	Жалпы баланстық құн	Күтілетін кредиттік залал	Баланстық құн	Жалпы баланстық құн	
Ағымдағы	7,399,757	(122,779)	7,276,978	13,850,647	(269,597)
3 айдан аз мерзімі өткен берешек	5,475,478	(262,022)	5,213,456	2,419,836	(276,995)
3 айдан 6 айға дейін мерзімі өткен берешек	1,427,762	(279,718)	1,148,044	8,336	(2,382)
6 айдан 12 айға дейін мерзімі өткен берешек	1,788,555	(774,133)	1,014,422	68,273	(37,248)
12 айдан астам мерзімі өткен берешек	163,744	(128,662)	35,082	100,130	(80,096)
Мерзімі өткен берешек, барлығы	8,855,539	(1,444,535)	7,411,004	2,596,575	(396,721)
Ағымдағы және мерзімі өткен берешек	16,255,296	(1,567,314)	14,687,982	16,447,222	(666,318)
Жеке құнсызданған берешек, барлығы	1,544,005	(1,544,005)	-	-	-
Ағымдағы және мерзімі өткен берешек, барлығы	17,799,301	(3,111,319)	14,687,982	16,447,222	(666,318)

10. Берілген қарыздар

Мың қазақстандық теңгемен	2022 ж.	2021 ж.
1 қаңтардағы залалды бағалау резерві	7,054,164	8,176,212
Берілген қарыздар	3,676,869	563,720
Өтелген қарыздар	(602,355)	(260,712)
Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау жорамалдарындағы өзгерістер және келісімшарттық талаптардың өзгеруі	(5,144,977)	(1,425,056)
31 желтоқсандағы залалдарды бағалау резерві	4,983,701	7,054,164

2022 жылғы қаңтарда Топ ERG-дің жалпы бақылауындағы компаниялармен соманы 2,000 миллион АҚШ долларына дейін (немесе осы соманың еуропадағы және/немесе теңгедегі баламасы) (924,980,000 мың теңге) ұлғайту туралы қолданыстағы синдикат-талған кредиттік желіге қосымша келісімге қол қойды. 2022 жылы Топ ERG-дің жалпы

бақылауындағы компанияларға 167 миллион АҚШ долларына (80,302,243 мың теңге) транштар берді.

2022 жылғы қаңтарда Топ ERG-дің жалпы бақылауындағы компаниялармен 1,100 миллион АҚШ долларына дейінгі (немесе осы соманың еуропадағы және/немесе теңгедегі баламасы) (508,739,000 мың теңге) сомаға

жаңа синдикатталған кредиттік желіні ашу туралы шартқа қол қойып, 453 миллион АҚШ доллары (213,969,085 мың теңге) сомасына транштар берді. Шарттың қолданылу мерзімі - 2023 жылғы 31 желтоқсан. Шарт бойынша сыйақы мөлшерле-мелері АҚШ долларымен 5.125 – 5.15%, еуроға 5.125 – 10%, теңгеде 7 – 14%.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

10. Берілген қарыздар (жалғасы)

2022 жылдың шілдесінде Топ синдикатталған кредиттік желілерге теңгедегі сыйақы мөлшерлемесін 7-13% - ға дейін өзгерту туралы қосымша келісімдерге қол қойды. Шарттар бойынша пайыздар шартқа қол қойылған күні жыл сайын төленуі тиіс, егер пайыздар төленбесе, олар капиталдандырылады және негізгі борыш сомасына қосылады. 2022 жылдың қазанында Топ синдикатталған кредиттік желілері аясында келісімшартты 2026 жылға дейін ұзарту туралы қосымша келісімдерге қол қойды.

